Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру үдерісін модельдеу арқылы ЖОО-ында хореографиялық білім берудің біртұтас жүйесінде кәсіби ұтқыр мамандарды даярлаудың негізгі құрамдастары (жүйе құраушылары), олардың өзара байланысы мен өзара әрекеттестігін бейнелейміз. Яғни, әдіснамалық жүйелі тұғырына негізделе, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыруды ЖОО-ында хореографиялық білім берудің барлық кезеңдерін қамтитын, уақыт пен кеңістікте дамиды, студент-хореограф тұлғасын дамытушы білімдік ортада жүзеге асатын біртұтас үдеріс ретінде сипаттауға әркет жасаймыз.

### **Зерттеудің әдістері**

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесінің теориядағы хал-күйін анықтауда зерттеу тақырыбы бойынша

психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және арнаулы әдебиеттерді талдау, жүйеле әдісі пайдаланылды. Жоғары оқу орындарында «Хореография» білім бағдарламасы бойынша мамандар даярлаудың жаппай және озық тәжірибелері материалдары жинақталып, зерделенді, оларға талдау жасалынды. Хореография саласы қызметкерлерінің кәсіби іс-әрекетіне кәсіби ұтқырлық тұрғысынан талдау жасалынып, хореографтың маңызды кәсіби ұтқырлық сапалары анықталды. Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың моделіне өзіндік педагогикалық модельдеу әдісі қолданылды. Мұнда түрлі өнер салалары мамандарының кәсіби ұтқырлығы және мамандарды даярлау сатысында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру әлеуетіне салыстырмалы талдау жасалынды. Модельді құрастыруда абстракциялау, нақтылау, жүйлеу, салыстыру әдістері пайдаланылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың моделін зерттеу нысанын кешенді зерделеуді, оның компоненттерін талдау және құрамдастары арасындағы заңды байланыстарды, студент-хореограф тұлғасының кәсіби ұтқырлық сипаты қалыптасып-дамуының қарапайымдан күрделіге қозғалысын, нәтижеде кәсіби іс-әрекетте өзгерістерге даяр бітіруші тұлғасының қалыптасуын мінездейді [8].

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру міндеттеріне бағдарланған хореографиялық білім беру үдерісін талдау оның мынандай құрамдастарын (компоненттерін) ажыратуға мүмкіндік береді: мақсат, қалыптастыру принциптері, дамуына әсер ететін факторлар, функциялары (қызметтері), міндеттері, ұйымдастыру тиімділігінің психологиялық педагогикалық шарттары, мазмұны, технологиялары, күтілетін нәтижелері.

Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың **мақсаты** – мамандығын, кәсібін ауысуға даяр, инновацияларды, жаңа техника мен технологияларды, іс-әрекеттің ұйымдастырушы формаларын меңгеруге қабілетті, сондай-ақ іс-әрекеттің бір түрінен басқа түріне ауысып қосылу икемділігімен сипатталған болашақ хореограф-маман тұлғасын қалыптастыру.

**ЖОО-ында хореографиялық білім беру жүйесінде студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мынандай функцияларды атқарады:**

– *мотивациялық* (студент-хореографтарды болашақ кәсіби іс-әрекеттің ұдайы қозғалыста екендігін жете пайымдау оң қабылдауға, жылдам өзгерістегі әлеуметтік-кәсіби ортада қызмет жасауға, жаңалықтарды қабылдау, хореографиялық іс-әрекет мазмұнына жаңалықтар енгізу,



кретативтілік пен шығармашылық белсенділік таныту, кәсіби өзін-өзі тану және жетілдіруге, қажет болғанда кәсіби іс-әрекет сипатын өзгертуге, әлеуметтік сатындан көтерілуге мотивациялау);

– *когнитивтік* (студент-хореограф кәсіби ұтқырлықтың мәні мен оның қоғамдық-әлеуметтік маңызы, өзі үшін тұлғалық мағыналығы, хореография саласының жәе шектес өнер салаларының тарихы, қазіргі даму тенденциялары және таяу болашақтағы перспективалары, кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың жалпы заңдылықтары мен прициптері, олардың хореографиялық іс-әрекетте жүзеге асырылуы ерекшеліктері, өзінің кәсіби қызметтегі ұтқырлығын қамтамасыз етудің әдістері мен тәсілдері, өзін-өзі тану, кәсіби өсуін рефлексиялау туралы тәжірибелік бағдарланған білімдерді меңгереді).

– *адаптивтік* (хореографиялық білім беру үдерісінде болашақ маманды кәсіби орадағы өзгерістерге, жаңа сұраныстар, талаптар, бәсекелестік жағдайларына жылдам бейімделуге даярлығын қалыптастыру);

– *жылдамдық пен креативтілікті белсендіру* (хореографиялық білім беру үдерісі болашақ мамандардың жылдамдық (шапшаңдық) сапаларын дамыту міндеттерін шешуге бағдарланады. Студент-хореограф өзгерістерге, жаңалықтарға сай жаңа кәсіби міндеттерді жылдам шешуге, дұрыс шешімдер қабылдау, уақыт ресурстарын ынтайлы пайдалану, өз кәсіби-шығармашылық әлеуетін кәсіби міндеттерде шешуге жұмылдыру, зейінін негізгі мәселелерге шоғырлау, кәсіби міндеттер шешуде басымдықтарды дұрыс белгілеу әрекеттерін меңгереді. Хореографиялық саланың шығармашылық сипаты студент-хореографтардың креативтілік сапасын дамытуға бөгет болмайды, терісінше бұл кәсіби құнды сапаны қалыптастыруда әмбебап, тіпті сала шеңберінен тыс тәсілдерде пайдалануды болжайды. Хореографиялық білім берудегі кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың креативтілік функциясы ойлаудың дәстүрлі және әдеттегі қалыптардан ауытқытын, түбегейлі жаңа идеяларны әзірлеуге, хореографиялық іс-әрекеттің ішкі мәселелерін шешуге даярлықты қалыптастыруды көздейді. Болашақ хореографтарды даярлауда оқыту мазмұны мен процесі студенттердің хореографиялық өнердің, жалпы өнер саласының қазіргі мәселелеріне, осы мәселелерді шешу үшін қазіргі білімдердің қарама-қайшылықтары немесе тапшылығына сезімталдығын дамытуды, бұл мәселелерді тұырымдау, оларды шешудің жолдары іздену, идеялар ұсыну және оларды тексеру, мәселе шешімі нәтижелерін тұжырымдау дағдыларын меңгереді. Барлық өнер салалары сияқты хореография саласы да қоғамдағы әлеуметтік-мәдени үдерістер, мәдениет құндылықтары, адамдардың өнер саласындағы құндылық бағдарлары мен талғамдарына орай өзгерістерге ұшрайды. Болашақ хореографтарды дайындау үдерісі

студенттердің өзгерістер мен байланыты күрделі мәселелерді шешуге даярлықтарын анықтайтын сипаттарды қалыптастыруды.

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру мазмұны студент-хореограф меңгеруі тиіс болған ұтқырлық сапаларын (түйін біліктіліктерді) қамтиды. Бұл сапаларды қалыптастыру бакалавриаттың «Хореография» мамандығы оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

«Хореография» мамандығы оқу бағдарламалары студент-хореографтардың арнаулы (пәндік) кәсіби құзыреттіліктерін және әмбебап (универсал) құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша мақсатты іс-әрекеттерді жобалайды [5]. *Оқу бағдарламасы мазмұнын студент-хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мақсатына бағдарлау үшін:*

Біріншіден, оқу курстары бағдарламалық мазмұнының студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы дидактикалық мүмкіндіктерін анықтау. Яғни, әр бір модуль, әр бір оқу пәнінің студент-хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптасуындағы орнын, мүмкіндіктерін анықтап алу және оны іске асыру жолдарын белгілеу.

Екіншіден, оқу модульдеріне енген *оқу курстарының бағдарламалық мазмұнын кәсіби ұтқырлық факторы тұрғысынан мазмұндік байыту*, яғни пәндік мақсаттарды анықтауда кәсіби ұтқырлық құзыреттіктерін тұжырымдау, пәнді меңгеру аясында қарастырылатын сұрақтарды кәсіби ұтқырлық және оны қалыптастыру мен байланысты мәселелер мен кеңейту.

Үшіншіден, кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыруға арналған инновациялық элективті курс («Хореографтың кәсіби ұтқырлығы») ендіру.

Төртіншіден, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетінің түрлер (курстық және дипломдық жұмыстар), педагогикалық іс-тәжірибе мазмұны арқылы студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды жобалау.

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді талдау және хореографиялық білім берудің ерекшеліктерін ескере отырып, ***болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың мынандай төрт компоненттен құралатындығын*** атап көрсетеміз:

Студент-хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мотивациялық компоненті болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлық факторының маңыздылығын пайымдау, оған жағымды қатынас және өзінде оның сапаларын қалыптастыру мен дамытуға деген саналы ұмтылыс мен міндеттеді.

### **Қорытынды**

Жалпы, ЖОО-ында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың функционалдық-құрылымдық моделі мәдениет және

өнер жоғары оқу орындарында хореографиялық білім беру үдерісін кәсіби ұтқырлық факторына бағдарлау және оны мақсатты жүзеге асырудың функционал бағыттары мен құрамдас бөліктері, олардың өзара байланысы туралы біртұтас көріністі ұсынады. Жасалынған модель ЖОО-ында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың өзекті бағыттарын анықтап, оның эксперименталды әдістемесін құруға негіз болады.

Хореография мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мына ұйымдастырушылық-әдістемелік қадамдарды қамтиды:

1 Кафедра оқытушыларын хореограф-студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға даярлау.

2 «Хореография» білім бағдарламасы студенттерінің кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз ететін маңызды тұлғалық сапалары мен құзыреттіктерінің бастапқы және соңғы деңгейлерін анықтау.

3 «Хореография» білім бағдарламасы оқу пәндері мазмұнының студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әлеуетін анықтау және байыту;

4 Студентер үшін «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсы енгізу;

5 Кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастырудың әдістерін, әдістемелік тәсілдері мен құралдарын жобалау және оларды хореографиялық білім беру ерекшеліктеріне қарай бейімдеп қолдану.

6 Студенттердің оқу өндірісті тәжірибесінде кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыруды жоспарлау және оны жүзеге асыруға өндірістік жағдайлар жасау.

7 Кәсіби ұтқырлық сапалары мен құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған аудиториядан тыс іс-шаралар кешенін жүзеге асыру (жұмыс берушілердің қатысуымен кәсіби тәрбие бағытындағы жұмыстар, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары).

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Биктуганов, Ю. А.** Формирование мобильности педагогов - перспективное направление деятельности Уральского государственного педагогического университета / Ю. А. Биктуганов, Б. М. Игошев // Педагогическое образование в России. – 2013. – № 3. – С. 6–9.

2 **Зеер, Э. Ф.** Социально-личностные компетенции и профессиональная мобильность как целевая ориентация образования / Э. Ф. Зеер, М. В. Кормильцева // Сибирский педагогический журнал. – 2009. – № 10. – С. 72–78.

3 **Фугелова, Т. А.** Профессиональная мобильность как способ социального функционирования человека // III Международная трансдисциплинарная научно-практическая web-конференция «Connect-Universum - 2016» на тему «Цифровое кочевничество как глобальный и сибирский тренд». – Томск : Национальный исследовательский Томский государственный университет, 2017. – С. 276–283.

4 **Пилецкая, Л. С.** Психологические особенности развития профессиональной мобильности личности / Л. С. Пилецкая // Молодой учёный, 2014. – № 3. – С. 798–802.

5 **Тришина, О. Ю.** Психолого-педагогическое сопровождение профессиональной деятельности преподавателя технического вуза : Дис... канд. пед. наук / Ольга Юрьевна Тришина. – Кемерово, 2006. – 185 с.

6 **Бекоева, М. И.** Основные подходы к изучению проблемы профессиональной мобильности студентов / М. И. Бекоева // Молодой учёный, 2014. – № 17. – С. 450–452.

7 **Azizkhanova, D. K.** Formation of Professional Mobility Basis of Future Choreographers in the Process of Studying at the University / Didar K. Azizkhanova, Negmatzhan Sh. Almetov, Sholpan Zh. Turdaliyeva, Akmaral B. Aitzhanova, Gulmira M. Musakhanova // Talent Development. – Vol.12. – No.1. – 2020. – P. 590–608.

8 **Бережная, Е. А.** Развитие основ профессионального творчества будущих хореографов в процессе изучения предметов психолого-педагогического цикла / Елена Анатольевна Бережная // Дисс... канд.пед. наук. – Ростов Н/Д, 2008. – 166 с.

9 **Кульбекова, А. К.** Формирование профессионального мастерства хореографов в вузах и учреждениях культуры и искусств Казахстана: системный подход / Айгуль Кенесовна Кульбекова // Дисс... докт.пед.наук. – М., 2009. – 444 с.

10 **Кушнер, Ю. З.** Методология и методы педагогического исследования (учебно-методическое пособие) / Ю. З. Кушнер – Могилев : МГУ им. А. А. Кулешова, 2001. – 66 с.

#### REFERENCES

1 **Biktuganov, Yu. A.** Formirovaniye mobil'nosti pedagogov - perspektivnoye napravleniye deyatel'nosti Ural'skogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta [Formation of teacher mobility is a promising direction of the Ural State Pedagogical University] / Yu. A. Biktuganov, B. M. Igoshev. In Pedagogicheskoye obrazovaniye v Rossii – Pedagogical education in Russia, 2013. – 3. – P. 6–9.

2 **Zeer, E. F.** Sotsial'no-lichnostnyye kompetentsii i professional'naya mobil'nost' kak tselevaya oriyentatsiya obrazovaniya [Social and personal competences and professional mobility as a target orientation of education] / E. F. Zeer, M. V. Kormiltseva. In Sibirskiy pedagogicheskiy zhurnal – Siberian Pedagogical Journal. – 2009. – 10. – P. 72–78.

3 **Fugelova, T. A.** Professional'naya mobil'nost' kak sposob sotsial'nogo funktsionirovaniya cheloveka [Professional mobility as a way of human social functioning]. In III Mezhdunarodnaya transdistsiplinarnaya nauchno-prakticheskaya web-konferentsiya «Connect-Universum – 2016» na temu «tsifrovoye kochevnichestvo kak global'nyy i sibirskiy trend» [III International transdisciplinary scientific and practical web conference «Connect-Universum - 2016» on the topic «digital nomadism as a global and Siberian trend»]. Tomsk : National Research Tomsk State University, 2017. – P. 276–283 [in Russian].

4 **Piletskaya, L. S.** Psikhologicheskiye osobennosti razvitiya professional'noy mobil'nosti lichnosti [Psychological features of the development of professional mobility of the individual] / L.S. Piletskaya. In Molodoy uchonyy – Young Scientist, 2014. – 3. – P. 798–802.

5 **Trishina, O. Yu.** Psikhologo-pedagogicheskoye soprovozhdeniye professional'noy deyatel'nosti prepodavatelya tekhnicheskogo vuza [Psychological and pedagogical support of the professional activity of a teacher of a technical university]. Thesis of Candidate. – Kemerovo, 2006 [In Russian].

6 **Bekoeva, M. I.** Osnovnyye podkhody k izucheniyu problemy professional'noy mobil'nosti studentov [Basic approaches to the study of the problem of professional mobility of students] / M. I. Bekoeva. In Molodoy uchonyy – Young Scientist, 2014. – 17. – P. 450–452.

7 **Azizkhanova, D. K.** Formation of Professional Mobility Basis of Future Choreographers in the Process of Studying at the University / Didar K. Azizkhanova, Negmatzhan Sh. Almetov, Sholpan Zh. Turdaliyeva, Akmaral B. Aitzhanova, Gulmira M. Musakhanova. In Talent Development, 2020. – 12, 1. – P. 590–608.

8 **Berezhnaya, E. A.** Razvitiye osnov professional'nogo tvorchestva budushchikh khoreografov v protsesse izucheniya predmetov psikhologo-pedagogicheskogo tsikla [Development of the foundations of professional creativity of future choreographers in the process of studying subjects of the psychological and pedagogical cycle]. Thesis of Candidate. – Rostov on Don [in Russian].

9 **Kulbekova, A. K.** Formirovaniye professional'nogo masterstva khoreografov v vuzakh i uchrezhdeniyakh kul'tury i iskusstv Kazakhstana : sistemnyy podkhod [Formation of professional skill of choreographers in

universities and institutions of culture and arts of Kazakhstan : a systematic approach]. Doctor's thesis. – Moscow [in Russian].

10 **Kushner, Yu. Z.** Metodologiya i metody pedagogicheskogo issledovaniya : Uchebno-metodicheskoye posobiye [Methodology and methods of pedagogical research : Teaching aid]. – Mogilev : Moscow State University after named A. A. Kuleshov [in Russian].

Материал 10.12.21 баспаға түсті.

\*Д. К. Азизханова<sup>1</sup>, Н. Ш. Алметов<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова,

Республика Казахстан, г. Шымкент.

Материал поступил в редакцию 10.12.21.

## ФУНКЦИОНАЛЬНО-СТРУКТУРНАЯ МОДЕЛЬ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ МОБИЛЬНОСТИ БУДУЩИХ ХОРЕОГРАФОВ

*Статья посвящена проблеме формирования профессиональной мобильности в подготовке будущих специалистов-хореографов. Обоснована актуальность формирования профессиональной мобильности студентов образовательной программы «Хореография». На основе анализа литературы определены общепедагогические условия и задачи формирования профессиональной мобильности. Выдвигается идея о том, что педагогическое моделирование формирования профессиональной мобильности будущих хореографов позволяет создать и реализовать этот процесс как целостную систему. Представленная в исследовании модель имеет функционально-структурный характер. Анализ процесса хореографического образования, ориентированного на задачи формирования профессиональной мобильности у студентов-хореографов позволил выделить его такие компоненты: задач, психолого-педагогические условия эффективности, факторы развития, содержание, технологии, ожидаемые результаты. Разработанная модель отражает указанные компоненты. В статье сформулирована цель формирования профессиональной компетентности будущих хореографов, а также выделены следующие его функции: мотивационный, когнитивный, адаптивный, активизации оперативности и креативности, воспитание качеств*

*мобильности, стимулирования непрерывного профессионального роста, самообразования и самовоспитания, динамизма и гибкости в освоении видов профессиональной деятельности, формирование гибких навыков будущего хореографа. Уточнены задачи формирования профессиональной мобильности будущих хореографов. Дана характеристика факторов формирования профессиональной мобильности будущего хореографа. В качестве принципов формирования профессиональной мобильности будущих хореографов выделены: целостности и поэтапности; универсальности; креативности; коммуникативности; проектирования; разновидности кругов деятельности и их расширения. Анализ литературы по теме исследования и передовой вузовской практики позволили определить педагогические условия формирования профессиональной мобильности у будущих хореографов.*

*Ключевые слова: профессиональная мобильность, будущий хореограф, образовательная программа «Хореография», формирование профессиональной мобильности, педагогическое моделирование, функционально-структурная модель*

*\*D. K. Azizkhanova<sup>1</sup>, N. S. Almetov<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>M. Auezov South Kazakhstan University,*

*Republic of Kazakhstan, Shymkent.*

*Material received on 10.12.21.*

## **FUNCTIONAL AND STRUCTURAL MODEL OF THE FORMATION OF PROFESSIONAL MOBILITY OF FUTURE CHOREOGRAPHERS**

*The article is devoted to the problem of the formation of professional mobility in the training of future choreographers. The relevance of the formation of professional mobility of students of the educational program «Choreography» is substantiated. Based on the analysis of the literature, the general pedagogical conditions and tasks of the formation of professional mobility are determined. The idea is put forward that pedagogical modeling of the formation of professional mobility of future choreographers allows creating and implementing this process as an integral system. The model presented in the study has a functional and structural character. The analysis of the process of choreographic education focused on the tasks of forming professional mobility among choreographer students allowed us to identify its components: tasks, psychological and pedagogical conditions of*

*effectiveness, development factors, content, technologies, expected results. The developed model reflects these components. The article formulates the purpose of forming the professional competence of future choreographers, and also highlights the following functions: motivational, cognitive, adaptive, activating efficiency and creativity, fostering the qualities of mobility, stimulating continuous professional growth, self-education and self-education, dynamism and flexibility in the development of professional activities, the formation of flexible skills of a future choreographer. The tasks of forming the professional mobility of future choreographers are clarified. The characteristic of the factors of formation of professional mobility of the future choreographer is given.*

*Keywords: professional mobility, future choreographer, educational program «Choreography», formation of professional mobility, pedagogical modeling, functional and structural model*

<https://doi.org/10.48081/YEXZ7466>

**\*М. Ж. Ақышева<sup>1</sup>, Д. М. Боранкулова<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

## **ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БЕЙНЕ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ**

*Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттары – жан-жақты, шығармашылық қабілетті, танымдық қызығушылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін оқушылардың өз бетінше ойлау қабілетін дамыту қажет. Таным үдерісіне деген қызығушылық оқушының бойында кез-келген сабаққа шабыт пен шығармашылық белсенділік қабілетін оята алады. Танымдық белсенділікті ынталандыратын, пәнге қызығушылығын күшейтетін және білім сапасын арттыруға ықпал ететін білім беру әдістеріне, құралдары мен формаларына ерекше назар аудару маңызды.*

*Қазіргі кезде қоғамның ақпараттық сипатқа ие болуы негізінде галамдық ақпараттық үдерістерге ілесуінің мәні зор. Сондықтан білім беру формалары мен әдістеріне деген көзқарас өзгере бастады. Оқытуды ақпараттандыру мен оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану білім беру жүйесінде маңызды болып табылатын мәселелердің біріне айналуда. Бүгінгі таңда қоғам үшін бастамашыл, шығармашыл, шешім қабылдауда батыл адамдарды тәрбиелеу өте маңызды. Жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін оқушылардың өз бетінше ойлау қабілеттерін дамыту қажет. Егер де осы аталғандарды оқушылар бойында жеткілікті деңгейде дамыта алсақ, олар өз бетінше жаңа білімдерді, дағдыларды табысты меңгеруді, қажетті ақпаратты игеру үдерісін дербес ұйымдастыра алады.*

*Кілтті сөздер: Танымдық қызығушылық, таным процесі, қоғамның ақпараттық сипаты, оқытуды ақпараттандыру, бастамашыл, дербес ұйымдастыру.*

### **Кіріспе**

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі – өкілдері бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған ғана емес, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру [1].

Оқушыларға эмоционалды түрде әсер ететін бейне жазбаларды көрсету – оларды оқыту мен тәрбиелеу барысында оқушының танымдық қабілеттерін дамытуға, білім мен дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Күнделікті сабақта қолданылатын бейне материалдарды 3 топқа бөліп қарастыра аламыз:

*Бейнефильмдер* – тұтас бейне материал. Оның маңызды дидактикалық функциясы - жаңа білімді жеткізу және оны мұғалімнің сөзін иллюстрациялап, көрнекіліктермен түсіндіргенін растап орындайды. Кейбір фильмдер дербес білім көзі бола алады. Әсіресе географиялық немесе экономикалық-географиялық нысандар туралы ғалымдардың фильмдері. Оларда көптеген нақты материалдар бар.

*Бейнеүзінділер* – әр түрлі танымдық бейнелерден тұратын бейнеклиптер. Оларда 5 минутқа дейінгі демонстрациясы бар болуы тиіс. Бұл фрагменттер емес, аяқталған шағын фильмдер. Олардың әрқайсысы бағдарламаның бір мәселесіне арналған. Бейне фрагменттері түсінікті, материалды ашуда жанама ойларды қамтымайды. Олар сабаққа оңай енгізіледі, білім көзі ретінде немесе мұғалімнің сөзіне иллюстрация бола алады.

*Телехабарлар* – телевизияның тиімділігі жоғары болғандықтан, география сабағында телебағдарламаларды қолдану мектеп оқушыларын сирек кездесетін табиғат құбылыстарының, тарихи оқиғалардың, жаңа географиялық объектінің қалыптасуына куә болады. Теледидар экранында болып жатқан оқиғаны оқушы дәл қазір болып жатқан жағдай ретінде қабылдайды. Нәтижесінде «қатысудың әсері» пайда болып, көрермен экранда болып жатқан оқиғаның қатысушысына айналады. Осының арқасында тасымалдау материалына қызығушылық артады [2].

Оқушылардың танымдық қызығушылығының негізі – олардың әлем туралы жаңа білімдері болып табылады. Бұл жұмысты жүйелі ұйымдастыру мектеп оқушыларының оқу үрдісі барысында берік білімге жете алуына мүмкіндік береді. Л. С. Выготский танымдық қызығушылық кез-келген оқушының жеке басын жан-жақты дамытудың негізі деп айтқан. Бұл ұғымды «әрбір оқушының өміріндегі әлемдік маңызы» бар деп түсіндіреді. Қалыптастыру мен дамытуға бағытталған танымдық тапсырмалар оқушылардың бойында сұрақ қоя білу, қоршаған әлемді

сезіну, эксперименттер жүргізу, құбылыстардың себептерін анықтай алу дағдыларын қалыптастырады [3].


### Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Жеке тұлғаның мақсат қою мотиві мен қозғаушы күші ретінде оқушының қалыптасуына, оның сабаққа деген танымдық қызығушылығын оята білу арқылы жаңа материалды тиімді түрде игертуге болады. Осы орайда мұғалімнің негізгі міндеті – табиғат құбылыстары мен физикалық объектілерінің ең оңтайлысын таңдай білу. Заман талабына сай интернет (ғаламтор) сайттарда әлемнің әр түрлі бөліктерінде түсірілген әдемі сюжеттерді кездестіре аламыз, алайда тақырыпты толық мазмұнын дәл сипаттай алатын тұстарын саралап алуды да ұмытпауымыз қажет [4].

Бейнефильмдер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыруға, тақырыпты жақсы меңгеруге көмектеседі. География сабағында нақты тақырыпқа байланысты фильмдерден үзінділер жасау мұғалім үшін көп күш пен уақытты талап етеді, алайда сапалы жасалған үзінділер оқу нәтижелеріне қол жеткізуді айтарлықтай жеңілдетеді. Себебі оқушыларға табиғаттың барлық құрамбөліктерін, яғни: үдерістер мен құбылыстардың физикалық пайда болу себептерін, табиғи аймақтардың ерекшеліктерін, аумақтың өсімдіктер мен жануарларын көрсету барысында ең тиімді әдіс болып саналады [5].

География сабақтарында бейнефильмдерді қолдану әдістемесін құру арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту. Бұл мақсатқа жету үшін келесі тұжырымдамалар ұсынылады: географиялық табиғат құбылыстарын сипаттайтын фильмдердің фрагменттерін таңдап алу; сабақта қолдану үшін фильмдердің үзінділеріне сұрақтар құрастыру; жұмыс тақырыбы бойынша әдістемелік әдебиеттерді оқу; сабақ тақырыбына қатысты көркем фильмдердің тізімін анықтау; отандық және шетелдік кино индустрия саласына зерттеулер мен жүйелеу жасау және т.б. Нақты тақырыпқа қатысты сәтті таңдалған бейнефильмнен үзінді оқушыға сыныптан шықпай-ақ теңіз дыбысын, жанартаудың атқылауын, құстардың әндерін, орман дыбыстары немесе тіпті өндірістік үдерістерді елестетуге көмектеседі [6].


Нақты мысалдар келтіретін болсақ, 8 сыныпқа арналған география оқулығында «Елтану және саяси география негіздері» бөлімінде «Дүниежүзінің саяси картасы» тақырыбына мына сілтемеде (<https://www.youtube.com/watch?v=0wJoTeeJUcY>) берілген видеоматериалды оқушыларға жаңа сабақты түсіндіру барысында қолдануға болады.



Сурет 1 – Бейнеүзінді

Оқушылар бейнематериалмен танысып болғаннан кейін, видео барысында кездескен жаңа ақпараттармен «сабақты бекіту» кезеңінде тест тапсырмаларымен жұмыс жасай алады. Сілтеме төменде берілген.

<https://wordwall.net/ru/resource/22976847/%d1%82%d0%b5%d1%81%d1%82>



Сурет 2 – Бекітуге арналған тест (авторлық құрастыру)

«Бірнеше рет естігенше, бір рет көрген артық» деп халық даналығы айтқандай, оқушыларға мұғалімнің өзге елдің табиғатын ауызша сипаттағаннан қазіргі заман талабына сай видеолар арқылы көрсету тиімді.

### Нәтиже мен талқылаулар

Бейне материалдарды қолданудың екі көзқарас (аспект) бар, олар: техникалық және әдістемелік. Әдістемелік сипатта: 1) бейне материалды қолдануға дайындық; 2) сабақта бейне материалмен жұмыс; 3) бейне материалдарды көргеннен кейін жұмыс жасау. Ал техникалық сипатта: географиялық-мультимедиялық кабинет. Кабинет арнайы құрал-

саймандармен жабдықталуы тиіс (электрондық оқулық, электрондық тақта, камера 360, гугл мапс және т.б.) [7].

Күнделікті сабақта жаңа технологияның әр түрлі әдістерін қолдану оқушылардың оқу пәніне деген қызығушылығының артуына әкеледі. Оған дәлел ретінде төмендегілерді атап өтсек болады:

– Бейне материалды қарау кезінде оқушылар жаңа ақпараттармен танысады (жаңа сөздер, жануарлар мен өсімдіктер, географиялық объектілер және т.б.);

– Қаралған бейне жазба бойынша сұрақтар мен жауаптары бар жазбалар құрастыру қажет;


– Оқушылар жаңа ақпаратпен танысып болған соң, оны жергілікті жермен, өмірмен байланыстыра алуын қадағалау;

– Бейне ақпарат елдер мен құрлықтар туралы қызықты фактілер бөлімін құруға қатысады;

– Бейне дәрістер бойынша жазбалар жазуға, өз ойларын түсіндіруге болады [8]. Бұл жұмыс әдісін қолдана отырып оқыту, шағын мотивацияланған топтар немесе жеке жаттығулар үшін тиімді және олар оқушылар бойында ұзақ жылдар бойы сақталады.

Бейнематериалдарды сабақта қолданудың әр түрлі әдістері бар. Әдістер жаңа материалды зерттеу кезеңінде, өткен тақырыпта қайталау мақсатында, жаңа алған білімді жүйелеу үшін қолданылады [9]. География сабағында қолданылатын бейне материалдарға нелерді жатқызуға болады? Олар: бейнефильмдер, бейнеүзінділер, телехабарлар, видеороликтер, жаңа ақпараттық технологиялар (*MindMeister, Google images, Google Maps, Thinglink, Google Earth, Quizlet.com, Xmind, PascalABC және т.б.*) жатады. Мысалы, MindMeister – миға шабуыл мен ақыл-ойды бейнелеуге арналған ментальды карталар жасауға арналған. Мұнда аудио файлдар, графикалық кескіндерді қосуға және өзгертуге болады. Мысалға 8 сынып география оқулығында «Атмосфера» бөлімшесінде «Климат түзуші факторлар» тақырыбына осындай ментальды карталар жасауға болады [10].

Айта кету керек бұл технологиялардың барлығын бір сабақта бірдей қолданып оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын жоғалтып алуға болмайды. Сол үшінде мұғалім өзі саралап, нақты тақырыпты аша алатын, оқушылардың ойын басқа жаққа аударып жібермейтіндей, уақыт межесінен аспайтын, оқушыларға түсінікті, сабақты жан-жақты сипаттай алатын, оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп, осы аталғандарды басшылыққа ала отырып, күнделікті сабаққа қажетті бейне материалдарды жинақтау қажет [11].



Сурет 3 – Ментальды карта

### Қорытынды

Қорытындылай келе бейне үзінділерінің көмегімен оқушылардың кез келген физикалық құбылыстар мен ерекшеліктердің пайда болу себептері туралы білімі мен түсінігін кеңейту, тереңдету мүмкіндігі ие болып отыр. Оқытушы бейнематериалдарды мектеп бағдарламасының талаптарына сай байланыстыра отырып сабақтың барлық кезеңінде қолдана алады. Бейне материалдарды оқушылардың сабаққа деген танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында қолдануды талдай отырып келесідей қорытындылар жасауға болады:

– Оқушылардың оқу үрдісіне деген ынтасы мен танымдық белсенділігін арттырады;

– Оқушылардың жаңа материалды түсіну кезіндегі өздері фильмдерді қолдануға деген ұмтылысын күшейтеді;

– Сабақта психологиялық жағдаймен қатар, мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас жақсарта түседі;

– Оқу үрдісінің тиімділігі мен нәтижеге бағытталуын арттырады.

Осы аталғандар география сабағындағы оқу үрдісінің тиімділігі мен оқушылардың пәнге деген ынтасын айтарлықтай арттыруына өз үлесін тигізеді.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // «Егемен Қазақстан», 2012 жылғы 15 желтоқсандағы № 828–831.

2 География сабағында бейне материалдарды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру құралы ретінде [Электрондық ресурс]. – URL: <https://nsportal.ru/shkola/geografiya/library/2018/11/08/statya-ispolzovanie-videomaterialov-na-urokah-geografii-kak>

3 **Вygotskii, L. S.** Современная культурно-историческая психология: Проблемы развития личности в изменчивом мире УО «Гомельский государственный университет им. Ф. Скорины», 2014. – 330 с.

4 **Бизяева, Н. В.** Информационно-компьютерные технологии на уроке окружающего мира // Журнал – 2009. – № 2. – С. 48–50.

5 **Баранский, Н. Н.** Методика преподавания экономической географии / Н. Н. Баранский. – методический материал. Изд. 2-е, перераб. – 1990. – 304 с.

6 **Барешева, Ю. Г.** Использование средств обучения в преподавании географии / Ю. Г. Барышева, М. Б. Вестицкий, Т. В. Григорьева. – 1999. – 159 с.

7 **Вестицкий, М. Б.** Технические средства в обучении географии пособие для учителя / М. Б. Вестицкий. – 1977. – 144 с.

8 **Голов, В. П.** Средства обучения географии и условия их эффективного использования / В. П. Голов. – 1987. – 222 с.

9 **Ермилова, Е. Б.** Визуализация процесса обучения и развития творческих способностей / Е. Б. Ермилова. – 2002. – № 3. – С. 67–71.

10 Ментальды карта [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.mindmeister.com/1658530067#>.

11 **Никонов, О. В.** Функция учителя географии в условиях применения компьютерных технологий / О. В. Никонов. – 2010. – № 5–6. – С.104–110.

## REFERENCES

1 «Qazaqstan-2050» Strategiasy qalyptasqan memlekettiñ jaña sаяsi baғыtu» Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti – elbasy N. Ä. Nazarbaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldauy [«Strategy «Kazakhstan-2050» – a new political direction of the established state» President of the Republic of Kazakhstan – President Nursultan Nazarbayev’s Address to the People of Kazakhstan] «Egemen Qazaqstan». – 2012 jylғы 15 jeltoqsandaғы. – № 828-831.

2 География сабағында бейне материалдарды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру құралы ретінде [The use of video materials in geography lessons as a tool to increase the cognitive activity of students] [Electronic resource]. – URL: <https://nsportal.ru/shkola/geografiya/library/2018/11/08/statya-ispolzovanie-videomaterialov-na-urokah-geografii-kak>

3 **Vygotskii, L. S.** Современная культурно-историческая психология : Problemy razvitiya lichnosti v izmenchivom mire [Modern cultural and historical psychology :

Problems of personality development in a changing world]. – УО «Gomelskii gosudarstvennyi universitet im. F. Skoriny». – 2014. – 330 p.

4 **Bizyeva, N. V.** Informacionno-kompternye tehnologii na uroke okrujaego mira [Information and computer technologies in the lesson of the world around us]. In Jurnal. – 2009. – № 2. – P. 48–50.

5 **Baranskii, N. N.** Metodika prepodavaniya ekonomicheskoi geografii [Methods of teaching economic geography] metodicheskii material İzd. 2-e, pererab. – 1990. – 304 p.

6 **Barysheva, G.** İspolzovanie sredstv obucheniya v prepodavanii geografii [Use of means of teaching geography]. G. Barysheva, M. B. Vestiskii, T. V. Grigoreva. – 1999. – 159 p.

7 **Vestiskii, M. B.** Tehnicheskie sredstva v obuchenii geografii posobie dla uchitelya [Techniques for teaching geography manual for teachers]. M. B. Vestiskii. – 1977. – 144 p.

8 **Golov, V. P.** Sredstva obucheniya geografii i uslovia ih effektivnogo ispolzovaniya [Means of studying geography and conditions of their effective use] V. P. Golov. – 1987. – 222 p.

9 **Ermilova, E. B.** Vizualizasiya prosessa obucheniya i razvitiya tvorcheskikh sposobnostei [Visualization of the learning process and the development of creative abilities] E. B. Ermilova. – 2002. – № 3. – P. 67–71.

10 Mentaldy karta [Mental map] [Electronic resource]. – URL: <https://www.mindmeister.com/1658530067#>.

11 **Nikonov, O. V.** Funksiya uchitelya geografii v usloviyah primeneniya kompternih tehnologii [The function of a geography teacher in the application of computer technology] O. V. Nikonov. – 2010. – № 5–6. – P. 104–110.

Материал 10.12.21 баспаға түсті

\*М. Ж. Ақишева<sup>1</sup>, Д. М. Боранкулова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 10.12.21.



## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВИДЕОМАТЕРИАЛОВ В ФОРМИРОВАНИИ ОСНОВНЫХ ИНТЕРЕСОВ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ

*Основные цели системы образования – формирование разносторонней творческой личности с высокими познавательными интересами. Чтобы воспитать такую личность, необходимо развивать у учащихся способность мыслить самостоятельно. Интерес к познавательному процессу может вдохновить учеников на любое занятие и творческую деятельность. Особое внимание следует уделять методам, инструментам и формам обучения, которые стимулируют познавательную деятельность, повышают интерес к предмету и способствуют повышению качества обучения.*

*В настоящее время обществу важно быть в курсе глобальных информационных процессов, исходя из его информационного характера, поэтому отношение к формам и методам обучения начало меняться. Информатизация обучения и использование информационных технологий в образовательном процессе становится одним из важнейших вопросов в системе образования. Сегодня обществу очень важно воспитать в принятии решений инициативных, творческих и смелых людей. Чтобы воспитать такую личность, необходимо развивать у учащихся способность мыслить самостоятельно. Ожидается, что они смогут самостоятельно организовать процесс усвоения необходимой информации. Ожидается, что, если мы сможем развить их на достаточном уровне у студентов, они смогут самостоятельно приобретать новые знания, навыки, самостоятельно организовывать процесс получения необходимой информации.*

*Ключевые слова: познавательный интерес, познавательный процесс, информационная природа общества, информатизация обучения, инициативность, независимая организация.*

\*M. J. Akisheva<sup>1</sup>, D. M. Borankulova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty.  
Material received on 10.12.21.

## THE USE OF VIDEO MATERIALS IN THE FORMATION OF STUDENTS ' CRITICAL INTERESTS IN GEOGRAPHY LESSONS

*The main goals of the education system are the formation of a versatile, creative individual with high cognitive interests. To cultivate such an individual, it is necessary to develop students' ability to think independently. Interest in the cognitive process can inspire students to any lesson and creative activity. Particular attention should be paid to methods, tools and forms of education that stimulate cognitive activity, increase interest in the subject and contribute to improving the quality of education.*

*Nowadays, it is important for society to keep abreast of global information processes on the basis of its informational nature. Therefore, attitudes towards forms and methods of education have begun to change. Informatization of teaching and the use of information technology in the educational process is becoming one of the most important issues in the education system. Today it is very important for the society to bring up enterprising, creative and courageous people in decision-making. To cultivate such an individual, it is necessary to develop students' ability to think independently. It is expected that if we can develop these at a sufficient level in students, they will be able to independently acquire new knowledge, skills, independently organize the process of acquiring the necessary information.*

*Keywords: cognitive interest, cognitive process, informational nature of society, informatization of education, initiative, independent organization.*

<https://doi.org/10.48081/IHDM7311>

**\*С. К. Баугубенова<sup>1</sup>, Л. Б. Диярова<sup>2</sup>, А. Г. Жахиена<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Қазақстан Республикасы, Орал қ.

### **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ**

*COVID-19 короновирустық инфекцияның таралуына байланысты пандемия жағдайы дүние жүзі бойынша білім беру жүйелеріне әсер етті. Берілген мақалада Қазақстанның университеттерінде қазіргі заманғы білім берудің негізгі аспектілері, білім беруді цифрландырудың өзекті мәселелері қарастырылған, атап айтқанда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің COVID-19 пандемия жағдайына байланысты күндізгі бөлімде оқитын білім алушыларды қашықтан оқытуға көшу тәжірибесі ұсынылды.*

*Зерттеудің мақсаты білім беру ортасын трансформациялау жағдайында сапалы білім беру процесін қамтамасыз ету үшін педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамытудың негізгі бағыттарын айқындау болып табылады. Зерттеудің өзектілігі қоғамды цифрландыру жағдайында бейімделу үшін білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын анықтау қажеттілігімен байланысты. Зерттеудің жаңалығы мақалада педагогикалық технологияларды кешенді қолдануда цифрлық құзыреттілік элементтерін анықтау тәсілі қолданылатындығымен анықталады.*

*Білім алушыларды қашықтан оқыту үшін білім беру платформаларымен қамтамасыз ету мәселесі және online (онлайн) режимде сабақтар өткізудің жаңа нысаны қозғалады. Пандемия жағдайы білім беру процесіне қалай әсер еткені қарастырылады. Сонымен қатар, қолданылатын білім беру платформаларының мақсаты мен міндеттері, олардың қолданылу тиімділігі атап айтылған.*

*Кілтті сөздер: білім беру ортасы, цифрландыру, трансформация, қашықтан оқыту, COVID-19, пандемия, білім беру платформалары.*

### **Кіріспе**

XXI ғасыр – интерактивті ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қарқынды даму уақыты. Бұл процесс адам өмірінің барлық салаларын жақсартуға, соның ішінде білім беру жүйесін жаңартуға бағытталған. Ақпараттық цифрлық технологиялар білім алушылардың өзіндік білім алуына, тұлғаның дамуының басым бағыттарына, білім беру мақсатына сәйкес оқыту формаларының рөлін арттыруға мүмкіндіктер туғызады [1].

ҚР-ның алғашқы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жарияланған болатын. Бағдарламаның мақсаты инновациялық экономиканы қалыптастыру. Цифрлық технологиялар көптеген елдердің экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие.

Заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін жедел игеріп, кәсіби шеберлікті ұштап отыру оқытушының басты парызы. Зерттеудің өзектілігі қазіргі заманғы жоғары оқу орындарында білімнің ерекшелігін, әсіресе білім беру процесіне инновациялық технологияларды енгізуді ескере отырып, студенттермен жұмыс сапасын арттыру әлеуетін қарастыруға мүмкіндік береді [2].

Қазіргі уақытта білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтан оқыту. Қашықтан оқытудың теориялық және практикалық аспектілері А. Н. Тихонов, Е. С. Полат, Р. М. Деллинг, М. Дж. Мур, М. Ю. Бухаркин, В. Г. Кинелев, М. В. Моисеева, В. И. Овсянников, В. И. Солдаткин, А. В. Хуторский, С. А. Щенников, Т. Х. Хакимова, Ж. Х. Спабекова, Ш. А. Курманбаева, К. А. Тулентаева және т.б. сияқты шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылды. Қазіргі таңда бұл тақырыптың өзектілігін жоққа шығаруға болмайды, сондықтан осы мақалада қашықтан оқытудың веб-ортасы қарастырылады [3].

Әлем бойынша коронавирус ауруының кең таралуына байланысты, 2020 жылдың көктем айынан бастап жоғары оқу орындары дәстүрлі білім беруден қашықтан оқытуға жаппай көшірілді. 2020 жылдың 13 наурыздағы жағдай бойынша 61 елде, яғни Африка, Азия, Еуропа, Таяу Шығыс, Солтүстік Америка және Оңтүстік Америка мектептері мен университеттерінің жабылуын жариялады және жүзеге асырды [4]. Дүние жүзі бойынша университеттердің көпшілігі онлайн режимде оқыды.

Осылайша, бұл мақалада жоғары білім берудің тиімді тәжірибесінің қағидалары қарастырылады.

### **Материалдар мен әдістер**

Көптеген университеттер өздерінің оқу платформаларын пайдалануының нәтижесінде оқу процестері едәуір жеңілдетілді. Эпидемиологиялық жағдайға байланысты жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары дәстүрлі, онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) оқыту формаларын қолданып келеді. Бұл білім алушыларды оқытуға және қашықтан басқаруға мүмкіндік беретін көптеген білім беру платформалары мен технологияларының тиімді пайдалануымен іске асты. Пандемия жағдайына байланысты қашықтықтан оқытуға көшу барлық білім беру платформалары үшін керемет сынақ болды, олардың оң және теріс ерекшеліктері анықталды. Қашықтықтан оқыту барысында Microsoft Teams, Zoom, Skype, Moodle сияқты білім беру порталдары мен корпоративті платформалар жүзеге асырылып келеді. Moodle платформасы университеттегі оқу процесін ұйымдастыру мақсатында арнайы жасақталған, сонымен қатар оқытушылар мен студенттерге электронды платформаларға кіруге жағдай жасалынған. Microsoft Teams, Zoom және Skype платформаларына талдау жасайтын болсақ, олар дәрістер үшін өте қолайлы екенін атап кетуге болады, ақпараттың үлкен көлемін бекіту қажет болған кезде, оқытушы мен білім алушылар арасында тікелей байланыс орнатуда семинарлар өткізуге ыңғайлы.

Оқыту құралы ретінде видео-сабақтар оCamPortable, Bandicam, NuserCam сияқты арнайы бағдарламалардың көмегімен түсіріліп, YouTube арнасына немесе Google Диск-ке сілтеме беру арқылы қолданылып келеді. YouTube білім алушылар арасында өте танымал, әлемдегі ең ірі видео-хостинг, дүние жүзі бойынша 2 миллиард қолданушысы бар. YouTube арнасына кез-келген көлемдегі видеоматериалды жүктеуге болады. Интернет көзіне қолжетімді білім алушылар кез-келген ыңғайлы уақытта материалды көре алады. Видео-сабақтар арқылы оқыту әдістерін қолдану оқытушының тренинг сабақтарын өткізуге, сонымен қатар білім алушылардың орындаған тапсырмаларын тексеру үшін өте қажетті құрал болып табылады.

Қазіргі уақытта Google қосымшасының бірі Класс – оқу үдерісін басқару жүйесі ретінде қолданылады, өйткені онлайн курстар құруға, тапсырмаларды үлестіруге және білім алушылардың жұмыстарына түсініктеме жазуға мүмкіндік береді [5].

### **Нәтижелер және талқылау**

Осылайша, қашықтықтан оқытуға арналған жоғарыда аталған барлық платформалар бүгінгі таңда цифрлық сауаттылық білім беру процесін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге білім алушының өздігінен

білім алуына көмектесе алатындығының керемет мысалы болып табылады. Ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету оқытушыдан шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді.

Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады.

Қашықтықтан оқыту қазіргі заманғы білім беруді қамтамасыз етуде айтарлықтай прогресті көрсетті, бірақ елеулі кемшіліктері де жетерлік. Moodle, Zoom, Skype, Teams және т.б. платформалар жоғары сапалы дәрістер мен семинарларды өткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың алмастырылмайтындығын дәлелдеді. Талдау көрсеткендей, оқу процесін онлайн режимде ұйымдастыруға болады, дегенмен кейбір сабақтарды (шығармашылық мамандықтар) қашықтықтан оқытуға қолайсыз.

Дәстүрлі оқытуға қарағанда қашықтықтан білім берудің негізгі артықшылықтары:

- Қашықтықтан білім беруде қазіргі заманғы техникалық және бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, онлайн-форматта білім беру тиімділігін арттыруға ықпал етеді;
- Компьютері мен интернеті бар білім алушы жер шарының кез келген нүктесінде отырып, білім алу мүмкіндігіне ие;
- Білім алушының карантиндік шектеуіне байланысты немесе басқа да себептермен сабақты жіберіп алмауына мүмкіндік береді.

Дәстүрлі оқытуға қарағанда қашықтықтан білім берудің негізгі кемшіліктері:

- Жеке компьютердің және интернеттің қажеттілігі. Қашықтықтан оқыту кезінде техникалық жабдықты талап етеді. Алайда, кейбір білім алушылардың компьютер мен интернетке мүмкіндігі шектеулі;
- Қашықтықтан оқыту кезінде оқытушы үшін видеоматериал дайындау, монтаждау барысы дәстүрлі оқытуға қарағанда екі есе артық еңбек уақытын талап етеді.

### **Қорытынды**

Дүниежүзілік білім жүйесі пандемия сияқты үлкен сынақтан өтті. Эпидемиологиялық жағдайға байланысты әлемдегі барлық білім алушылар үшін оңай болған жоқ. Оқытушылар тарапы жаңа жағдайға бейімделу үшін, сапалы білім беру мақсатында барлық жағдай жасауға тырысты.

Білім беру ортасын трансформациялау білім беру үрдісін цифрландыру жағдайында цифрлық сауаттылықты арттыруды және педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыруды талап ететіні анықталды. Зерттеу Қазақстанның жоғары оқу орындарының мысалында пандемия кезеңінде оқу процесін

ұйымдастыру нәтижелері бойынша жүргізілді. Жоғары оқу орындарында цифрлық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, білім беру саласын қашықтықтан ұйымдастыруға баға берілді. Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстандағы білім беру ортасын цифрландыру проблемалары жүйелі сипатқа ие екендігі анықталды. Сондықтан білім беру ортасын цифрландыру жөніндегі нақты шараларды іске асыру қажет.

Қорытындылай келе, технологиялық өзгерістердің дамуының жоғары жылдамдығы ақпараттық қоғамның маңызды көрсеткіші болып отыр. Сондықтан қазіргі заманғы адамның цифрлық құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі оның жаңа ақпараттық технологияларды өз бетінше меңгеруге, олардың мүмкіндіктері мен тәуекелдерін бағалауға, сонымен қатар еніп жатқан өзгерістердің қарқынын қабылдауға, білім беруді үнемі жаңартуға және жаңа құзыреттіліктерді иеленуге дайын болуға тиістіміз.

Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде электронды оқытуды қолдана отырып, қашықтықтан оқыту форматына ауыстырылған болатын. Қазіргі таңда университетіміз дәстүрлі форматқа ауыстырылғанымен, дәріс сабақтары онлайн түрде жалғасуда. Қашықтықтан білім беруде заманауи технологияларды қолдану, оларды игеру бойынша тәжірибе алмасу, барлық қиындықтарға қарамастан техникалық, ұйымдастырушылық және әдістемелік мәселелердің басым бөлігін оқытушылар жедел түрде шешімін тапты деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Баранов, А. Ю., Малкова, Т. В.** Актуальные проблемы дистанционного обучения // *Modern Science*. – 2020. – № 9-1. – С. 193–195.

2 **Асташова, Н. А., Мельников, С. Л., Тонких, А. П., Камынин, В. Л.** Технологические ресурсы современного высшего образования // *Образование и наука*. – 2020. – 22(6). – С. 74–101.

3 **Gadakchyan, A., Kapitonova, N., Treboukhina, N., Ustinova, N.** Web environment of distance learning // Paper presented at the E3S Web of Conferences. – 2020. – Vol. 210. – P. 13–23.

4 **Skulmowski, A., Rey, G. D.** COVID-19 as an accelerator for digitalization at a German university : Establishing hybrid campuses in times of crisis // *Human Behavior and Emerging Technologies*. – 2020. – 2(3) – P. 212–216.

Сіздің ойыңызша, «Студенттер ЖОО-да цифрлық технологияларды пайдаланудан не ала алады?» сауалы бойынша цифрлық технологиялар саласында дағдыларды алуға мүмкіндік береді – 44,5 %, оқу іс-әрекетіне қызығушылық пен мотивация пайда болады – 32,7 %, 24/7 оқу материалын оқуға мүмкіндік береді – 44,5 %, оқуды қарапайым және түсінікті етеді – 27,3 %, оқу мен дайындыққа уақытты үнемдейді – 42,7 % көрсеткіштерге ие болды.



Сурет 3 – «Студенттер ЖОО-да цифрлық технологияларды пайдаланудан не ала алады?» сауалына жауап нәтижелері (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

«Сіздің ойыңызша, қандай цифрлық технологиялар заманауи жоғары оқу орнының қажетті атрибуттары болып табылады?» сауалы бойынша сандық кампустар – 7,3 %, студенттің электрондық портфолиосы – 19,1 %, аралас оқыту формалары (онлайн + офлайн) – 25,5 %, онлайн курстар – 21,8 %, қашықтықтан оқыту – 60,9 %, сандық кітапхана – 23,6 %, ЖОО сайтындағы электрондық кесте – 20 %, электронды оқулықтар мен оқу құралдары – 26,4 %, студенттің жеке кабинеті – 37,3 % нәтижелерін көрсетті.



Сурет 4 – «Сіздің ойыңызша, қандай цифрлық технологиялар заманауи жоғары оқу орнының қажетті атрибуттары сауалына жауап нәтижелері (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

Цифрлық технологиялар бәсекеге қабілетті маман даярлау процесіне сөзсіз әсер етеді. Сондықтан, жоғары мектеп басшылығы мен профессорлық-оқытушылық құрам үшін жұмыстың өзекті бағыты болып табылады. Студенттер цифрлық технологияларды пайдалану арқылы келесілерге қол жеткізуді күтеді: оқудың ыңғайлылығы, өзекті білім, уақытты үнемдеу және әлемнің кез келген нүктесінде 24/7 оқу мүмкіндігі есебінен оқыту процесіне қанағаттану, оқудың жеңілдеуі, қызығушылық және үздіксіздік, жетекші әлемдік тәжірибешілер мен мамандардан оқу.

Цифрлық технологияларды жоғары мектептегі дәстүрлі білімге қажетті қосымша ретінде пайдалану арқылы біз оқыту жұмысына қажетті оқу материалдарының үлкен базасына қол жеткіземіз, атап айтсақ:

- оқу материалдарының бастамасын орындауға қол жеткізу;
- топта фронтальды сауалнамалар жүргізу;
- ЖОО бағдарламасының тақырыптары бойынша тапсырмалар жасау, орындату;

– студенттер орындаған тапсырмаларды автоматты түрде тексеруді жүзеге асыру;

– пән мен тақырыпты меңгеру статистикасын жүргізу;

– студенттердің нәтижелерін көруге бірден қол жеткізу мүмкіндігі.

#### Қорытынды

1 Цифрлық технологиялар ЖОО даму брендіне сөзсіз әсер етеді. Сондықтан ЖОО басшылығы мен профессорлық-оқытушылық құрам осы мәселеге ерекше көңіл бөлуі керек. ЖОО цифрлық технологиялардың дамуы еңбек нарығындағы білім беру сапасын арттыруға әсер етеді.

2 Студенттер цифрлық технологияларды ЖОО дамуымен тікелей байланыстырмайды. Бірақ олар ЖОО дамуының міндетті функционалдық элементтерін іске асыруды күтеді: оқудың ыңғайлылығы, өзекті білім, уақытты үнемдеу және әлемнің кез келген нүктесінде 24/7 оқу мүмкіндігі есебінен оқыту процесіне қанағаттану, оқу жеңілдеу, қызығушылықпен және үздіксіз, жетекші әлемдік тәжірибешілер мен мамандардан оқу.

3 Студенттер үшін қашықтықтан және онлайн оқытудың маңызды: респонденттердің жартысынан көбі ЖОО қашықтықтан оқыту мен онлайн курстардың болу қажеттілігін атап өтті. Алайда, студенттер аудиториядағы оқытушымен қарым-қатынастан толық бас тартуға дайын емес.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Шаяхметова, А. А.** Материалы научно-методических семинаров преподавателей университета проведенных в 1 семестре 2010–2011 учебного года. – Астана. [Электронды ресурс]. – URL: <http://repository.enu.kz/handle/123456789/4741?show=full>.

2 **Воронова, Ю. А.** Процесс цифровизации в современном образовании [Текст] // Балтийский гуманитарный журнал. – 2021. – № 1(34).

3 **Томюк, О. Н., Дьячкова, М. А., Кириллова, Н. Б., Дудчик, А. Ю.** Цифровизация образовательной среды как фактор личностного и профессионального самоопределения обучающихся [Текст] // Перспективы науки и образования. – 2019. – № 6(42). – С. 422.

4 **Архипова, А. И.** Виртуальный кластер педагогических инноваций как современная телекоммуникационная система [Текст] // Проблемы современного педагогического образования. – 2019. – № 48. – С. 16.

5 **Таубаева, Ш.** Методология и методика дидактического исследования: учебное пособие [Текст]. – Алматы : Қазақ университеті, 2015. – 246 с.

6 **Миэринь, Л. А., Быкова, Н. Н., Зарукина, Е. В.** Современные образовательные технологии в вузе : учеб.метод. пособие [Текст]. – СПб. : Изд-во СПбГЭУ. – 169–167 с.

7 **Джумалиева, Е. С.** Денотатный граф как один из приемов формирования универсальных учебных действий – Виртуальная Конференция. – 2013. – Форумы ЦНМО. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://litcey.ru/informatika/66921/index.html>

8 **Зарукина Е. В., Логинова Н. А., Новик М. М.** Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению : учеб.метод. пособие. – СПб. : СПбГИЭУ. – 59–62 с.

9 **Попова, О. И.** Цифровизация образования и бренд вуза: отношение студентов к процессам [Текст] // Вопросы управления. – 2019. – № 3 (39). – С. 245.

10 <https://docs.google.com/forms/d/1oVsr6R5pz75MrkM6pVJ-UcLFAvY5vzUGE-H0pphE0/edit?usp=sharing> [Электронный ресурс].

#### REFERENCES

1 **Şai Ahmetova, A. A.** Materialy nauchno-metodicheskikh seminarov predavatelei universiteta provedennyh v 1 semestre 2010–2011 uchebnogo goda. [Materials of scientific and methodologic al seminars of university teachers held in the 1st semester of the 2010–2011 academic year]. – Astana. [Electronic resource]. –URL: <http://repository.enu.kz/handle/123456789/4741?show=full>

2 **Voronova, İu. A.** Prozess sifrovizatii v sovremennom obrazovanii [The process of digitalization in modern education] [Text]. In Baltic Humanitarian Journal. – 2021. – № 1(34).

3 **Tomük, O. N., Dächkova, M. A., Kirillova, N. B., Dudchik, A. İu.** Sifrovizasia obrazovatelnoi sredy kak faktor lichnostnogo i professionalnogo samoopredelenia obuchaiuşihsä [Digitalization of the educational environment as a factor of personal and professional self-determination of students] [Text]. In Prospects of science and education. – 2019. – № 6(42). – P. 422.

4 **Arhipova, A. İ.** Virtuälnyi klaster pedagogicheskikh innovasi kak sovremennaia telekommunikacionnaia sistema [Virtual cluster of pedagogical innovations as a modern telecommunication system] [Text]. In Problems of modern pedagogical education. – 2019. – No 48. – P. 16.

5 **Taubaeva, Ş.** Metodologia i metodika didakticheskogo issledovania: uchebnoe posobie [Methodology and methodology of didactic research : textbook [Text]. – Almaty : Kazakh University, 2015. – 246 p.

6 **Mierin, L. A., Bykova, N. N., Zarukina, E. V.** Sovremennye obrazovatelnye tehnologii v vuze : ucheb.metod. posobie [Modern educational technologies in higher education : studies.method. tutorial] [Text]. – St. Petersburg : Publishing House of SPbGEU. 169–167 p.

7 **Jumalieva, E. S.** Denotatnyi graf kak odin iz priemov formirovaniya universälnyh uchebnyh deistvi [Denotation graph as one of the methods of formation of universal educational actions. In Virtual Conference – 2013 – Forums of the Central Research Institute. [Electronic resource]. – Access mode: <http://litcey.ru/informatika/66921/index.html>].

8 **Jumalieva, E. S.** Denotatnyi graf kak odin iz priemov formirovaniya universälnyh uchebnyh deistvi [Active teaching methods : recommendations for development and application : textbook]. – St. Petersburg : SPbGIEU. – 59–62 p.

9 **Popova, O. İ.** Sifrovizasia obrazovaniya i brend vuza : otnoşenie studentov k prossam [Digitalization of education and the brand of the university : the attitude of students to the processes] [Text]. In Management issues. – 2019. – No. 3 (39). – P. 245.

10 <https://docs.google.com/forms/d/1oVsr6R5pz75MrkM6pVJ-UcLFAvY5vzUGE-H0pphgE0/edit?usp=sharing> [Electronic resource].

Материал 10.12.21 баспаға түсті.

\**A. A. Esmagulova<sup>1</sup>, G. K. Nurkenova<sup>2</sup>, G. T. Talikova<sup>3</sup>, S. S. Shutenova<sup>4</sup>*

<sup>1,2,3,4</sup>Академия «Bolashaq»,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 10.12.21.

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ

*В статье рассматривается проблема использования цифровых технологий в учебно-образовательном процессе высшей школы как одна из актуальных векторов в настоящее время. В данной исследовательской работе проведен теоретический анализ проблемы использования цифровых технологий в учебном процессе высших учебных заведений, проведена экспериментальная исследовательская работа, дан количественно-качественный анализ. В частности, в статье дается теоретическое представление об используемых цифровых технологиях в образовательном процессе высшей школы, рассматриваются их потребности и возможности в современных*

*условиях обучения. Речь идет о различных инструментах и ресурсах, которые нужно использовать для создания и улучшения цифровой среды обучения в образовательном пространстве. Развивать мыслительные операции, формы организации обучения, развивать визуализацию, интеграцию идей и др. В ходе исследования сделан упор на построение системы интеллектуальных задач на основе цифровой педагогики, способствующей формированию навыков критического и творческого мышления. В ходе экспериментального исследования был использован метод анкетирования среди студентов педагогических образовательных программ «Академии «Bolashaq». Опрос проводился через социальную сеть google. Результаты опроса были проанализированы, сделаны выводы и обобщены возможности, которые могут быть достигнуты с использованием цифровых технологий в образовательном процессе высшей школы.*

*Ключевые слова: цифровые технологии, цифровое обучение, интернет, цифровая среда обучения, дистанционное обучение, интернет-ресурсы, платформы, электронное обучение.*

\**A. A. Esmagulova<sup>1</sup>, G. K. Nurkenova<sup>2</sup>, G. T. Talikova<sup>3</sup>, S. S. Shutenova<sup>4</sup>*

<sup>1,2,3,4</sup>Bolashaq Academy,

Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 10.12.21.

## THE USE OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE EDUCATIONAL PROCESS OF HIGHER EDUCATION

*The article deals with the problem of using digital technologies in the educational process of higher education as one of the relevant vectors at the present time. In this research paper, a theoretical analysis of the problem of the use of digital technologies in the educational process of higher educational institutions is carried out, experimental research work is carried out, a quantitative and qualitative analysis is given. In particular, the article provides a theoretical understanding of the digital technologies used in the educational process of higher education, examines their needs and opportunities in modern learning conditions. We are talking about various tools and resources that need to be used to create and improve the digital learning environment in the educational space. Develop mental operations, forms of training organization, develop visualization, integration of ideas, etc. The research focuses on building a*

*system of intellectual tasks based on digital pedagogy, which contributes to the formation of critical and creative thinking skills. In the course of the experimental study, a questionnaire method was used among students of pedagogical educational programs of the Bolashaq Academy. The survey was conducted through the Google social network. The survey results were analyzed, conclusions were drawn and the possibilities that can be achieved using digital technologies in the educational process of higher education were summarized.*

*Keywords: digital technologies, digital learning, Internet, digital learning environment, distance learning, Internet resources, platforms, e-learning.*

FTAMP 20.01.07

<https://doi.org/10.48081/UESM3539>

**\*А. Б. Ибашова<sup>1</sup>, Д. Т. Белесова<sup>2</sup>, А. Тасболатова<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.;

<sup>3</sup>М. Х. Дулати атындағы № 8 гимназия,

Қазақстан Республикасы

### **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ SCRATCH БАҒДАРЛАМАЛАУ ОРТАСЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Мақалада бастауыш сынып оқушыларының алгоритмдік ойлау стилін қалыптастыруда «Цифрлық сауаттылық» пәні, соның ішінде «Scratch» бағдарламалау ортасының рөлі және бастауыш сынып оқушыларына бағдарламалауды үйретуге қатысты мәселелер қарастырылады. Scratch бағдарламасының негізгі ерекшеліктері және онда қолданатын процестер талданады. Бастауыш сынып оқушыларының алгоритмдік сауаттылық элементтерін қалыптастыру, жобалар жасаған кезде және түрлі салаларда игерілетін дағдылар, сақталуы керек шарттар талқыланады.*

*Бастауыш сынып оқушыларының «Scratch бағдарламалау ортасы» тақырыбын оқу кезінде көрсетілуі керек тақырыпшалар қарастырылып, олардың орындайтын әрекеттері мен білім, іскерліктері арасындағы қатынас, логикалық ойлау, талдау және синтездеу қабілеттерін дамытудағы «Алгоритмдер» тақырыбын зерттеу және алгоритмдерді құруды үйрену жолдары қарастырылады.*

*Нәтижелер бағдарламалау жаттығулары жас бағдарламашыларды ақылды және сонымен бірге қызықты қосымшаларды оңай дамытуға ынталандырады. Осылайша, бұл бағдарламалау ортасы қолданушымен өзара әрекеттесіп, түрлі іс-әрекеттерді орындайды. Бастауыш мектептерде бағдарламалауды оқыту қоғамдағы үлкен өзгерістерге жауап бере алатын адам ресурстарының дамуына ықпал ету үшін «ойлауды бағдарламалау» қабілетін дамыту мақсатында алға жылжиды деген қорытынды жасалды.*

*Кілтті сөздер: бағдарламалау, бастауыш мектеп, Scratch ортасы, алгоритм, цифрлық сауаттылық.*



### Кіріспе

Бастауыш мектептегі «Цифрлық сауаттылық» пәні «Информатика» пәнінің пропедевтикалық курсы ретінде 1-4 сыныптарда ерекше маңызға ие. Ол курстың логикалық және алгоритмдік ойлауды меңгеруді керек ететін бір бөлігі болып табылады.

«Цифрлық сауаттылық» курсы бойынша бастауыш сынып оқушылардың жобалары мен практикалық тапсырмалары, АКТ құралдарын пайдаланып, тәжірибе жинақтауға, басқа да пәндер бойынша тапсырмаларды орындағанда қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен, бастауыш сыныптарда информатика бойынша білім беруде бастауыш сынып оқушылары мына дағдыларға ие болады: оқушыларының ақпараттық этикетіне ие болуы, интернетте, цифрлы құрылғылармен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін білуі, бағдарламалау тілдеріне байланысты: Scratch бағдарламалау ортасымен жұмыс жасау, алгоритмдік, логикалық ойлау дағдысы, кейбір қолданбалы бағдарламалар, роботтарға арналған бағдарламалармен жұмыс жасай алу дағдысы.

Оқытудың алғашқы кезеңдерінде алгоритмдік сауаттылық элементтерін қалыптастыруға байланысты тақырыптың өзектілігі, біздің елімізде және шетелдерде Scratch бағдарламалау ортасының танымалдығы «Цифрлық сауаттылық пәнін оқытуда Scratch бағдарламалау ортасын қолдану» зерттеу тақырыбын таңдауға себеп болды.

**Зерттеу нысаны** – бастауыш мектеп оқушыларына цифрлық сауаттылық пәнін оқыту процесі. Зерттеу пәні – Scratch ортасында бастауыш сынып оқушыларының алгоритмдік сауаттылығының элементтерін қалыптастыру.

**Зерттеу мақсаты** – Scratch ортасында жұмыс істеу процесінде бастауыш сынып оқушыларының алгоритмдік сауаттылық элементтерін қалыптастыруға бағытталған сабақ сценарийлерін әзірлеу. Объектіге, пәнге және мақсатқа сәйкес зерттеудің мынадай **міндеттері** қойылған: 1) «алгоритмдік ойлау» ұғымдарының мәнін ашу және өмірде алгоритмдік тәсілдерді қолдану; 2) Scratch ортасымен, оның мүмкіндіктерімен және сипаттамаларымен танысу; 3) Scratch ортасында бастауыш мектеп оқушыларын бағдарламалауға оқыту мүмкіндіктерін анықтау; 4) Бастауыш мектеп оқушыларына алгоритмдеу мен бағдарламалауды үйретуде сақталуы керек шарттарды анықтау.

Зерттеу міндеттерін шешу үшін мынадай әдістер пайдаланылды:

- зерттеу тақырыбы бойынша оқу-әдістемелік әдебиетті талдау, алынған ақпаратты қорыту және жіктеу, қорытындыларды тұжырымдау;
- әзірленген сценарийлер бойынша құрылымдарды, басқару құрылымдарын пайдалану.

### Материалдар мен әдістер

Халықаралық және Қазақстандық білім беруге арналған цифрлық мәдениетті дамыту мүмкіндіктерінің бірі - Scratch тілі мен оның қауымдастығы. Scratch-бұл объектіге бағытталған бағдарламалау ортасы, онда бағдарлама блоктары түрлі-түсті кірпіштермен жиналады және балаларға өздерінің анимациялық интерактивті әңгімелерін, ойындары мен модельдерін жасауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстарды бүкіл әлем бойынша Scratch жобаларының авторлары қауымдастығымен бөлісуге болады. Scratch-да сіз әртүрлі нысандармен ойнай аласыз, оларды өзгерте аласыз, экранда жылжыта аласыз, нысандар арасындағы өзара әрекеттесу формаларын орната аласыз. Scratch Лего кірпіштерінің метафорасын қолданады, оның ішінде бастауыш сынып оқушылары да қарапайым құрылымдарды жинай алады. Балалар түрлі-түсті кірпіштің конструкцияларын жинау арқылы өз бағдарламаларын құрады. Құрылымдар мен басқару құрылымдарынан қарапайым нұсқауларды орындайтын әртүрлі агенттер жиналуы мүмкін. Ағылшын тілінде агент сөзі өзіне жүктелген тапсырманы орындайтын көмекшіні білдіреді.

Елімізде «Цифрлық сауаттылық» пәні 1 сыныпта ағымдағы оқу жылының 3 тоқсанынан басынан бастап жүргізілетіні белгілі. Пәнді бастауыш мектепте оқытуға болатындығы және оның тиімділігі әлемдік білім негізінде дәлелденген. Ғалымдардың, практиктердің пікірінше, бастауыш мектепте осы курсты оқытудың негізгі факторлары: бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық қоғамға бейімделуі; балалардың ақпараттық ойлау дағдыларын дамыту; бастауыш сынып оқушыларын ғаламдық ақпараттық білім беру кеңістігіне, ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға дайындау [2].

«Цифрлық сауаттылық» пәнін бастауыш сыныптарда оқытудың әдістемелік ерекшелігі оқушылардың жас ерекшеліктерін және «Информатика» пәнінің ерекшелігін ескере отырып, оқытудың белсенді формалары мен әдістерін оқу үдерісіне біріктіру болып табылады [3, 8 б.].

Scratch бағдарламасы белсенді әдістерді, жобаларға негізделген оқытуды және оқушылардың іс-әрекетіне бағытталған рөлді ынталандыратын ыңғайлы визуалды тілді ұсынады. Scratch ақысыз және конструктивистік оқыту идеяларына негізделген блоктық бағдарламалауды жүзеге асыратын бағдарламалар класына жатады. Бұл түрлі-түсті бөлшектердің балалар конструкторының бір түрі, олардың әрқайсысының өз атауы бар. Дұрыс құрастырылған конструктор нақты жұмыс кодының пайда болуына әкеледі. Бұл тәсіл оқушылардың назарын бағдарламалау процесіне, алгоритмдік құрылымдардың дұрыс тізбегін құруға және күтілетін нәтижеге әкеледі. Сонымен қатар, кодтың құрылымын және орындаушының басқару

командаларын реттейтін көптеген нақты терминдерді есте сақтаудың қажеті жоқ.


### Нәтижелер мен талқылау

Scratch – тің негізгі міндеті-балаға алгоритмдік ойлауды ойын түрінде үйрету. Сондықтан Scratch айналасында ғалымдар, мұғалімдер, ата-аналар мен студенттерден тұратын бүкіл қауымдастыққа біріктірілген. Scratch көмегімен оқыту-бұл дамып келе жатқан және қызықты процесс: орта бір және бірнеше кейіпкерлердің (спрайттардың) қатысуымен мультфильмдер құруға, олардың сыртқы түрін өзгертуге, экранда жылжытуға, өзара әрекеттесуді бағдарламалауға мүмкіндік береді.

Оқушылар Scratch-те жобалар жасаған кезде, олар ХХІ ғасырдың көптеген дағдыларын игереді:

- \* шығармашылық ойлау,
- \* пәндік қарым-қатынас,
- \* жүйелік талдау,
- \* технологияларды еркін пайдалану,
- \* тиімді өзара әрекеттесу;

О. Н. Буртаеваның оқу құралында атап өтілгендей, Scratch-те қарапайым командаларды қолдану әртүрлі қасиеттерге ие көптеген нысандар өзара әрекеттесе алатын өте күрделі модель жасауға мүмкіндік береді [4].




Сурет 1 – Мысық спрайтымен алғашқы жұмыс

Бұл ортаның ыңғайлылығы 1-суретте көрсетілгендей, командаларды топтар бойынша арнайы түрлі-түсті блоктарға біріктіреді.

Бастауыш мектептегі Цифрлық сауаттылық сабақтарында Scratch ортасын қолданудың жинақталған тәжірибесі оның қарапайымдылығы мен

ыңғайлылығының арқасында оқушыға Алгоритмдеу мен бағдарламалауды игеру оңайырақ болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың бір тәсілі – бұл Жоба әдісі, мұнда Scratch бастауыш сынып оқушыларының алгоритмдік ойлауын қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін ең қолайлы құрал ретінде әрекет етеді.

Бастауыш мектеп оқушылары күрделі алгоритмдік құрылымды талап етпейтін жобаларды құра алады. Мұнымен қоса, олар дыбыстық және графикалық компоненттерді дайындауда, жоба сценарийін құрастыруда өздерінің қабілеттерін көрсете алады. Жоғары деңгейлі бағдарламалау тілдерін үйренуге арналған кіріспе сабақтарда жоғары сынып оқушылары Scratch ортасын негізгі ұғымдарды көрсету үшін қолдана алады: айнымалы, айнымалы мәні, логикалық шарт, мәліметтер типтері, басқару құрылымдары және т.б. Мысалы, спрайтты басқаруда бір команданы екі түрлі әдіспен, сызықтық алгоритм және циклдік алгоритм (басқару құрылымдары) арқылы орындау (2-сурет).



Сурет 2 – Басқару құрылымдарына өту

Ресей ғалымы И. Г. Семакиннің бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, екі апта жұмыс істегеннен кейін бастауыш сынып оқушылары Scratch ортасын да, ілеспе құралдарды да – графикалық редакторды, Windows операциялық жүйесін (графикалық және дыбыстық файлдармен сенімді жұмыс істейді), интернет – браузерлерін сенімді пайдаланады.

Scratch жобасының дамуын және мектеп оқушыларының қызметін бақылай отырып, оқытудың жаңа формасымен айналысуға болатынын атап өтуге болады. Мұғалімдер мультимедиа және бағдарламалау әлеміне жүгініп, оқушыны шығармашылық пен танымдық іс-әрекеттің ақпараттық

ортасына шығарады, ал балалар пәндік білімнен басқа, әр адамға дұрыс өмір сүру үшін қажетті қасиеттерге ие болады.

Бастауыш мектеп оқушыларына алгоритмдеу мен бағдарламалауды үйрету үшін төмендегі шарттар сақталуы керек:

\* алгоритмдік есептерді шешу үшін оқушыларға пәндік сала түсінікті және қызықты болу керек;

\* оқыту бағдарламалық жасақтамасы оқушыға ыңғайлы болуы;

\* жобаның алгоритмін құру үшін көптеген қызметтік сөздер мен синтаксистік ережелерін есте сақтауды қажет етпейтін басқару құрылымдарын бейнелеудің көрнекі құралдары қолданылуы керек.

Scratch бағдарламалау ортасы осы шарттардың барлығын қанағаттандырады.

Бағдарламалау ортасы операторларының негізгі бөлігі графика мен дыбыспен жұмыс істеуге, анимациялық және бейне эффекттерді жасауға бағытталған. Медиа-ақпаратты басқарудың кеңейтілген мүмкіндіктері Scratch ортасының басты ерекшелігі болып табылады. Е.Патаракиннің пікірінше, оқушылар Scratch-та жобалар жасағанда, олар көптеген дағдыларды игереді: шығармашылық ойлауды дамытады, пәндік қарым-қатынас, жүйелік талдау, технологияны еркін пайдалану, тиімді өзара әрекеттесу, дизайн, үздіксіз оқыту. Scratch бағдарламалық интерфейсі балаларға арналғандықтан ол интуитивті түрде өте жақсы түсініледі.

Бағдарламалауды оқу бағдарламасына енгізудің мақсаты-күрделі идеялар мен күнделікті мәселелерді тиімді шешуге қолдау көрсететін тілді дамыту.

Scratch негізгі ерекшеліктері:

1 Блоктық бағдарламалау. Scratch-те бағдарламалар құру үшін графикалық блоктарды стектерге біріктіреді. Блоктар оларды тек синтаксистік тұрғыдан дұрыс жүйелерде жинауға болатындай етіп жасалған, іс жүзінде бұл кателер жәберудің алдын алады. Түрлі типтері бар түрлі нысандары бөле отырып, қарастырады.

2 Деректермен манипуляция. Scratch көмегімен графиканы, анимацияны, музыканы және дыбыстарды басқаратын және байланыстыратын бағдарламалар жасауға болады. Scratch қазіргі мәдениетте сұранысқа ие визуалды деректерді басқару қабілетін кеңейтеді.

3 Бірлесіп жұмыс жасау және онымен бөлісу. Scratch жобаларының веб-сайты аудиторияны қызықтырып, бірлесіп жұмыс жасауға шақырады: мұнда басқа адамдардың жобаларын көріп, олардың сызбалары мен сценарийлерін қолданып, өзгерте аласыз және жеке жобаның қоса аласыз. Ең үлкен жетістік – Scratch шеңбері жасаған ортақ орта мен өркениет.

Жоғарыда келтірілген ерекшеліктер бастауыш сынып оқушыларын түрлі бағдарламалауға негіздей отырып, ақпаратпен жұмыс жасауға, ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға, мейірімділікке баулуға негіз болары сөзсіз.

Алгоритмдік ойлау тәсілі тек информатикамен байланысты емес, ол адамдарға кез-келген саладағы мәселелерді шешуге көмектеседі. Қандай да бір жолмен алгоритмдік тәсілді қолданғанда, мысалы, суретші әдемі пейзаж салуы үшін бірнеше дәйекті қадамдар жасауы керек: табиғатты тандау, композиция, жарықтандыру, түстер туралы ойлау. Соңында, нақтылыққа көшу – көтерілу, бару, табу, ұйымдастыру, жазу.

Түрлі салаларда қажет болатын бірнеше дағдылар:

– жалпы тапсырманы ішкі тапсырмаларға бөлу;

– өз қызметінің кезеңдері мен уақытын жоспарлау қабілеті;

– қызметінің тиімділігін бағалау;

– ақпаратты іздеу;

– ақпаратты өңдеу және ассимиляциялау [5].

Қазіргі қоғам жаңа ұрпақтан өз іс-әрекеттерін жоспарлау, мәселені шешу үшін қажетті ақпаратты табу және болашақ процесті модельдеу қабілетін талап етеді. Scratch-ті оқыту барысында шағын жобалар (мультфильмдер, ойындар) жасауға баса назар аударылады, тоқсан, жыл қорытындысы бойынша оқушылар өз ойындарын ұсынады. Сондықтан, алгоритмдік ойлауды дамытатын, тиісті ойлау стилін қалыптастыратын іс-шаралар маңызды және өзекті болып табылады. Алгоритмдік тәсіл тек компьютерлік пәндерде ғана емес, сонымен қатар жалпы білім беру пәндерінде де қолданылады. Кез келген мәселелерді шешу үшін сол нәрсемен өзара әрекеттесіп, алгоритмді құру үшін бастапқы жүйенің алгоритмін түсіну керек.

Мектеп информатикасындағы алгоритмизацияны зерттеудің екі мақсатты аспектісі болуы мүмкін: біріншісі – оқушылардың алгоритмдік (сонымен бірге – операциялық) ойлауының дамуын түсінетін даму аспектісі; екіншісі – бағдарламашы аспектісі. Компьютерлік бағдарламаны құру алгоритм құрудан басталады; кәсіби бағдарламашының ең маңызды сапасы-дамыған алгоритмдік ойлау. Егер мектеп оқулығында бірінші басымдылық алгоритмизацияны зерттеу, екінші бағдарламашы аспектісі болса, онда осы тақырыптың дамуы ерекше болғаны.

Бастауыш сынып оқушыларына «Scratch бағдарламалау ортасы» тақырыбын спиральді оқыту түрінде болуы керек деген қорытынды жасауға болады. Алғашқы кезеңдерде қарапайым заттар қарастырылады, мысалы, «бақылау» блогы. Бірақ блок бірден қарастырылмайды. Мұғалім қажет

болған кезде мезгіл-мезгіл жаңа мүмкіндіктерді қарастыруға оралуы керек. Бұл балаларды артық ақпаратпен қайта жүктемеуге мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының «Scratch бағдарламалау ортасы» тақырыбын оқу кезінде көрсетілуі керек тақырыпшаларға толығырақ тоқталайық, атап айтқанда:

1) **Scratch-пен танысу.** Scratch бағдарламасын іске қосуды үйрену, қоршаған ортаның негізгі элементтері мен терезелерін зерттеу, Scratch ортасында қарапайым бағдарлама құруды үйрену.

2) **Бұрылыстар мен бағыттар.** Жобаға нысандарды қосу, нысандарды әртүрлі қабаттарға жылжытуды, бұру тәсілдерін қарастыру;

3) **Процедуралар, координаталар, қалам.** Объектінің координаттарын орнатуды және өзгертуді, сахнадағы координаттар жүйесімен жұмыс жасап үйрену;

4) **Параметрлі процедуралар.** Параметрлі процедураны, бірнеше параметрлері бар процедуралармен жұмыс жасап үйрену;

5) **Орындаушылардың оқиғалары.** Нысан әрекеттерін паралель және ретімен орындау арқылы оқиғалар құру, бағдарламада нысанның графикалық эффектілерін өзгертуді үйрену;

6) **Тармақтау, клондар және айнымалылар.** Шартты командалар арқылы оқиғалар, ойындар құрып үйрену;

7) **ӘЗІРШЕ циклы, шарттары, сенсорлары, логикалық амалдар.** Циклдік командалар, логикалық операциялар арқылы ойынды дамыту;

8) **Графикалық редакторлар.** Scratch ортасында қаламмен, тінтуір, пернетақта арқылы салу, нысанның көшірмесін құрып үйрену;

9) **Дыбыспен жұмыс жасау.** Жобаға дыбыстық эффектілер қосу және оларды баптауды үйрену.

Осы тақырыпшаларды үйрене отырып, оларды тереңдету үшін үнемі бұрын алынған білімге оралу қажет. Төменде бастауыш сынып оқушыларының орындайтын әрекеттері мен білім, іскерліктері арасындағы қатынас көрсетілген.

Кесте 1 – «Scratch бағдарламалау ортасы» тақырыбындағы игерілетін білім мен іскерліктер

Іс әрекеттер	Білім мен іскерліктер
1. Спрайттармен және фондармен жұмыс	Спрайттармен, фондармен жұмыс істеу негіздерін, өз спрайттарын және фондарын құру, интернеттен жүктеу және оларды өз жобаларына орналастыру мүмкіндіктерін білу
	Кітапханадан спрайт пен фонды таңдау, интернеттен суретті жүктеу және оны өз жобасына енгізу

2. Кітапханадан дыбыстық эффектілерді қосу және өзіңізді жазу	Қосымша блоктармен жұмыс істеу негіздерін және оларды қосу мүмкіндігін білу
	Scratch кітапханасынан дыбыстық эффектілерді және фондық музыкалық сүйемелдеуді орналастыра білу, сонымен қатар өз дауыстарын жазу және интернеттен әуендерді жүктеу
3. Алгоритмдердің әртүрлі түрлерін қолдану	Алгоритмдермен және олардың түрлерімен жұмыс істеу негіздерін және оны Scratch-ке ұсыну мүмкіндіктерін білу
	Алгоритмнің ең жақсы нұсқасын таңда білу және нәтижеге қол жеткізу және оны жүзеге асыру
4. Математикалық операторларды қолдану	Scratch-тегі математикалық операторларды білу және олардың жазылу мүмкіндіктерін түсіну
	Математикалық операторлар мен айнымалыларды қолдана отырып, бағдарлама алгоритмін құра білу

Бастауыш сынып оқушыларын қазіргі ақпараттық қоғамдағы өмірге дайындау үшін ең алдымен олардың логикалық ойлауын, талдау және синтездеу қабілеттерін дамыту қажет. Ойлауды дамыту үшін ең қол жетімді материал – «Алгоритмдер» тақырыбын зерттеу және кез-келген мәселені шешуде алгоритмдерді құруды үйрену. Алгоритмдік ойлау әлемге ғылыми көзқарастың қажетті бөлігі болып табылады.

### Қорытынды

Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің қазіргі тенденцияларын, практикалық әзірлемелердің нәтижелерін талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады: бастауыш сынып оқушыларының алгоритмдік ойлау стилін қалыптастыруда «Цифрлық сауаттылық» пәні, соның ішінде «Scratch» тақырыптарын оқытудың маңызы ерекше. Себебі, нөлден бағдарламалау жаттығулары жас бағдарламашыларды ақылды және сонымен бірге қызықты қосымшаларды оңай дамытуға ынталандырады. Осылайша, бұл бағдарламалау ортасы қолданушымен өзара әрекеттесіп, түрлі іс-әрекеттерді орындайды. Бағдарламаны құру кезінде оқушылар өңделетін нысанды бөледі, өңдеуді орындау үшін қайталау мен шартты тармақтарды және т.б. жасайды, осы процестер сериясын зерттей отырып, басқа салаларда қолдануға болатын ойлауды дамыта алады, мысалы, күрделі мәселелерді шешуді жеңілдету, оларды кішкене бөліктерге бөлу немесе шешілетін мәселе бойынша маңызды нәрсені алу.

Осылайша, бастауыш мектептерде бағдарламалауды оқыту қоғамдағы үлкен өзгерістерге жауап бере алатын адам ресурстарының дамуына ықпал ету үшін «ойлауды бағдарламалау» қабілетін дамыту мақсатында алға жылжиды.

**Қаржыландыру туралы ақпарат**

*Жұмыс ҚР БҒМ грантының қаржылық қолдауымен орындалды (АР09260464 «Smart-білім беру жағдайында «Scratch» және «Робототехника» курстары бойынша бастауыш мектепте ақпараттық білім ортасын өзірлеу» гранты).*

**ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ**

1 **Engelbart, D. C.** Computer-supported cooperative work: a book of readings / ed. Greif I. San Francisco, CA, USA: Morgan Kaufmann Publishers Inc., 1988. – P. 35–65.

2 Jerry Lee Ford, Jr. Scratch TM Programming for Teens. – Canada, 2009. – 337 p.

3 Білім мазмұны жаңартылған бағдарламалар бойынша бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Информатика» пәніне әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана : Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 48 б.

4 **Буртаева, О. Н.** Программирование в Scratch [Электронды ресурс]. – Режим доступа: <http://distanschool.ru/uploads/metodichka/scratch.pdf>.

5 **Чебурина, О. В.** Формирование алгоритмического мышления в обучении программированию игр // Электронный научный журнал «Наука и перспективы». – № 2. – 2017.

6 **Дженжер, В. О.** Проектная деятельность школьника в среде программирования Scratch : методическое пособие / В. О. Дженжер, В. Г. Рындак, Л. В. Денисов; Мин-во образования и науки РФ. – Оренбург : Оренб. гос. ин-т. менеджмента, 2009. – 117 с.

7 **Каган, Э. М.** Обучение программированию как подход к развитию логического, абстрактного и вычислительного мышления у школьников // Вестник РУДН. Серия: Информатизация образования, 2017. – Том 14. – № 4. – С. 442–451. – DOI 10.22363/2312-8631-2017-14-4-442-451.

8 **Патаракин, Е. Д.** Педагогический дизайн социальной сети Scratch // Образовательные технологии и общество (Educational Technology & Society). – 2013. – № 2. – P. 505–528.

9 **Соклаков, Е. Н.** Алгоритмическое мышление [Электронды ресурс]. – URL: <http://kursk-sosh41.ru/obuchenie/metod-kopilka/31-biblioteka-statej/109-algoritmicheskoe-myshlenie.html> (Дата обращения 10.02.2017)

10 **Кадышева, С. Н., Петракова, Т. В.** Программирование на Scratch. – Екатеринбург, 2021. – 26 с.

11 **Гусейнова, Л. Н., Ефимова, И. Ю.** Методика обучения основам программирования учащихся младших классов // Материалы VII Международной студенческой научной конференции «Студенческий научный форум». [Электронды ресурс]. – URL: <https://scienceforum.ru/2015/article/2015010999>.

**REFERENCES**

1 **Engelbart, D. C.** Computer-supported cooperative work : a book of readings / ed. Greif I. – San Francisco, CA, USA : Morgan Kaufmann Publishers Inc., 1988. – P. 35–65.

2 **Jerry Lee Ford, Jr.** Scratch TM Programming for Teens. – Canada, 2009. – 337 p.

3 Bilim mazmūny jaңartylğan baғdarlamalar boıynsha bastauyş bilim beru deñgeiiniñ 1–4-synypтарына арналған «Іnformatika» pәnине әдіstemelik üsynymdar [Methodological recommendations for the discipline «Informatics» for grades 1–4 of the primary education level on updated educational programs]. – Astana : Y. Altynsarin atyndaғы Ұltyq bilim akademiasy, 2019. – 48 p.

4 **Burtaeva, O. N.** Programmirovaniye v Scratch [Programming in Scratch] [Electronic resource] – Access mode: <http://distanschool.ru/uploads/metodichka/scratch.pdf>.

5 **Cheburina, O. V.** Formirovaniye algoritmicheskogo myshleniya v obuchenii programmirovaniya igr [Formation of algorithmic thinking in teaching game programming]. In Elektronnyi nauchnyi jurnal «Nauka i perspektivy». – № 2. – 2017.

6 **Djenjer, V. O.** Proektnaya deyatelnost şkolnika v srede programmirovaniya Scratch [Project activity of a student in the Scratch programming environment]: metodicheskoe posobie / V. O. Djenjer, V. G. Ryndak, L. V. Denisov; Min-vo obrazovaniya i nauki RF. – Orenburg : Orenb. gos. in-t. Menedjmenta, 2009. – 117 p.

7 **Kagan, E. M.** Obuchenie programmirovaniya kak podhod k razvitiyu logicheskogo, abstraktnogo i vychislitelnogo myshleniya u şkolnikov [Teaching programming as an approach to the development of logical, abstract and computational thinking in schoolchildren]. In Vestnik RUDN. Seriya: Informatizatsiya obrazovaniya, 2017. – Vol. 14. – № 4 442–451. – DOI 10.22363/2312-8631-2017-14-4-442-451.

8 **Patarakin, E. D.** Pedagogicheskii dizain sotsialnoi seti Scratch [Pedagogical design of the Scratch social network]. In Obrazovatelnye tehnologii i obestvo (Educational Technology & Society). – 2013. – № 2. – P. 505–528.

9 Soklakov, E. N. Algoritmicheskoe myshlenie [Algorithmic thinking] [Electronic resource]. – URL: <http://kursk-sosh41.ru/obycheme/metod-kopilka/31-biblioteka-statej/109-algoritmicheskoe-myshlenie.html> (Date of access 10.02.2017).

10 Kadyşeva, S. N., Petrakova, T. V. Programmirovaniye na Scratch. [Scratch Programming] – Ekaterinburg, 2021. – 26 p.

11 Guseinova, L. N., Efimova, I. Metodika obucheniya osnovam programmirovaniya uchaihsya mladşih klassov [Methods of teaching the basics of programming to elementary school students]. In Materialy VII Mejdunarodnoi studencheskoi nauchnoi konferensii «Studencheskii nauchnyi forum». [Electronic resource]. – URL: <https://scienceforum.ru/2015/article/2015010999>.

Материал 10.12.21 баспаға түсті.

\*А. Б. Ибашова<sup>1</sup>, Д. Т. Белесова<sup>2</sup>, А. А. Тасболатова<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Республика Казахстан, г. Шымкент;

<sup>3</sup>Гимназия № 8 имени М. Х. Дулати.

Материал поступил в редакцию 10.12.21.

## ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ СРЕДЫ ПРОГРАММИРОВАНИЯ SCRATCH В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

*В статье рассматривается предмет «Цифровая грамотность» в формировании алгоритмического стиля мышления младших школьников, в том числе роль среды программирования «Scratch» и вопросы, связанные с обучением младших школьников программированию. Анализируются основные особенности программы Scratch и используемые в ней процессы. Обсуждаются формирование элементов алгоритмической грамотности младших школьников, навыки, приобретаемые при разработке проектов и в различных областях, условия, которые необходимо соблюдать.*

*В статье рассматриваются подзаголовки, которые необходимо отразить при изучении темы «среда программирования Scratch» младших школьников, рассматриваются пути изучения темы «алгоритмы» и обучения построению алгоритмов в развитии умений логического мышления, анализа и синтеза, отношения между знаниями и умениями, выполняемыми ими действиями.*

*Обучение программированию с нуля мотивирует молодых программистов легко разрабатывать умные и в то же время*

*интересные приложения. Таким образом, эта среда программирования взаимодействует с пользователем и выполняет различные действия. Сделан вывод, что обучение программированию в начальных школах движется вперед с целью развития способности «программировать мышление», чтобы способствовать развитию человеческих ресурсов, способных реагировать на большие изменения в обществе.*

*Ключевые слова: программирование, начальная школа, учебная среда Scratch, алгоритм, цифровая грамотность.*

\*А. В. Ибашова<sup>1</sup>, Д. Т. Белесова<sup>2</sup>, А. А. Тасболатова<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>South Kazakhstan State Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Shymkent;

<sup>3</sup>Gymnasium No.8 named after M. H. Dulati.

Material received on 10.12.21.

## PROBLEMS OF TEACHING THE SCRATCH PROGRAMMING ENVIRONMENT IN ELEMENTARY SCHOOL

*The article deals with the subject of «Digital literacy» in the formation of the algorithmic style of thinking of younger schoolchildren, including the role of the «Scratch» programming environment and issues related to teaching programming to younger schoolchildren. The main features of the Scratch program and the processes used in it are analyzed. The formation of elements of algorithmic literacy of younger schoolchildren, the skills acquired during the development of projects and in various fields, the conditions that must be observed are discussed.*

*The article discusses the subheadings that need to be reflected in the study of the topic «Scratch programming environment» for younger schoolchildren, examines the ways of studying the topic «algorithms» and learning how to build algorithms in the development of logical thinking skills, analysis and synthesis, the relationship between knowledge and skills, the actions performed by them.*

*Learning programming from scratch motivates young programmers to easily develop smart and at the same time interesting applications. Thus, this programming environment interacts with the user and performs various actions. It is concluded that programming training in primary schools is moving forward with the aim of developing the ability to «program thinking» in order to promote the development of human resources capable of responding to major changes in society.*

*Keywords: programming, primary school, learning environment Scratch, algorithm, digital literacy.*

FTAMP 14.25.07

<https://doi.org/10.48081/IQDJ8891>**\*А. Б. Кокажаева<sup>1</sup>, Б. Ә. Лаханова<sup>2</sup>, М. Қ. Абдиева<sup>3</sup>**<sup>1,2,3</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

## **МЕКТЕП ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫНДА ОҚИТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ**

*Қазіргі уақытқа дейін мектеп математика курстарында геометрия пәнін тиімді оқыту өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Заманауи білім берудің тиімді және оңтайлы жолдарын оқушыларға үйрету мен оған дағдыландыру ұстаздардың алдындағы орасан зор жауапкершілік екені бариамызға мәлім. Инновациялық технологияларды қолдану геометрия курсының маңызды ұғымдарын дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда сапалы артықшылықтар беретін деңгейде суреттеуге мүмкіндік береді. Олар көрнекіліктің едәуір артуына, оқушының танымдық белсенділігінің қалыптасуына, ауызша – логикалық және бейнелі ойлау механизмдерінің үйлесуіне негізделген. Осыған орай, мақалада геометриядағы тарауларды топтап қалай тиімді оқытуға және оны бір ғана көрнекі құралға қалай біріктіруге болатындығы туралы баяндалады. Оқытудың мұндай әдіс-тәсілдері оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, геометриялық ұғымдарды дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар есепті шығаруда нәтижеге бағытталған «Мақсатқа жету» технологиясының қолданысы мен тиімділігі көрсетіледі. Бұл әдіс-тәсілдердің басты мақсаты – мектеп геометрия курсының оқытудың заманауи және оңтайлы әдістерін қарастыру.*

*Геометриялық білімнің сапасын жақсартуға негізделген «Өрмекиі тор» әдісі нақты мысалдармен көрсетілген. Мақалада жаңа әдістің барлық қажетті теориялық анықтамасы, оның қолданысы суреттермен кескінделген. Бұл мақалада геометрия пәнін оқытуда пайдаланылатын инновациялық технологияның пайда болу процесі жүзеге асырылатын зерттеу және салыстыру әдістері қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: элементтер, мақсатқа жету, инновациялық технология, геометриялық есептеулер, тәжірибе, зерттеу, дағды, әдіс-тәсіл.*

### **Кіріспе**

Геометрия пәніне деген білім алушылардың қызығушылығын ояту үшін оқыту әдістері мен есептерді тиімді жолмен шығару маңызды рөл атқарады. Геометрияны оқыту мәселелері, геометрияны оқыту әдістемесінің мәселелері Евклид, Архимед және т.б. әртүрлі елдер мен халықтардың ғалымдары мен педагогтарының назарында болды [1]. Білім алушылардың геометрия пәнін терең түсінуі мектеп математика мұғалімінің геометриялық және әдістемелік дайындығының дәрежесіне тәуелді.

Мұғалімнің геометриялық – әдістемелік дайындығына:

- мектеп геометрия курсының теориялық негіздерін жетік білу;
- геометрия ұғымдарын қалыптастыру, теоремаларды дәлелдеу мен есеп шығаруға үйрету әдістемесін жан-жақты меңгеру;
- математиканы оқытудың жалпы әдістері мен тәсілдерін, оқыту үдерісін ұйымдастыру жолдарын білу кіреді.

Геометрия математиканың маңызды салаларының бірі ретінде білім беруде өте маңызды орын алады және оны көптеген елдің ғалымдары қызығушылықпен зерттеді [2]. Біз негізінен қоршаған ортада кездесетін және қолданатын заттардың көпшілігі геометриялық фигуралар мен нысандардан тұрады.

Бұл нысандар мен формаларды тиімді пайдалану олардың арасындағы қатынасты түсінуге байланысты. Геометриялық пішіндер мен нысандар біздің тұрмыстық өміріміздің бөлігі болып табылады. Қандайда бір нысандарды ұтымды зерттеу, сол объект пен оның міндеттері арасындағы қатынасты түсінуге байланысты болмақ [3].

Жалпы математиканың, соның ішінде геометрия ғылымының дамуының әрбір жаңа кезеңі адамзат алдына оқыту мен оқуды жетілдіру міндетін қойды. Орта мектепте геометрияны оқыту әдістемесінің мәселелері бүгінгі күні білім беру мазмұнының жаңаруы мен инновациялық технологияларға байланысты өзекті тақырып болып отыр.

Орта мектептегі білім алушыларға геометрияны түсіну мен оны толыққанды меңгеру қиынға соғатындығы барша мұғалімге аян. Бұл геометриядағы жетістік деңгейі төмен екендігін байқатады. Нәтижесінде математика мен геометрия көптеген білім алушылар үшін қорқынышты, себебі математика – бұл тәуелсіз жүйе [4].

Геометриялық анықтамалар мен теоремаларды есте сақтау және оларды дұрыс түсінулері үшін білім алушыларға түйінді сөздер, сызба және кестелер көрсетіп қана қоймай мысал ретінде есептер келтірудің де маңызы зор [5]. Геометрия пәнін оқыту барысында оқушылар жазықтық пен кеңістікте берілген фигураларды салуға, есептеуге және теоремаларды дәлелдеуге үйренеді.

Геометриялық есептердің бір ерекшелігі оларды тек теориялық негізге сүйенуінде болып табылады. Ол өз кезегінде теориялық материалды анық түсіну арқылы практикада пайдалана білуіне көмектеседі. Соның нәтижесінде, оқушылардың логикалық ойлау қабілеті мен кеңістіктегі қиялы дамып, шығармашылық қабілеті артады [6]. Енді өз тәжірибеміздегі инновациялық әдіс пен технологияны қолдану арқылы геометрия сабақтарындағы қиындықтарды нәтижелі шешудің жолдарын ұсынбақпыз.

**Материалдар және әдістер**

Геометрия пәнінің жүйелі курсы оқытуда оқытушының алдында төмендегідей әдістемелік мәселелер тұрады:

- оқушыларды геометриялық дәл тұжырымдамалар мен пайымдаулар жасауға баулу;
- оқушыны өзінің ой тұжырымын негіздеп айтуға дағдыландыру;
- геометриялық есеп мәтінінен «не берілген», «нені табу немесе дәлелдеу керек» екендігін бөліп алуға және есептің шығарылуын қысқаша жаза білуге машықтандыру;
- есептің шартында және есепті шығару барысында кездесетін әр түрлі жағдайларды сызба түрінде көрсету.

Геометрияны оқытуда планиметрия курсына жазықтықтағы қарапайым негізгі элементтер зерттеліп қарастырылатындықтан оқытушы тиімді әдістерді қолдана отырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын оятып, жан-жақты меңгерте білуі тиіс.

**Зерттеудің нысаны:** жалпы білім беретін мектепте геометрия сабағында оқушылардың топтық оқу іс-әрекетін ұйымдастыру процесі.

**Зерттеудің пәні:** орта мектеп геометрия сабақтарын оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері мен құралдары.

**Мақсаты:** «Өрмекші тор» әдісі мен «Мақсатқа жету» инновациялық технологиясын пайдалану арқылы «Төртбұрыштар» тақырыбын түсіндіру және оларды есептер шешу барысында тиімді іске асыру.

Геометриядағы тақырыптарды бір-бірімен жүйелі байланыста оқыту және есептеулерге берілген мәтіндік есептерді талдай отырып шығару маңыздылығын арттыру керек. Сөзіміздің дәлелі ретінде «Өрмекші

тор» әдісі мен «Мақсатқа жету» инновациялық технологиясы туралы өз зерттеулерімізді қарастырғанды жөн көрдік.

**«Өрмекші тор» әдісі** – берілген мағлұматтарды жіпше тоқып шығып, алынған мәліметтердің түйіндісін әрбіріне сәйкестендіре отырып жазып, қорытынды ой шығару.


8 сынып геометрия курсына «Төртбұрыштар» тарауын «Өрмекші тор» әдісі арқылы жүргізілуін қарастырайық. Төртбұрыш тарауында төртбұрыштың «Параллелограмм», «Тіктөртбұрыш», «Ромб», «Квадрат» және «Трапеция» түрлері жеке тақырыпша ретінде қарастырылады [7].

Төртбұрыш түрлерінің алғашқы аталған төрт түрін оқыту барысында олардың ұқсастықтарын оқушылар байқай бастайды. Алғашқы аталған 4 төртбұрыш түрін салыстыра отырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажырата білу үшін зерттеу нәтижесінде оқытудың *инновациялық технологиясы* - «Өрмекші тор» әдісі қолданысқа енгізілдік.

«Өрмекші тор» әдісінің «Төртбұрыштар» тақырыбында қолданысы:

1-айналым: Тақырыптың жалпы атауы «Төртбұрыштар»

2-айналым: Төртбұрыш түріне қарай төрт тармаққа бөлінеді: Параллелограмм, Тіктөртбұрыш, Ромб, Квадрат.



Сурет 1 – Төртбұрыштар тақырыбының «Өрмекші торда» кескінделуі

3-айналым: Төртбұрыштың түрлерінің қасиеттеріне қарай жекелей тармақтарға жіктеледі.



4-айналым: Төртбұрыш түрлерінің аудандарын, периметрін, диагональдарын табу формулалары жазылады (1-ші сурет).

Сыртқы бөлігінде, яғни нәтижесінде қарастырылған мәліметтер бойынша әрбір төртбұрыштың сызбасы мен анықтамасы ұсынылады.

Бұл әдісті теориялық тұрғысынан салыстыруда ғана қолданып қоймай, есептеулерге арналған тапсырмаларда да беруге болады. Яғни, оқушы бір мезетте бірнеше тақырыпқа есептерді шығара алады.


Есептер шығаруда «Өрмекші тор» әдісінің қолданылуы:

1-айналым: табу керек элементті көрсетіңіз (мысалы, периметрін табыңыз деп келтірейік);

2-айналым: ненің элементін табу керек соны жазамыз (мысалы, төртбұрыш түрлері болғандықтан, ромб, тіктөртбұрыш, параллелограмм, квадрат);

3-айналым: белгілі бір элементтерді жазамыз (есептің шарты бойынша белгілі элементтерін көрсету);

4-айналым: оқушылар шешуін орындайды, нәтижесіне - жауаптарын жазып көрсететін болады (2-ші сурет).



Сурет 2 – Өрмекші торының есеп шығаруда қолданысы

Келесі зерттеу әдісі – геометриялық есептеулерге берілген есептерді шығаруда тиімді инновациялық технологияны қарастыру. Жалпы,

геометриялық есептеулерге берілген есептер сызбасын сызып, элементтерді бір-бірімен байланыстырып, теорияны қолданып, дәлелдеуді қажет етеді.


Бұл, өз кезегінде жаңа тақырыппен енді танысқан оқушы үшін өз беттерінше жұмыс жасауларына қиындықтар туғызып, сабақ мақсатына жете алмай қалу сияқты сәтсіз сабақтарға себеп болады. Содан түрлі ілім мен әдістерді қарастыра отырып, «Конфуций ілімі» мен «Кубизм» әдісін ұштастырып, жаңа өнім «Мақсатқа жету» технологиясы туындады [8].

Ал, білім беру технологиялары дегеніміз не? Оқытудың жоспарланған нәтижесіне жету, процесін суреттеу, өнер, шеберлік, біліктілік жағдайды өзгерту, қайта өңдеу әдістерінің жиынтығы [9].

Білім беру технологиясының мақсаты: оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру, ақыл-ойын дамыту; білім беру технологиясы – оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді [10]. Кез-келген білім беру технологиясы мынадай әрекеттерден тұрады:

- мақсатқа бағытталған;
- ғылыми идеяларға сүйенетін;
- мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің жүйесі;
- нәтижені бағалау өлшемдері;
- нәтижелер;

«Мақсатқа жету» технологиясын қызығушылық ояту мақсатында дизайн ретінде «Пицца бөліктеріне» негізделді (3-ші сурет).



Сурет 3 – «Мақсатқа жету» технологиясы

*Технологияның негізгі ерекшелігі* – алғашқы бір тапсырманы 6 бөліктен тұратын қадам ретінде орындату. «Мақсатқа жету» технологиясының мақсаты – оқушыларға алғашқы бір тапсырманы 6 жақты талдап, толық меңгертуге негізделген.

*«Мақсатқа жету» технологиясының қолданылуы:*

*1-бөлігінде* – оқушы берілген мәтінді оқып, суреттейді яғни, шартын құрады;

*2-бөлігінде* – жұптаса отырып, өз жеке жауаптарын салыстырады, толықтырулар енгізеді;

*3-бөлігінде* – мұғалім оқушыларға шартына сәйкес есептің құрылымының дұрыс нұсқасын көрсетеді, оқушылар өз жауаптарымен салыстыра отырып, өз қателіктерін түзетеді немесе өз жауаптарына сенімді болады;

*4-бөлігінде* – өз жауаптарын ұжым ішінде немесе топ ішінде талқылайды;

*5-бөлігінде* – өрнектелген есепті өздігінен шешеді, сызбасын сызады;

*6-бөлігінде* – толық шығарған оқушылар өз жауаптарын дәлелдейді, қателескен оқушыға үйретеді.

#### **Зерттеу нәтижелері мен талқылау**

Қазіргі қоғамда болашақ маманнан тек қана тиімділік, әрекетшілдік, түпкі нәтиже ғана емес, оның кәсіби шығармашылығы, оның коммуникативтік сапасы, адамдармен (әріптестерімен, достарымен, білім алушылармен, және т.б.) ынтымақтастық қарым-қатынас орната білуі алдымен бағаланады. Осы тұрғысында Е.Н.Князева: «... бүгінде тұлғаның әмбебаптығы, оның жадында ұсталынатын мәліметтер көлемі мен алқабындағы иелік етіп отырған түрлі салалардан меңгерген білімде емес, ал сол ақпаратты бағдарлаудың жалпы жүйесін меңгеруде, тұлғалық сүзгілерді құру – нақты құнды ақпаратты іріктеу тәсілдерін меңгеруде, сондай-ақ тұлғалық іскерліктерді үнемі толықтыруда. Ең бастысы «білу» емес, керісінше қалай табуды білу, талап етілетін білімді қалай тез табу, ең бастысы білімді табуға апарар жол мен шешімін іздеу» деп өз ойын білдіреді [1].

Бұл болашақта шығармашылық әлеуетін іске асыруға дайын, кәсіби іс-әрекетте: қабілетті, икемді, мақсатына жете білетін, стандартты емес мәселелерді шешуге даяр маман даярлау қажеттігін көрсетеді.

Ал болашақ мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігінің негізі «басқару» түсінігінен туындайды. Сондықтан «басқару», «құзырет», «құзыреттілік»,

«басқарушылық құзыреттілік» түсініктерінің психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі зерттелу деңгейін қарастырамыз.

Ең алғаш басқару ұғымы көне қытай ойшылы Конфуцийден бастап, ежелгі грек философтары Платон мен Аристотельдің еңбектерінен көрініс тапқаны белгілі. Оған, Конфуцийдің өз еңбектерінде «ізгілікті басқаруға» ерекше мән берсе, Платон мемлекетте әрбір қоғам мүшесінің мүддесін бірінші орынға шығарады, әйелдер мен еркектер құқықтарын тең дәрежеде қарастырып, бала тәрбиесін мемлекетке жүктейді. Аристотель болса, мемлекетті белгілі бір қоғамдық тұрғылықты орын ретінде қарастыра отырып, Платонның идеалды мемлекетін сынап, отбасы құндылығына мән береді. Екінші ұстаз әл-Фараби болса, идеалды мемлекет болу үшін алдымен, басқару рөлі мен тұлға бойындағы адамгершілік құндылықтарына баса мән берген.

Сондай-ақ, ең алғаш қоғам дамуына қажетті адами сапаларға түркі ғұламалары: Әл-Фараби (әділдік, шынайылық, байқампаздық), Ж. Баласағұн (көрегендік, жомарттық, адалдық), Ибн-Сина (шыншылдық, алғырлық) және т.б. өз еңбектерінде арқау еткен [2]. Бұл сапалар көріп отырғанымыздай қазіргі таңда да өз өзектілігін жоғалтпады деп айта аламыз. Себебі қазіргі жоғары мектеп жаңа материалды түсіндіріп, өз жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін мұғалімдерге ғана емес, сондай-ақ білім алушылардың білімі мен танымдық белсенділігін басқара алатын мамандарды қажет етеді.

Демек «басқару» ұғымының ауқымы кең, ол іс-әрекеттің кез келген түрлері мен салаларында қолданылады. Адамдарға мақсатты әсер етіп, олардың бірлескен қызметін белсендіретін қызмет түрі – басқару. Ол тұлғаның (педагог, тәрбиеленуші) шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі танытуға бағытталған: ұйымдастырушылық, жобалаушы, болжаушы, үйлестіруші және бақылау функцияларында көрінеді.

Осы тұрғысында В. И. Кочетков басқарудың бірінші және екінші деңгейлерінің мақсатын анықтап берді. Басқарудың бірінші деңгейінің мақсаты – алдымен шығармашылық әлеуетін дамытудан, сондай-ақ өзін-өзі дамыту арқылы білім беру мекемелері мамандарының өнімділігін қамтамасыз етуден тұрады. Ал басқарудың екінші деңгейінің мақсаты – әрбір тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктері мен қабілеттерін толықтай ашып, дамыту арқылы оқыту процесін тиімді басқаруды жүзеге асыруға негіздеген [3, б. 28]. Демек, басшылық ету дегеніміз, басқару шешімдерін өзірлеп, қабылдап, енгізу процесі. Ал басқару жекелікке, топтыққа, ұжымдыққа бағыттала отырып, жеке тұлғаның қажеттіліктеріне (құндылықтары, көзқарастары, қарым-қатынастары) әсер етіп, кәсіби іс-әрекеттің тиімділігін арттыратын адамның іс-әрекетін оңтайландыруға бағытталған кәсіби қызмет түрі деп айтуымызға болады.

Ал «құзыреттілік» термині ХХ-ғасырдың 70-інші жылдарынан бастап Еуропа мен АҚШ-та оқытуды жекешелендіруге байланысты қолданылысқа еніп, педагогикаға ХХ ғасырдың соңына қарай толықтай енді. Аталмыш терминде педагогика саласында зерттеушілер Н. Хомский, Р. Уайт, Н. В. Кузьмина, А. К. Маркова, Г. Э. Белицкая, Л. И. Берестова, т.б. еңбектерінде кеңінен қарастырылды.

Н. Хомский «құзыреттілікті» білімнің жоғарғы деңгейі деп түсіндірді [4]. А. К. Маркова құзыреттілік идеясы өзіндік жас ерекшелік қарым-қатынастағы қырынан қарастырды.

Қазіргі кезде педагогикалық әдебиеттерде «құзырет» пен «құзыреттілік» терминдері жиі қолданылады. Э. Р. Саитбаева аталмыш ұғымдар туралы еңбектерді саралай келе, оның 3-тен 37-ге дейін бөліп көрсетілгендігін айтады [5]. Н. Э. Онищенконың зерттеулерінде де «құзыреттілік» ұғымы – жеке психологиялық қасиет ретінде түсіндіріліп, коммуникативтік, тәртіптілік, өзін-өзі дамыту сапалары жан жақты қарастырылады [6].

Отандық әдебиеттерде «құзыреттілік» ұғымын қызмет түрімен байланыстыра отырып, белгілі бір саладағы білім-біліктер тұрғысынан түсіндіріледі. Ал «құзырет» ұғымы тұлғаның, ұйымның құқықтарын білдіреді.

Сонымен қатар, шетелдік заманауи сөздікте «құзыретті» ұғымы – тұлға меңгерген білімі, тәжірибесі бар саласы ретінде беріледі. Соған қоса «competence» сөзі француз, латын, ағылшын тілдерінде аударғанда – талап ету, сәйкес болу, жарамды болу сәйкес келетін, қабілетті деп аударылады.

Ал отандық ғалымдар еңбектерінен қысқаша мәліметтер бере кететін болсақ, Б. Т. Кенжебеков осы түсініктің мәнін, тұлғаның теориялық білімі мен тәжірибелік білігін туындаған мәселелерді шешу барысында қолдана алу даярлығы, қабілеттілігі деп түсіндіреді. Ш. Т. Таубаева, А. К. Мынбаева, З. М. Садвакасовалар «құзыретті» – мақсат, ал «құзыреттілікті» – нәтиже ретінде қарастырады.

К. С. Құдайбергенова «құзыреттілікті» педагогиканың категориясы тұрғысынан жан-жақты зерделеп ол, мұғалімнің құзыреті – кез келген туындаған сұрақтарға нақты жауап беріп, шешім шығаруы деп, сонымен бірге өз қызметінде өзін жан-жақты (білгенін, түсінгенін, меңгергенін, қабілетін) ұсына алуы деп өз пікірін ұсынады [7].

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Сондықтан да психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жасалған талдау, мұғалімнің қызметі, оның мәні, басқарушылық болып табылатындығын көрсетті. Басқарушылық қызмет мұғалімдерді оқытудың құрамдас бөлігі болып табылады, оның кәсіптік маңызды сапасы, заманауи білім шарттарында мағыналы педагогикалық қызметке дайын екендігін,

қабылданған шешімдердің ғылыми негізделген қабілетін және рефлексияны білу болып табылады. Практикалық қызметінде мұғалім басқарушылықтың міндеттерін жүзеге асырада студентті дамытады; оның міндеті – студенттің дамуының мәнін, дамудың көздері мен механизмдерін, даму үдерісін басқару мүмкіндігін зерттеу.

Сонымен қатар, бірқатар зерттеулерде, басқарушылық құзыреттілік оқыту мен өзін-өзі білімдендіру үрдісінде қалыптасқан басқарушылық құзыреттер жиынтығы деп анықталады.

Ал Д. К. Садирбекова, кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі – басқарушылық құзыреттілік деп өз анықтамасын беріп, оны басқару шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ететін тұлғалық сапалардың (білім, білік, дағдылардың) кіріктірілген жиынтығы деп нақты анықтама береді [8].

Демек, басқарудың ең жоғарғы деңгейі алдымен өзін-өзі ұйымдастыру. Білім беру астарында бұл тұлғаның өздігінен білім алуы, өзін-өзі дамытуы және өзін-өзі басқара алуы. Енді осы түсініктерге қысқаша мәлімет бере кетейік.

Жеке тұлғаның әрекеті, қабілеті, мақсаттылығы, белсенділігі, мотивтері, өз әрекетін тиімді жоспарлай білуі, шешім шығара алуы, жауапкершілігі, өзіне сыни қарауы – *өзін-өзі ұйымдастыру* деп аталады.

Ал жеке тұлғаның мақсатқа бағытталған өмірдің қандай да бір саласында (танымдық іс-әрекетінде, ғылымда, мәдениетте саяси және т.б.) жүйелі түрде білімге қол жеткізуі – *өздігінен білім алу* болып табылады.

Жеке тұлғаның мақсатты, саналы, өзі бақылайтын жеке тұлғаны анықтау үрдісі – *өзін-өзі дамыту* деп саналады.

*Өзін-өзі басқару* – жеке тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі реттеуге және қоғамдық қатынастарға қатысушылардың бастамаларына негізделген әлеуметтік басқару түрі.

Сол себепті білім берудегі ең негізгі мәселе, ол қалай басқару, өзін-өзі басқаруды қолдауды дамыту, адамға дамудың қолайлы жолын табуға итермелеу деп санаймыз.

Ал «басқарушылық құзыреттілік» ұғымы әмбебап оқу әрекеттерінің, яғни білім, білік, дағды қалыптасуымен ғана сипатталмайды, білім алушы тұлғаның даму деңгейін көрсетеді, оның оқу білігін, яғни жаңа әлеуметтік тәжірибені белсенді және саналы түрде игерудегі өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіру қабілеті.

Сондықтан да, болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметінде сыни тұрғыдан талданған ақпараттар негізінде дұрыс шешім қабылдау, туындаған түрлі мәселелерді, міндеттерді өз бетінше шеше білуі, мақсат қоя алуы және қажетті ақпараттарды пайдалана білуі басқарушылық құзыреттілігінен

көрініс береді. Сол себепті, басқарушылық құзыреттілік дегеніміз – кез келген істе ізденімпаздық танытып, жауапкершілікпен әрекет етуге бағытталған тұлға еңбегінің нәтижесінде байқалатын, белгілі бір еңбек функциясын қабілеттілікпен, біліктілікпен басқаруға, тиімді нәтижеге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін қалыптасқан ерекше қасиет.

Дейтұрғанмен Э. Ф. Зеер мен А. К. Маркованың көзқарастарында, мұғалімнің басқару құзыреттілігін айқындаудың жеке құрамдас бөлігі жан-жақты қарастырылады. Аталмыш ғалымдар басқарушылық құзыреттерді тұлғалық құзыреттілікті: өзін-өзі көрсету әдісі мен өзін-өзі дамыту, адамның кәсіби деформацияларына қарсы тұру құралдары және жеке құзыреттілік: өзін-өзі реттеу, кәсіби даралықты дамыту, өзін-өзі қорғау қабілеті деген түрлерге бөліп көрсетеді [9, б. 83; 77].

Ал Д. И. Иванов маманның және басқарушының құзыреттілігін, құзыреті бар тұлғаның сипаттамасын қоса алғандағы адамның мінездемесі ретінде қарастырып, құзыреттілікті сипаттайтын құзыреттерді былайша бөледі:

1-ден, жағдайға қарай өз бетінше және топта әрекет етуге, ерекше жағдайларда нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді;

2-ден, әртүрлі пәндер аумағында ортақ болып келетін арнайы немесе пәндік зерттеу әдістерін меңгеру, өз жұмысының нәтижелерін негізді және логикалық түрде ұсыну мүмкіндігі;

3-ден, ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін адамдардың ұжымдық күш-жігерін ұйымдастыруға мүмкіндік беру;

4-ден, қоғамда өзін-өзі қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жеке құзыреттіліктер [10].

### Қорытынды

Жалпы жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, мұғалімнің басқарушылық іс-әрекетіндегі маңызды көріністердің бірі – бақылау, ол білім алушылардың білімін, дағдысын және әдеттерін анықтаудан, бағалаудан тұрады. Демек, маманның басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруда алдымен өзінің болашақ кәсіби қызметінде педагогикалық міндеттерді дұрыс әрі тиімді шеше білетін, басқарудың қажетті деңгейіне ие, мектептегі тәрбие мен білім беруде әр баланың жас ерекшелігіне сай даму процесін толықтай жоспарлап, ұйымдастыруды, бақылауды жүргізе білетін маманды жан-жақты даярлау қажет. Сол себепті нәтижелі басқару үшін болашақ мұғалімде алдымен басқарушылық құзыреттілік қалыптастырылуы керек деп өз ойымызды тұжырымдаймыз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Князева, Е. Н., Князева, Е. Н.** Самоорганизация как путь к самому себе [Текст] // Материалы международной междисциплинарной научной конференции «Третьи Курдюмовские чтения : Синергетика в естественных науках». – Тверь, 2007. – С. 177–185.

2 **Әбдіғапбарова, Ұ. М., Байкулова, А. М.** Түркі ғұламалары еңбектеріндегі харизматикалық лидердің сипаты [Текст] // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – №2 (46). – Алматы, 2015. – Б. 222–226.

3 **Кочетков, В. И.** Педагогический менеджмент как основа реализации иного уровня образования в профессиональном лицее : дис. ... канд. пед. наук. [Текст]. – СПб., 2002. – 234 с.

4 **Chomsky, N.** Language and thinking. [Text] – М. : MSU publishing house, 1972. – P. 122.

5 **Саитбаева, Э. Р.** Самоопределение педагогов – профессионалов в системе дополнительного педагогического образования. [Текст] – М., 2006. – № 2. – С. 49–71.

6 **Онищенко, Н. Э.** Педагогические условия повышения профессиональной компетентности педагогов профильных гуманитарных классов [Текст] // Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена. Аспирантские тетради : Научный журнал. – СПб., 2007. – №16 (40). – С. 477–180.

7 **Күдайбергенова, К. С.** Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері : пед. ғыл. док. ... дисс. [Текст] – Алматы, 2010. – 336 б.

8 **Садирбекова, Д. К.** Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру : филос. док. ғыл. ... дисс., [Текст] – Алматы, 2018. – 151 б.

9 **Маркова, А. К.** Психологический анализ профессиональной компетентности учителя [Текст] // Советская педагогика. – 1990. – № 8. – С. 82–88.

10 **Иванов, Д. А.** Экспертиза в образовании : учеб. пособие для студ. высших учеб. заведений [Текст] – М. : Издательский центр «Академия», 2008. – 336 с.

## REFERENCES

1 **Kniazeva, E. N., Kniazeva, E. N.** Samoorganizasiia kak put k samomu sebe [Self-organization as a way to yourself] [Text]. In Materialy mejdunarodnoi

mejdissiplinarnoi nauchnoi konferensii «Treti Kurdmovskie chteniia: Sinergetika v estestvennyh naukah». – Tver, 2007. – P. 177–185.

2 **Äbdıǵapbarova, Ū. M., Baikulova, A. M.** Türkı ğūlamalary eñbekterindegi harizmatikalıq liderdiñ sıpaty [The character of a charismatic leader in the works of Turkic scholars] [Text]. In Abai atyndaǵy QazŪPU habarşysy. Pedagogika ğylymdary seriiasy. – №2 (46). – Almaty, 2015. – P. 222–226.

3 **Kochetkov, V. İ.** Pedagogicheskii menedjment kak osnova realizatsii inogo urovnia obrazovaniia v professionalnom licee : dis. ... kand. ped. nauk. [Pedagogical management as a basis for the implementation of a different level of education in a professional lyceum] [Text]. – St. Peterburg, 2002. – 234 p.

4 **Chomsky, N.** Language and thinking [Language and thinking] [Text]. – M. : MSU publishing house, 1972. – P. 122.

5 **Saitbaeva, E. R.** Samoopredelenie pedagogov-professionalov v sisteme dopolnitelnogo pedagogicheskogo obrazovaniia. [Self-determination of professional teachers in the system of additional pedagogical education] [Text]. – Moscow, 2006. – № 2. – P. 49–71.

6 **Onienko, N. E.** Pedagogicheskie usloviia povyšeniia professionalnoi kompetentnosti pedagogov profilnyh humanitarnykh klassov [Pedagogical conditions for improving the professional competence of teachers of specialized humanities classes] [Text]. In İzvestiia Rossiiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A. İ. Gersena. Aspirantskie tetradı: Nauchnyi jurnal. – St. Peterburg, 2007. – №16 (40). – P. 477–180.

7 **Qūdaibergeneva, K. S.** Qūzyrlylyqtıñ pedagogikalıq kategoriia retinde damuynıñ teoriialıq-ädisnamalıq negizderi : ped. ğyl. dok. ... diss. [Theoretical and methodological foundations of the development of competence as a pedagogical category] [Text]. – Almaty, 2010. – 336 p.

8 **Sadirkbekova, D. K.** Bolaşaq pedagogtardıñ basqaruşylyq qūzyrettiliǵın qalyptastyru: filos.dok.ğyl...diss., [Formation of managerial competencies of future teachers] [Text]. – Almaty, 2018. – 151 p.

9 **Markova, A. K.** Psihologicheskii analiz professionalnoi kompetentnosti uchitelia [Psychological analysis of a teacher's professional competence] [Text]. In Sovetskaia pedagogika. – 1990. – № 8. – P. 82–88.

10 **İvanov, D. A.** Ekspertiza v obrazovanii : ucheb. posobie dlia stud. vysshıh ucheb. zavedenii. [Expertise in education : studies. manual for students. higher studies. establishments] [Text]. – Moscow : İzdatelskii sentr «Akademiia», 2008. – 336 p.

Материал 10.12.21 баспаға түсті.

\**А. М. Байқұлова<sup>1</sup>, А. К. Аманова<sup>2</sup>, Г. К. Джумажанова<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

<sup>3</sup>Университет имени Шакарима города Семей, Республика Казахстан, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 10.12.21.

## ФОРМИРОВАНИЕ УПРАВЛЕНЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

*В статье рассказывается о значении формирования управленческой компетентности будущих учителей. Проблема формирования управленческих компетенций учителя потенциально связана с новыми социальными запросами системы образования. Целью образования становится общекультурное, личностное и познавательное развитие учащихся, обеспечивающее такую ключевую компетенцию, как умение учиться. Впервые анализируются человеческие качества, необходимые для развития общества, труды таких великих мыслителей, как турецкие ученые Ж. Баласағули, аль-Фараби. В основе управленческой компетентности будущего учителя, придавая значение понятию «управление», подчеркивается, что его основу берут работы древних философов Конфуция, Платона, Аристотеля. Рассматривается уровень изученности понятий «управление», «компетенция», «компетентность», «управленческая компетентность» в психолого-педагогической литературе. Приводятся краткие сведения из трудов зарубежных и отечественных ученых. На основе проведенного анализа психолого-педагогических исследований видно, что деятельность учителя, ее сущность, является управленческой.*

*Отмечается, что управленческая деятельность является составной частью обучения учителей, ее профессионально значимое качество, готовность к осмысленной педагогической деятельности в условиях современного образования. В практической деятельности учителя уделяется внимание всестороннему развитию ученика при реализации задач управленческой деятельности.*

*Ключевые слова: управление, компетенция, компетентность, управленческая компетентность, управленческая компетентность будущего педагога.*

\*A. M. Baikulova<sup>1</sup>, A. K. Amanova<sup>2</sup>, G. K. Jumazhanova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

<sup>3</sup>Shakarim University of Semey,  
Republic of Kazakhstan, Semey

## FORMATION OF MANAGERIAL COMPETENCIES OF FUTURE TEACHERS

*The article discusses the importance of forming managerial competencies of future teachers. The problem of the formation of managerial competencies of teachers is potentially related to the new social demands of the education system. The goal of education is the general cultural, personal and cognitive development of students, providing such a key competence as the ability to learn. First of all, the human qualities necessary for the development of society are analyzed in the works of such great thinkers as Turkic scholars Zh. Balasagun, Al-Farabi. Giving importance to the concept of «management», it is noted that the basis of the future teacher's managerial competence goes back to the works of ancient philosophers Confucius, Plato, and Aristotle. The level of study of the concepts «management», «competency», «competence», «managerial competence» in the psychological and pedagogical literature is considered. Brief information is given from the works of foreign and domestic scientists. Based on the analysis of psychological and pedagogical research, it is shown that the activity of the teacher, its essence, is managerial.*

*It is noted that managerial activity is an integral part of teacher training, its professionally significant quality, readiness for meaningful pedagogical activity in the conditions of modern education. In the practical activity of the teacher, importance is attached to the comprehensive development of the student in the implementation of managerial tasks.*

*Keywords: management, competency, competence, managerial competence, managerial competence of a future teacher.*

FTAMP 02.51.45

<https://doi.org/10.48081/MBGX9483>

\*P. C. Желдибаева

Жетісу университеті,

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО-ДАРЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІНДЕГІ «ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ» РӨЛІ

*Берілген зерттеу жұмысы жаһандық құзіреттілікке ие білікті педагог-психологтарды («Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының түлектері) дайындау мен қазақстандық университеттердің болашақ педагог-психологтарының жаһандық құзыреттерін дамытудың басым бағыттарын айқындауға бағытталған. Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін «педагогика және психология» оқу бағдарламасының білімгерлері арасында пилоттық сауалнама жүргізілген. Пилоттық сауалнама алдында болашақ педагог-психологтардың арасында жаһандық құзыреттіліктің ағымдағы деңгейін анықтап, проблемалық тұстарды айқындау міндеті тұрды. Сауалнама келесідей үш аспектіге негізделді: басқа елдердің мәдениетіне деген қызығушылық, университеттегі жаһандық құзыреттер саласындағы қызметі және білімгерлердің шет тілдерін меңгеруі. Сауалнама сонымен қатар білімгерлердің халықаралық жаңалықтар туралы жеке пікірі, оқу жылы бойындағы мәдени алуандылыққа арналған іс-шараларға қатысу, оқу үдерісі барысында әлемдік оқиғаларды топта талқылауға қатысу, группаластарымен бірге жаһандық проблемаларды талдау және т.б. туралы сұрақтарды қамтыды. Сондай-ақ, берілген мақалада болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзіреттілігін дамытудағы ЖОО-ның рөлі қарастырылып, кейбір мәселелерді оңтайлы шешу жолдары ұсынылған. Мақала, ең алдымен, психология әдіскерлеріне, оқу орындарының басшыларына, ЖОО оқытушыларына, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі дамытуға ұмтылатын педагог-психологтарға пайдалы болуы мүмкін.*



*Кілтті сөздер: кәсіби құзіреттілік, жоғары білім, педагог-психолог, жаһандық құзыреттілік.*

### **Кіріспе**

Дамудың қазіргі кезеңінде қазақстандық білім беру ғылыммен ажырамас, органикалық байланыста бола отырып, экономикалық өсудің, мемлекет экономикасының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың неғұрлым қуатты қозғаушы күшіне айналуға, бұл оны елдің ұлттық қауіпсіздігі мен әл-ауқатының маңызды факторларының бірі етеді.

Бүгінгі таңда кәсіпқойлық адамды жұмыс күшіне оңтайлы енгізудің маңызды шарты, жұмысқа орналасудың өзіндік кепілі, ұлттық еңбек нарығының тиімді жұмыс істеуінің факторы болып табылады. Осыған байланысты экономика салалары үшін жоғары білімді және жоғары білікті мамандарды даярлау ұлттық еңбек нарығындағы мемлекеттік саясаттың негізгі құрамдас бөліктерінің біріне айналуға. Бұдан басқа, жоғары білім берудің басым міндеті қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады, бұл Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты басымдығы болып табылады [1]. Біз осы мақсатқа қол жеткізу үшін университет түлектерінің жаһандық құзыреттерге ие болуын және қазақстандық еңбек нарығында ғана емес, сонымен қатар тез өзгеретін әлемнің сын-қатерлеріне дайын бола отырып, шетелде де сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету қажет деп санаймыз.

### **Зерттеудің әдістері мен нәтижесі**

Пилоттық сауалнамада бірнеше таңдау нұсқалары бар пікірлер сауалнамасы қолданылды. Респонденттер бірнеше жауапты таңдай алатындай етіп бірнеше сұрақтар қойылды. Пилоттық сауалнама болашақ педагог-психологтар үшін жаһандық құзыреттіліктің қажеттілігі мен маңыздылығын анықтау мақсатында жүргізілді. Жалпы алғанда, әр түрлі қазақстандық жоғары оқу орындарында білім алатын 100 респондент-магистратура мен бакалавриат білімгерлері 2020–2021 оқу жылы берілген сауалнаманы толтырды. Респонденттердің білім алу деңгейі келесідей болды: 50 % – магистратура, 50 % – бакалавриат. Сауалнама үш аспектіге негізделді:

Басқа елдердің мәдениетіне деген қызығушылық. Бұл параметр респонденттер әр түрлі мәдениеттегі адамдармен қарым-қатынас жасағанда не істей алатындығын сипаттайды. Олар мәдени нормаларды, өзара әрекеттесу стильдерін және мәдениетаралық контексттің формальдылық дәрежесін қаншалықты түсінеді және олардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасын қажеттіліктерге икемді түрде бейімдей алу дәрежесі айқындалады. Бұл

өлшем қ диалог үшін ризашылық, басқаларды түсінуге деген ұмтылыс және маргиналданған топтарды тартуға күш салу туралы. Ол айырмашылықтарға қарамастан, ашық, өзекті және тиімді тәсілдермен адамдардың басқалармен қарым-қатынас жасау қабілетіне баса назар аударады. Ашық қарым-қатынас дегеніміз–барлық қатысушылар сезімталдықты, қызығушылықты және басқа адамдармен және олардың көзқарастарымен өзара әрекеттесуге дайын екендігін көрсететін қарым-қатынас. Сәйкестік екі жақтың күтілетін мәдени нормаларын құрметтейтін өзара әрекеттесуді білдіреді.

Университеттегі жаһандық құзыреттер саласындағы қызмет. Бұл аспект зерттеу жүргізілетін университеттегі респонденттер келесі іс-шараларды іске асыру-асырмауын қарастырады: елдер экономикаларының өзара байланысын зерттеу, аудиториядағы басқа адамдармен қақтығыстарды шешуді үйрену, әр түрлі мәдениеттер туралы білу, газет оқу, интернет желісі арқылы жаңалықтар іздеу немесе сабақ барысында жаңалықтарды бірге көру, оқытушыларды халықаралық жаңалықтар туралы жеке пікірлерін білдіруге шақыру, оқу жылы ішінде мәдени әртүрлілік шараларына қатысу, әлемдік оқиғаларды талқылауға қатысу, сабақ барысында шағын топтардағы группаластармен жаһандық мәселелерді талдау, әр түрлі мәдениеттерден шыққан адамдар белгілі бір мәселелер бойынша әр түрлі көзқарастарға ие бола алатындығын түсіну, әр түрлі ортадан шыққан адамдармен сөйлесуді үйрену.

Шет тілдерін білу. Бұл аспект білімгердің қанша шет тілін меңгергені жөнінде ақпарат береді. Жаһандану дәуірінде шет тілдерін үйрену өзектілігін жоғалтпайды. Білімгерлер өздерінің кәсіби, шығармашылық және әлеуметтік-мәдени ұмтылыстарын сәтті жүзеге асыру үшін шет тілдерін өсіресе ағылшын тілін меңгеруі қажет деп санаймыз. Болашақ педагог-психологтарды даярлауда халықаралық тілдерді оқытудың рөлі артып келеді. Болашақ педагог-психологтардың шет тілдерін оқыту процесі функционалдық бағытқа ие болады және шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыруды қамтиды. Оқытудың неғұрлым танымал стратегиялары халықаралық іскерлік қарым-қатынастың қазіргі заманғы түрлеріне ұқсас оқыту әдістері болып табылады: іскерлік және рөлдік ойындар, дөңгелек үстелдер, дебаттар, конференциялар, жобалау қызметі, кейстерді талдау, шет тіліндегі құжаттармен жұмыс, т.б.

### **Нәтижелер және талқылау**



Сурет 1 – Әрбір мәлімдеменің респондентті қаншалықты дұрыс сипаттайтыны туралы сұрақтар

Сауалнамаға жауаптарға сүйенсек, сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі, 76 %, басқа мәдениеттерді зерттеуге жоғары қызығушылық танытқанын көрсетті. 18 %-ы бұған сенімді емес және тек 6 %-ы басқа мәдениеттерді зерттеуге ынталы емес. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым көпшілігі басқа мәдениеттермен танысу арқылы өздерінің кәсіби дағдыларын арттыру қабілетіне нық сенетін көруге болады.



Сурет 4 – Әрбір мәлімдеменің респондентті қаншалықты дұрыс сипаттайтыны туралы сұрақтар

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, өкінішке орай, жаһандық құзыреттілікті дамытатын және студенттердің шетелде жұмыс істеуге және кәсіби дамуға дайындық деңгейін арттыратын іс-шараларды ұйымдастыру деңгейінің жеткіліксіздігі байқалады.



Сурет 5 – Шет тілдерін меңгерген студенттердің үлесі

Шетел тілдерін меңгеру құзіреттіліктерін зерттеуге сәйкес, респонденттердің 35 %-ы шет тілдерін білмейді, пилоттық сауалнамаға қатысушылардың 42 %-ы 1 шет тілін (көп жағдайда ағылшын тілін) білсе, студенттердің 12 %-ы 2 шет тілін біледі, және респонденттердің тек 1 %-ы 3-тен астам шетел тілін меңгерген.

#### Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, көптеген білімгерлер өздерін әлемнің азаматтары деп санайды және сыртқы әлемді ашуға және жаһандық құзіреттілікті дамытуға дайын. Бізге бұл ең алдымен жаһандану мен интернеттің әсері, студенттер қоршаған әлем туралы әлеуметтік желілер, шетелдік әдебиеттер, фильмдер және т. б. арқылы білетін сияқты. Сонымен қатар, сұралған болашақ педагог-психологтар басқа мәдениеттер үшін ашық болғанына қарамастан, олар халықаралық студенттік бағдарламалар шеңберінде оқу үшін елден кетуге асықпайды, мұны шетелде оқу бағдарламаларына қатысушылардың төмен пайызы – бар болғаны 13 %, сондай-ақ шет тілдерін білудің онша жоғары емес көрсеткіші дәлелдейді.

Қорытындылай келе, алынған нәтижелерді түсіндіре отырып, студенттердің жаһандық кәсіби құзыреттілікке дағдылануы түлектерге шетелде жұмыс істеуге ғана емес, сонымен қатар өздігінен білім алуға және өзін-өзі дамытуға ашықтықты, өмір бойы оқыту тұжырымдамасына адалдықты, формалды да бейресми де оқуға дайындығын дамытуға

мүмкіндік береді деп айта аламыз. Сонымен, біз университеттегі жаһандық құзыреттер бойынша қызметті қолдау, сонымен қатар студенттердің жаһандық құзыреттіліктерін дамытуға және олардың отандық және шетелдік оқу орындарында жұмыс істеуге дайын болуына бағытталған оқу бағдарламасына пәндерді қосу өте маңызды деп санаймыз.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>

2 «Біріккен Ұлттар Ұйымының мыңжылдық декларациясы» 2000 жылғы 8 қыркүйектегі мыңжылдық Саммит материалдары. [Электронды ресурс]. – <https://www.un.org/>.

3 Жаһандану. (2008). Джеймс Артурдың кітабында Иэн Дэвис, Кэрол Хан (ред.). Азаматтық және демократия анықтамалығы. – Лондон : Сейдж, 80–93 б.

4 Қазақстан Республикасының мемлекеттік міндетті білім беру стандарты. Жоғары кәсіби білім. Бакалавриат курсы. ҚР ҚЖО 3.08.003-2011. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Астана. «Педагогика және психология» мамандығы 5В010300. [Электронды ресурс]. – <http://adilet.zan.kz/eng/docs/V1800017669>.

5 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «психологиялық және әлеуметтік жұмыс туралы» бұйрығы. [Электронды ресурс]. – <http://adilet.zan.kz/eng/docs/V1900018764>.

6 21 ғасырдағы Азаматтық: білімге халықаралық көзқарас, Джон Дж. Коган, 2015. – 12 б.

7 **Буа Мансилла, в.** (2016), «қалай жаһандық ойшыл болу керек», білім беру көшбасшылығы, – 74/4. – 10–16 б.

8 **Сапарғалиева, А.** педагог-психологтың кәсіби дайындығын жетілдіру, мамандық бойынша көмекші маман ретінде : PhD доктор диссертациясы / Сапарғалиева Айжан. – Алматы, 2015. – 148 б.

9 **Коутсворт, Дж. Х.** Жаһандану, экономикалық өсу және тарихтағы әл-ауқат. М. Суарес-Ороско және Д. Цин-Хиллиард (ред.), жаһандану: жаңа мыңжылдықтағы мәдениет және білім. – Беркли және Лос-Анджелес, Калифорния : Калифорния университетінің баспасы, 2004.

10 **Реймерс, Ф.** «Жаһандық құзыреттілік» жаһандық табыстың міндетті шарты болып табылады // Жоғары білім шежіресі, 2009. – 55(21). – 29.

#### REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasynda bilim berýdi damytýdyń 2020-2025 jylǵarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy [State program for the development of education in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025] <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>.

2 «Birikken Ulttar Uıymynyń myńjyldyq deklarasiyası» 2000 jylǵy 8 qyrkúektegi myńjyldyq Samit materialdary [Millennium Declaration of the United Nations] materials of the Millennium Summit of September 8, 2000]. [Electronic resource]. – <https://www.un.org/>.

3 Jahandaný. Djeıms Artýrдың kitabynda Ien Devıs, Kerol Han (red.). Azamatyq jáne demokratia anyqtamalyǵy [Globalization. (2008). In James Arthur's book Ian Davis, Carol Khan (Ed.). In Handbook of citizenship and democracy]. – London : Seıdj, 2008. – 80–93 p.

4 Qazaqstan Respublikasynyń memlekettik mindetti bilim berý standarty. Jogary kásibi bilim. Bakalavriat kýrsy. [State mandatory educational standard of the Republic of Kazakhstan. Higher professional education] QR QJO 3.08.003-2011. Qazaqstan Respublikasy Bilim jáne ǵylym ministrliǵı. Astana. «Pedagogika jáne psihologiya» mamandyǵy 5V010300. [Electronic resource]. – <http://adilet.zan.kz/eng/docs/V1800017669>.

5 Qazaqstan Respublikasy Eńbek jáne halyqty áleymettik qorǵaý ministriniń «psihologialyq jáne áleymettik jumys týraly» buıryǵy [Order of the minister of Labor and social protection of the population of the Republic of Kazakhstan «on psychological and social work»]. [Electronic resorce]. – <http://adilet.zan.kz/eng/docs/V1900018764>.

6 21 ǵasyrdaǵy Azamatyq : bilimge halyqaralyq kózqaras [Citizenship in the 21st century : an international approach to education]. – Djon Dj. Kogan, 2015. – 12 p.

7 **Býa Mansilla, V.** «Qalaı jahandyq oıshyl bolý kerek», bilim berý kóshbasshylyǵy [Bois Mansilla, «How to become a global thinker», educational leadership]. – Volume 74/4. – 2016. – P. 10–16.

8 **Sapargaljeva, A.** pedagog-psihologtyń kásibi daıyndyǵyn jetildirý, mamandyq boıynsha kómekshi maman retinde, PhD doktor disertasiyası : [Improving the professional training of a teacher-psychologist as an assistant specialist in the specialty : PhD dissertation] / Sapargaljeva Aıjan. – Almaty, 2015. – 148 p.

9 **Koýtsvort, Dj. H.** Jahandaný, ekonomikalıq ósý jáne tarıhtaǵy ál-aýqat [Globalization, economic growth and well-being in history]. M. Sýares-Orosko

Jáne D. Sin-Hilliard (red.), Jahandaný : jańa myńjyldyqtaǵy mádeniet jáne bilim. – Berkli jáne Los-Andjeles, Kalifornia : Kalifornia ýniversitetiniń baspasy, 2004.

10 Reimers, F. «Jahandyq quzyrettilik» jahandyq tabystyń mindetti sharty bolyp tabylady. [«Global competence» is a prerequisite for global success. In Joǵary bilim shejiresi [Chronicle of Higher Education]. – 2009. – 55(21). – 29.

Материал 10.12.21 баспаға түсті.

\*Р. С. Желдибаева

Жетысуский университет,

Республика Казахстан, г. Талдыкорган.

Материал поступил в редакцию 10.12.21.

### **РОЛЬ «ГЛОБАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ» В ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЯХ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ В КАЗАХСТАНСКИХ ВУЗАХ**

*Данное исследование направлено на определение приоритетных направлений подготовки квалифицированных педагогов-психологов (выпускников образовательной программы «Педагогика и психология»), обладающих глобальными компетенциями, и развития глобальных компетенций будущих педагогов-психологов университетов Казахстана. Пилотный опрос проводился с целью определения текущего уровня глобальной компетентности среди будущих педагогов-психологов. Опрос также включал вопросы о личном мнении обучающихся о международных открытиях, участии в мероприятиях, посвященных культурному разнообразию в течение учебного года, участии в групповом обсуждении мировых событий в процессе обучения, анализе глобальных проблем с группами и др. Статья может быть полезна, прежде всего, методистам психологии, руководителям учебных заведений, преподавателям вузов, а также педагогам-психологам, стремящимся к профессиональному саморазвитию. Статья может быть полезна, прежде всего, методистам психологии, руководителям учебных заведений, преподавателям вузов, а также педагогам-психологам, стремящимся к профессиональному саморазвитию.*

*Ключевые слова: профессиональные компетенции, высшее образование, педагог-психолог, глобальная компетентность.*

\*R. S. Zheldibayeva

Zhetysu University,

Republic of Kazakhsatan, TalDYKorgan.

Material received on 10.12.21.

### **THE ROLE OF «GLOBAL COMPETENCE» IN THE PROFESSIONAL COMPETENCIES OF FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS IN KAZAKH UNIVERSITIES**

*This study is aimed at determining the priority areas of training qualified teachers-psychologists (graduates of the educational program «Pedagogy and Psychology») with global competencies, and the development of global competencies of future teachers-psychologists of universities of Kazakhstan. The pilot survey was conducted to determine the current level of global competence among future educational psychologists. The survey also included questions about the personal opinion of students about international discoveries, participation in events dedicated to cultural diversity during the academic year, participation in a group discussion of world events in the learning process, analysis of global problems with groups, etc. The article can be useful, first of all, to methodologists of psychology, heads of educational institutions, university teachers, as well as educational psychologists seeking professional self-development. The article can be useful, first of all, to methodologists of psychology, heads of educational institutions, university teachers, as well as educational psychologists seeking professional self-development.*

*Keywords: professional competencies, higher education, educational psychologist, global competence.*

<https://doi.org/10.48081/HLKD6083>

**\*М. О. Искакова<sup>1</sup>, Г. А. Шаяхметова<sup>2</sup>, И. А. Оралканова<sup>3</sup>,  
С. А. Рапикова<sup>4</sup>, А. В. Рахымбердиева<sup>5</sup>**

<sup>1,2,3,4,5</sup> Alikhan Bokeikhan University,  
Республика Казахстан, г. Семей

## **СИТУАЦИОННЫЕ И РОЛЕВЫЕ ИГРЫ – ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ**

Данная статья направлена на изучение метода обучения иностранному языку в школе посредством ситуационных и ролевых игр. Авторами в рамках исследовательской работы проанализирован Государственный общеобязательный стандарт начального и общего среднего образования, в частности пункт, посвященный изучению иностранного языка с ожидаемыми результатами обучения. Также в данной статье авторами рассмотрена «сфера игры» жизнедеятельности школьников и ее использование в учебном процессе при изучении иностранного языка. Авторами в статье приведены контент-анализы определений понятий «игра», «ситуационная игра», «ролевая игра», которые в свою очередь показали, что данный метод в целом направлен на развитие личности, на обучение через близкую детям среду, на воспитание. Каждая из данных видов игр несет в себе свою «изюминку», свое направление обучения. Некоторые осуществляются в малых, а некоторые в больших группах детей. Авторы подчеркивают, что в зависимости от возраста школьника, класса обучения уровень сложности ситуационных и ролевых игр должна увеличиваться. Также затронута тема перехода из традиционных форм обучения в дистанционную в связи с угрозой пандемии (Covid-19), который дал новый толчок во внедрение новых методов и технологий в обучение, что в свою очередь развивает интерактивный вид общения учащегося с учителем через Zoom, Skype и т.д.

Ключевые слова: игра, иностранный язык, ситуационные игры, ролевые игры, обучение.

### **Введение**

Перед педагогическим сообществом всегда стоят извечные вопросы: как учить? Какие методы будут эффективными при обучении?

В своей профессиональной деятельности учитель использует различные методы и технологии обучения, так как они являются «мостом», который приводит в намеченной цели. В педагогике насчитывается множество различных методов и технологий, но их эффективность определяется наличием определенного результата в обучении.

Обучение характеризуют как передачу другим лицам определенных знаний, умений и навыков и оно будет эффективным только при активном познавательном участии самого ученика.

А для повышения познавательной активности обучаемых учитель должен создать все необходимые условия, предоставить нужные средства и информации.

### **Материалы и методы**

В рамках исследования нами были проанализированы Государственный общеобязательный стандарт начального и общего среднего образования Республики Казахстан, где приведены перечни ожидаемых результатов по завершении образования по образовательной области «Язык и литература» [1,2]. В таблице 1 приведена перечень ожидаемых результатов по окончании обучения предмету «Иностранный язык» [1, 2]:

Таблица 1 – Перечень ожидаемых результатов при завершении обучения предмета «Иностранный язык» [1, 2]

Наименование	Перечень ожидаемых результатов			
	Аудирование	Говорение	Чтение	Письмо
Государственный общеобязательный стандарт начального образования РК	понимать основное содержание беседы на знакомую тематику, распознавать звучание знакомых слов и фраз; понимать вопросы о цвете и числах; использовать контекстные подсказки для прогнозирования содержания и смысла короткой беседы на знакомую тематику; понимать общий смысл коротких историй, звучащих медленно и отчетливо	формулировать основные утверждения и высказывания о себе, формулировать вопросы; отвечать на вопросы; произносить с правильной интонацией и ударением основные слова и фразы при описании предметов и событий; выражать, что ему нравится и не нравится	использовать иллюстрированный словарь; читать и понимать небольшие художественные и нехудожественные тексты; определять основной смысл небольших текстов; определять специфичную информацию и детали в небольших текстах	правильно писать часто употребляемые слова; писать под диктовку короткие предложения; правильно ставить знаки препинания в конце предложений

Государственный общеобразовательный стандарт общего среднего образования РК	понимать основной смысл четко произнесенных высказываний в пределах литературной нормы, простые информационные сообщения; уметь следить за основными моментами долгой дискуссии в общих чертах; понимать лекцию или беседу по учебной и профессиональной тематике; понимать подробные инструкции технического характера; большую часть телевизионных программ по интересующей тематике	уметь описывать что-либо или рассказывать в форме ряда последовательных утверждений; пересказывать сюжет книги или фильма и описывать свою реакцию на него; делать короткие, отрепетированные объявления по теме в рамках учебной деятельности; делать доклад, отвечать на ряд вопросов по своему выступлению; описывать свой опыт, формулируя свои чувства и реакцию на него в сложный связный текст	понимать в деталях простые тексты, описание событий, ощущений и желаний в личных письмах; уметь читать длинные тексты художественной и нехудожественной литературы; выявлять основные положения разных типов газетных статей, использовать в незнакомые бумажные и цифровые ресурсы для проверки значения и расширения понимания	уметь писать простые связанные тексты по широкому кругу знакомых и интересующих вопросов, находящимся в рамках поля деятельности; писать личные письма, рассказывая о новостях и своих мыслях, касающихся культуры: музыки, фильмов; делать записи в виде списка ключевых моментов во время простой лекции; пересказать историю в письменном виде
---	--	---	--	---

Как мы видим по таблице 1 объем сформированных компетенций расширяется и углубляется с переходом в старшие классы. Это приведено в Государственном общеобразовательном стандарте общего среднего образования, где описывается, что: данный курс повышает уверенность обучающихся при общении в различных жизненных ситуациях, предоставляет доступ к высшему образованию не только в Казахстане, но и за рубежом, расширяет доступ к аутентичным текстам литературных произведений на языке оригинала.

Данный учебный предмет направлен на формирование межкультурно-коммуникативных компетенций, позитивного отношения к иному языку и иной культуре, повышение общей культуры, расширение кругозора и знаний о стране изучаемого языка, развитие языковых способностей и языковой догадки, культуры речевого поведения, интереса к изучению иностранного языка, овладение основными характеристиками вторичной языковой личности, способной и готовой к самостоятельному иноязычному общению [1].

Для достижения вышеуказанных результатов обучения следует использовать все сферы деятельности учащихся.

А. В. Мудрик выделяет в качестве доминирующих следующие сферы жизнедеятельности школьников:

- сфера познания,
- сфера предметно-практической деятельности,
- сфера игры,
- сфера спорта,
- сфера общения.

Для эффективности восприятия информации и изучения иностранного языка нами была выбрана сфера игры, так как игры имеют множество форм (индивидуальные, парные, групповые), разнообразное содержание (интеллектуальные, подвижные, ролевые, игры-фантазии и т.д.) [3, с. 17–19].

Раскрывая сферу игры можно сказать, что она развивает активность ребенка, в нашем случае – познавательную активность обучающегося. Независимо от возраста человек всегда заинтересовывается более интересными, подвижными, немного заинтриговывающими играми.

Для того чтобы школьник имел возможность и стремление стать субъектом игры в коллективе, необходимо, чтобы ее содержание и организация позволяли ему удовлетворять потребности подражания и фантазирования. Это происходит тогда, когда и в учебной, и во внеурочной работе со школьниками всех возрастов педагоги рассматривают игру как важную и самостоятельную реальность [3, с. 17].

Социокультурное пространство современного общества и образовательное пространство находятся в тесном взаимодействии, все проблемы социума отражаются в школе [4, с. 11].

#### Результаты и обсуждение

Игровые технологии и их применение были рассмотрены С. А. Араповой, С. Г. Батыревой, О. А. Леонтовичем, Р. П. Мильруд, Е. И. Пассовым, П. И. Пидкасистым, Ю. Я. Пучковой, Д. Б. Элькониным, Л. Б. Барнс, Н. А. Волгиным, Д. Коултер и др. [6, с. 15–18].

Авторами данной статьи предлагаются ситуационные и ролевые игры для изучения иностранного языка школьниками.

А. М. Мендалиева считает, что подход учителя к подаче материала и ее разработанность, способных заинтересовать учащихся, помогут достичь наилучшего эффекта в мотивации обучающихся и в повышении интереса к изучению иностранного языка [5, с. 59–62].

Для начала раскроем понятия «игра», «ситуационная игра», «ролевая игра» (таблица 2–4).

Таблица 2 – Контент анализ понятия «игра»

Автор	Определение
С.И. Ожегов [7]	занятие, служащее для развлечения, отдыха спортивного соревнования
П.И. Пидкасистый, Ж.С. Хайдаров [8]	игра есть то, что задумано и сделано; то, что есть, что думает и о чем думает субъект, когда он действительно увлечен этой деятельностью с неременной установкой на очевидный всем результат
Г.К. Селевко [9]	Игра – это вид деятельности в условиях ситуаций, направленных на воссоздание и усвоение общественного опыта, в котором складывается и совершенствуется самоуправление поведением

Таблица 3 – Контент анализ понятия «ситуационная игра»

Автор	Определение
Г. Лейтц [10]	ситуационные игры являются подвидом активного социально-психологического обучения, которые схожи с ролевыми играми, но обладают диагностической функцией. В отличие от ролевой игры ситуационная игра не обучает определенному ролевому поведению, а способствует развитию умения преодолевать и ориентироваться в трудные ситуации
Е.Н. Корнеева [11]	Разновидность игровых методов активного социально-психологического обучения, при которой участники действуют в рамках заданной ситуации, руководствуясь ее объективными характеристиками и своими субъективными представлениями

Таблица 4 – Контент анализ понятия «ролевая игра»

Автор	Определение
М.Р. Львов [12]	Это вид взаимодействия, который дает возможность смоделировать ситуации реального общения. Это вид взаимодействия, который имеет черты диалога, так как организован как общение нескольких человек
Т.Н. Рычина [13]	это интерактивный метод, который позволяет обучаться на собственном опыте путем специально организованного и регулируемого «проживания» жизненной и профессиональной ситуации.
Педагогический словарь [14]	игра – это форма деятельности в условных ситуациях, направленная на воссоздание и усвоение общественного опыта, фиксированного в социально-закрепленных способах осуществления предметных действий, в предметах науки и культуры

Анализ вышеприведенных определений показал, что данный вид деятельности в целом направлен на развитие личности, на обучение через близкую детям среду, на воспитание. Каждая из данных видов игр несет в себе свою «изюминку», свое направление обучения. Некоторые осуществляются в малых, а некоторые в больших группах детей.

Изменения за последние два года, внесенные в систему образования из-за угрозы пандемии (Covid-19), дал новый толчок во внедрение новых методов и технологий в обучение. Традиционные формы обучения были переведены в дистанционную, что в свою очередь развивает интерактивный вид общения учащегося с учителем через Zoom, Skype и т.д.

Изучением проблемы дистанционного образования занимались Л. В. Кузьмина, М. В. Мухина, Г. Г. Блоховцева, И. В. Калачева и др.

Дистанционная форма обучения имеет как положительные преимущества в обучении, так и недостатки. Одним из главных недостатков дистанционного обучения является отсутствие мотивации к обучению у детей.

Вопрос «мотивации» рассмотрен рядом ученых. Но хотелось бы остановиться внимание на исследовании «мотивации» Джоном Келлером, который рассмотрел проблему как фактор, оказывающий влияние на процесс овладения знаниями, умениями и навыками. Джоном Келлером была создана модель мотивации ARCS (внимания (attention), актуальность (relevance), уверенность ('confidence') и удовлетворения ('satisfaction')).

Как мы видим, все четыре составляющих модели имеют огромную роль в организации обучения в дистанционном формате, в нашем случае – при использовании ситуационных и ролевых игр на уроках, так как: появляется интерес обучающихся – заостряется внимание, использование игровых методов с вовлечением непосредственно самих обучающихся – подчеркивает актуальность, нацеленность на успех позволяет выработать уверенность, а похвала – удовлетворенность.

Организация ситуационных и ролевых игр в дистанционном формате требует тщательной подготовки учителя. Данный вид игр позволит каждому обучающемуся получить опыт проживания представленных ситуаций, которые могли бы с ними случиться в реальной жизни [15, с. 22–25].

Технология осуществления и использования игр в дистанционном образовательном процессе должна быть четко продумана и запланирована учителем заранее.

Стоит подчеркнуть, что в зависимости от возраста школьника, класса обучения уровень сложности ситуационных и ролевых игр должна увеличиваться.

Соловова Е. Н. выделяет ряд факторов, которые необходимо учитывать при создании игровой ситуации и спровоцировать высказывания учащихся [15, 16]:

- представить себе подобную ситуацию в реальном общении;
- определить место и время данной ситуации;
- определить партнеров по общению и их характеры;

- определить цель общения;
- довести информацию до учащихся.

Одной из актуальных тем для обсуждения детей может выступить «Birthday present». Можно предложить детям просмотреть дома отрезок фильма про Гарри Поттера, где он и Рон Уизли получают подарки. Затем выбрать себе пару и с ним придумать и обсудить подарок для Гарри Поттера и Рона Уизли.

Егер, жаңа кезеңнің сөзсіздігі айқын болса, онда беталды әрекет жасамау үшін біздің ғылымымызды мазмұны жағынан да, ұйымдастыру бойынша да қайта құрудың стратегиялық бағыттарын қарастыру керек. Ол үшін педагогиканы дамытудың жаңа кезеңінің тұжырымдамасын әзірлеу және жан-жақты негіздеу қажет. Мұндай тұжырымдаманы әзірлеу: 1) педагогика ғылымын дамытудың түбегейлі жаңа кезеңінің әлеуметтік және педагогикалық заңдылығын негіздеу; 2) жаңа кезеңнің мәнін, оның ерекшелігін ашу; 3) жаңа кезеңнің педагогикаға қоятын міндеттерін айқындау; 4) осы міндеттерді шешу бағыттарын ашуды көздейді.

Қазіргі уақытта жас ұрпақтың тәрбиелік және білім беру деңгейін түбегейлі арттырудың әлеуметтік қажеттілігі, педагогика ғылымы мен білім беру жүйесінің қазіргі даму деңгейі арасындағы ұзақ уақытқа созылған қайшылықтар күшейе түсті. Бұл қарама-қайшылық педагогикада пайда болған, екі негізгі «ауырсыну нүктесін»: педагогикалық теорияның практикамен байланыс тетіктерінің тиімділігі және жаңа педагогикалық идеялар қажеттілігі, олардың жетіспеушілігі, педагогика ғылымында орын алатын «тоқырау» тенденцияларының көрінісін алға тартып отыр.

Педагогика ғылымының қоғамдық өмір сұраныстарынан артта қалуының негізгі себептерінің бірі, оқыту мен тәрбиелеу практикасы педагогикада

(педагогикалық санада), педагогикалық ғылымды ұйымдастыруда және басқаруда, педагогикалық теория мен мектептің (білім беру жүйесінің) эволюциялық даму жолдарында әлеуметтік-гносологиялық көзқарастың тамыр алып отырғанында. Сонымен қатар, педагогикалық ғылым мен практиканың дамуының үлкен, ауқымды және болжамдық «серпілістерге» алып келетін революциялық әрекетке көбіміздің даярлығымыз да болмады. Бұл, қоғамдық өмірдің барлық салаларында, оның ішінде білім беру саласында революциялық қайта құру қажеттілігіне даяр болмағандығымызды айқын көрсетті.

Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда, білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты көтеру жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана алатын ұстаздардың ғана жұмысы жемісті болмақ [1]. Мұндайда, қызықты және жемісті идеялары бар энтузиаст-мұғалімдерді іздестіруді алға қою керек.

Жоғарыда аталған көзқарас, сайып келгенде, догматизмнің ғылыми-педагогикалық ойлауда, ғылымдағы жетекші ғалымның идеялар генераторы екенін, ғылыми мектептерді елемеуі, оларды көру, қолдау қабілетсіздігі, әсіресе теория мен практикада шынымен жаңа, ал ғылымды басқару мен ұйымдастыруда таза әкімшілік-командалық, динамикалық емес формалары, ашық және тең (лауазымына қарамастан) пікірталастарға немқұрайлы қарау және «күкықты» монополияландыруға деген ұмтылыстардың айқын көрінуіне әкелді.

Ғылымның практикадан, мектептің сұраныстарынан бөлінуі практиканың эволюциялық дамуына бағдарлануының салдары болып табылады: егер мән емес, құбылыс өзгерсе, нақтылылық, сапа күтілмесе, мектеп болмысының «бөлшектері»: мазмұны, әдістері, оқыту мен тәрбиенің ұйымдастырушылық формалары және т.б., нақтылы қайта құруға негізделмесе педагогикалық шындықты терең зерттеудің қажеті жоқ, мұндай жағдайда өткен тәжірибемен шектелсекте болады.

Осының салдарынан, көптеген ғылыми-этикалық құндылықтардың деформациясы пайда бола бастады. Эволюциялық тұрғыдан алғанда, жаңашыл-мұғалімдер де, жаңашыл-ғалымдар да, ғылым мен практиканы дамыту ережесінен ауытқығаны аномалияға тап болған секілді. Мысалы, монографиялар жазуда жаңа идеяларды ұсыну, оларды әзірлеу және енгізу мәселелерінен гөрі зерттеулердің нәтижесіне баса назар аударылды.

Ғылымның экстенсивтік дамуы зерттеудің жаңа бағыттарын ашуға және қолдауға, шындықтың қайшылықтарын ашуға, ғылымдағы бюрократизмді жеңуге аз ықпал етеді.

Мұндай жағдайда, оқыту мен тәрбиелеуге біртұтас көзқарас қажет те емес. Сондықтан, педагогикалық ғылым мен білім беруді түбегейлі қайта құру үшін, ең алдымен, педагогикалық ғылымның әдіснамалық сәйкессіздікке және оны ұйымдастыру формаларының сандық, мәні жоқ білімнің өсуіне бағдарлануын, педагогикалық практикаға қатысты ойластырылған көзқарасты, яғни эволюциялық әлеуметтік-гносологиялық көзқарасты жеңу қажет.

Мұның бәрі, жаңа кезеңдегі жағдайда, әлеуметтік және педагогикалық қажеттіліктердің заңдылығын сипаттайды.

Бұл кезеңнің мәні мен ерекшелігі, ең алдымен, жаппай педагогикалық санада кең таралуымен, санаға жаңа ойлауды енгізумен - мәні бойынша инновациялық және догматизмге қарсы ғылыми-педагогикалық ойлау стиліне байланысты. Оған: әдіснамалық және дүниетанымдық көзқарас ретіндегі белсенді антидогматизм, педагогикалық білімді дәйекті диалектизациялау және осыған байланысты нақты шындық қайшылықтары мен педагогикалық зерттеу әдістерінің логикасын ашуға және шешуге гносологиялық көзқарас ретінде диалектиканы органикалық түрде (сөзбен емес, іс жүзінде) қосу; ойлаудың сындарлы-сыни сипаты, демократизм және практикаға үнемі жүгіну тән болуы тиіс.

Педагогикалық ғылымның дамуындағы жаңа кезең тұжырымдамасының жетекші принципі - педагогикалық теория, оқыту мен тәрбие практикасының негізгі аспектілерін үнемі жаңартып отыру, жаңарған ойлау стилі анықтай алады.

Бұл, принцип сандық, біртіндеп (эволюциялық) және сапалық секіріс тәрізді (мәні бойынша революциялық) өзгерістердің диалектикасын көрсетеді, яғни аталған принцип қазіргі әлемдегі әлеуметтік - экономикалық және ғылыми-техникалық прогресстің табиғи үдеуі жағдайында ерекше маңызды.

Ғылымның дамуындағы жаңа кезеңнің мұндай сипаты оның алдында тұрған міндеттерді: 1) педагогика әдіснамасын қайта құру, педагогикалық зерттеу әдістерін байыту; 2) педагогиканың мәдениеттанымдық (мәдениеттің функциональдық мәнін - адамдардың нақтылы әрекет тәсілдерін қамтамасыз ететін құралдар жүйесі ретінде қарастыру) қағидаттарын шығармашылықпен дамыту [2]; 3) педагогикалық білімнің жетекші салаларын қайта құру және дамыту; 4) педагогикалық теорияның практикамен байланысының жаңа мүмкіндіктерін негіздеу; 5) тиімді педагогикалық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруды анықтауға мүмкіндік береді.

#### **Нәтижелер мен талқылау**

Енді осы мәселелерді шешудің мүмкін және қажетті бағыттарын атайық:

1 Педагогика әдіснамасын қайта құру оның тәжірибеге бет бұруын болжайды. Педагогика әдіснамасын зерттеу пәні тек педагогика саласындағы білім мен таным процестері ғана емес, педагогикалық шындық, оқыту және тәрбиелеу практикасы, олардың табиғи дамуының, қайта құрылуының диалектикасы болуы керек. Әдіснамамен тек жекелеген көрнекті ғылым қайраткерлері ғана айналысады – деген кең тараған ұғым ескірді [3]. Қазір жаңа міндеттерді шешіп жатқан әр ғалымға әдіснамалық қажыр-қайрат, әдіснамалық іс-әрекет керек. Бұл іс-әрекет тәжірибесі іс жүзінде тіркелмеуде, ғалымдардың өздері оны актуалды міндет ретінде ескермеуде. Шамасы, ғалымды әдіснамалық іс-әрекетке үйретуге болмайтын сияқты. Ал, әдіснамалық іс-әрекеттің алғы шарты ретінде, оның әдіснамалық мәдениетінің қалыптасуына көмектесуге болады. Бұл мақсатқа жетудің бір құралы-әр типтегі әдіснамалық іс-әрекеттің жалпы схемаларын білу деп есептейміз. Оларды меңгеру нәтижесінде зерттеушіде айқын бағдар пайда болады. Біздің тұжырымдауымызша әдіснама: 1) зерттеудің негізгі бағыттары мен бағдарламаларын анықтау; 2) проблеманың дұрыс қойылуын қамтамасыз ету; 3) ғылыми зерттеулердің әдістері мен құралдарын жасау; 4) нысананы, зерттеудің жалпы жолдарын анықтау; 5) ғалымдарды ғылыми іс-әрекеттің интеллектуалды техникасымен қамтамасыз ету; 6) ғылыми ізденістің жалпы стратегиясын белгілеу; 7) зерттеуші қозғалысын нысаналық мазмұн бойынша түзету; 8) зерттелетін объектідегі принципіалды құрылым мен негізгі, өзара байланыстарды шешу; 9) зерттеу нәтижелерін бағалау үшін - критерийлер жасау; 10) ғылыми зерттеудің нысаналығын негіздеу және құру міндеттерін қояды [4]. Аталған, әдіснаманың шығармашылық - өзгертушілік (практика мен теорияға қатысты) функциясы, орын алып отырған, әдіснаманың гносологиялық функциясының абсолюттенуін жоюға алып келеді. Өзгертушілік туралы білім – әдіснаманың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол үшін, ғылымдағы әдіс туралы педагогикадағы тамырланған түсініктерді жеңу керек, таным әдістерін ғана емес, сонымен бірге педагогикалық шындықты өзгерту әдістерін, педагогикалық құбылыстарды өзгерту әдіснамасын да жасау керек. Әдіснама теориясына қатысты инновациялық функцияларды – жаңа педагогикалық идеялармен зерттеу бағыттарын ашу және негіздеу керек.

Әдіснаманың маңызды міндеті – педагогикада ғылыми-педагогикалық ойлаудың диалектикалық шығармашылық (мәні бойынша жаңашыл) стилін дамыту болып табылады. Өкінішке орай, бұл міндетті педагогика методологтары әлі міндет ретінде қойған жоқ. Сондықтан, диалектика теориялық зерттеудің жетекші әдісі ретінде педагогикада жеткіліксіз қолданылап отырған жағдайы бар. Онсыз педагогикалық білім мен



практиканы қажетті деңгейде диалектизациялауды жүзеге асыру мүмкін емес. Әрбір ғалым-педагог үшін педагогикалық шындықтың қайшылықтарына, оны танып-білу мен шешу жолдарына жүгіну, мүмкіндік ретінде қарастырылмай, ереже іспетті болуы керек.

Осы мақсаттарға жету үшін қазіргі зерттеулерде үш негізгі әдіснамалық талаптарды-заңдарды есепке алу қажет. Олардың біріншісі: кез-келген педагогикалық зерттеуде зерттеу объектісінің қарама-қайшылықтарына жүгіну, анықталған қарама-қайшылықтар негізінде зерттеу мәселесін тұжырымдау және ашылған (педагогикалық шындық немесе (және) таным) шешу жолдарын ескере отырып, оны шешудің негіздемесі қажет.

Десекте, жеке мұғалімдер арасында, педагогикада қарама-қайшылықтарға жүгіну педагогикалық зерттеудің негізгі міндеті емес, бұл философиялық зерттеудің міндеті – деп, дәлелдер айтатындар да кездеседі.

Яғни қарама-қайшылықтар әмбебап және ерекше, сондықтан оларды бұл жағдайда зерделеу, арнайы, педагогикалық зерттеу пәні болуы керек деп ұғады.

Екінші талап, білім беру теориясы мен дидактиканың интеграциялану тенденциясын, осы процестегі жалпы ғылыми жүйелік тәсілдің рөлін ескеру. Бұл талап: кез-келген педагогикалық проблема, педагогикалық білімнің жүйелілігі мен бірлігін, білім беру және дидактикалық жүйелерді интеграциялау тенденцияларын ескере отырып қойылуы және шешілуі керектігін меңзейді. Үшінші талап: кез-келген педагогикалық зерттеу педагогикалық шындыққа жүгінуді, оны өзгертуге назар аударуды, эмпирикалық білім деңгейінің әдістерін немесе нәтижелерін қолдануды талап етеді. Талап теорияның практикамен байланысын нығайтуға бағытталған.

Барлық талаптар педагогикада жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер мен тәсілдерді тиімді пайдалану жолдарын талдаудан туындайды. Олардың орындалуы педагогикалық зерттеу әдістерін байыту шарттарының бірі болып табылады.

2 Қазіргі уақытта елде шығармашылық даму және отандық педагогика қағидаттарын практикада дәйекті қолдану үшін соңғы онжылдықтар ішінде неғұрлым қолайлы жағдайлар жасалды. Олар: қоғам мен тәрбиенің дамуының бірлігі; мектептің әлеуметтік функциясын байыту; оқытуды еңбекпен (дуальдік оқытуда және т.с.с.) біріктіру, нақтылы жағдаятты қабылдауға, түсінуге және өзгертуге ықпал ететін, оларға түгелдей және компоненттеріне мән мен мағына беретін, адамдардың ішкі және сыртқы өмір сүруі мен іс-әрекеттері жүйесіне арналған – контексттік оқыту және т.б. [5]. Бұл, біздің қоғамымыздың революциялық жаңару процесін және адамның идеялық-адамгершілік тәрбиесі үдерісін біріктіру қажеттілігін алға тартады.

Мұнда, педагогика принциптерін жаңа жағдайларда шығармашылық дамытуға бағытталған әдіснамалық көзқарас - оларды елде болып жатқан революциялық процестердің жалпы ұстанымдарынан әрі дамыту қажеттілігі бейнеленген. Дәл осы процестер қазіргі уақытта педагогиканың қағидатты ережелерінің бүкіл жүйесіне сапалы жаңа мазмұн беруге, ыңғайға қарай қайта өзгерту, мектептер және бүкіл білім беру жүйесін қайта құру және жеделдетуге мүмкіндік береді.

Ең алдымен мектепті демократияландыру және жалпы оқыту мен тәрбиелеу, білім беру жүйесін ұйымдастыру және оны басқару идеясын дамыту қажет. Бұл педагогиканың көптеген принциптерін, оның ішінде мектептің өмірмен байланысын, оны қоғамның әлеуметтік-экономикалық прогресін жеделдетудің қуатты факторына айналдыру бағыты десек болады.

Педагогикада жаңа әлеуметтік шындықтарды толық ескеру қажет, атап айтқанда, қайта құрудың мәні, сайып келгенде, мүдделерді ескеруден, мүдделерге әсер етуден, олар арқылы басқарудан тұрады. Бұл, педагогикаға жаңа, адамның әлеуметтік және жеке мүдделерін үйлестіру мәселесін шешу үшін оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде көп нәрсені қайта қарастыруға мәжбүр ететін талаптар қояды.

Тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуының құралдары мен әдістерін байытудың кең мүмкіндіктері тәрбиенің әлеуметтік және педагогикалық факторларының интеграциясын, жалпы білім беру мен кәсіби даярлықтың өзара байланысын, гуманитарлық, жаратылыстану және техника-технологиялық білім беруді, қазіргі заманның жаһандық мәселелерін педагогикалық тұрғыдан түсінуді зерттеу мен есепке алуға мүмкіндік береді. Мұның бәрі біздің педагогика принциптерін дамытудың нақты жолдары болып табылады.

Қазіргі жағдайда, жүйенің ішкі бағдарланған бейімделуі қоғамның ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның да дамып келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыруды ескереді, білім беру іс-әрекетінің мұндай бағыты білім берудің барлық буындарын көп жоспарлы, ұзақ уақытты және көп еңбектенуді басшылыққа алуға бірқатар принциптерді алға тартады. Ең маңызды принциптердің қатарына мыналар жатады:

– оқу үдерісін жеке тұлғаға қайта бағыттауға, оның үйлесімді дамуына, өмірлік мүдделерге, адам мінез-құлқының қоғамның жоғары құндылығы ретіндегі мотивіне негізделген *ізгілендіру принципі*;

– *даралау принципі*, тұлғаның зияткерлік, эмоционалды, қажеттілік-ерікті салаларындағы айырмашылықтарды, физикалық жағдайдың ерекшеліктері, әр оқушының психологиялық даму деңгейін, оны оқу-танымдық және еңбек

қызметінің топтық және ұжымдық формаларына, тұлғааралық қатынастар жүйесіне қосу мүмкіндіктерін ескеруді талап етеді;

– әр оқушының қабілеттерін неғұрлым толық көрсету үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған және оның мүдделерін, мотивтерін, құндылықтарын ескере отырып, әр адамның жеке даму жолын таңдау мүмкіндігі мен еркіндігін қамтамасыз ететін *саралау принципі*,

– *гуманитаризация принципі*, гуманитарлық циклдің оқу пәндеріне назар аударуды күшейтуді, жаратылыстану және техникалық пәндерді ғылыми идеялардың күресі ретінде, ғалым-жаңалық ашушылардың адами тағдырын, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің адамның жеке, адамгершілік қасиеттеріне, оның шығармашылық қабілеттеріне, кәсіби құзыреттілігіне тәуелділігін ашатын материалдармен байытуды көздейді;

– *демократияландыру принципі*, педагогтер мен оқушылардың белсенділігін, бастамашылығын және шығармашылығын дамыту, білім беруді басқаруға жұртшылықтың кеңінен қатысуы үшін алғышарттар жасайды;

– қоғамның барлық тәрбиелік күштерін біріктіруге, мектептің, отбасының, еңбек ұжымдарының, партия және басқа органдардың, қоғамдық ұйымдардың жас ұрпақ пен барлық жұмысшыларды тәрбиелеудегі органикалық бірлігіне негізделген *интеграция принципі*.

3 Педагогикалық ғылымның жетекші салаларын дамыту, ең алдымен, педагогикалық білім интеграциясының жаңа деңгейіне қол жеткізумен байланысты. Олар: тәрбие және дидактика, дидактика және жеке әдістемелер теориялары; педагогика теориясы мен тарихы және т.б., мұндай интеграцияның негіздерінің бірі тәрбие мен білім берудегі әлеуметтік және педагогикалық факторлардың диалектикасын, қоғамдағы педагогикалық процестерді дамытудың негізгі бағыттарын ашатын педагогикалық құбылыстардың дамуының жалпы теориясын жасау. Ал, теорияның жетекші заңдылықтары: 1) тәрбие мен білім беру мақсаттарының, мазмұнының қоғамдық өмірдің негізгі аспектілеріне сәйкестігін талап ететін педагогикалық құбылыстардың (тәрбие мен білім беру) мәдениетке және қоғамдық қатынастар тәсіліне тәуелділігін ашу (*педагогикалық құбылыстарды дамытудың негізгі заңы*); 2) оқыту мен тәрбиелеуде материалдық және рухани жақтар бірлігінің міндеттілігі (*тәрбие мен оқыту мазмұны құрамының негізгі заңы*); 3) рухани және материалдық құндылықтарды игеру процесінің оларды тарих пен қазіргі уақытта жасау процесінің логикасына сәйкес келу қажеттілігі (*педагогикалық құбылыстардың жұмыс істеуінің негізгі заңы*) болып табылады.

Теория мен практикадағы қайшылықтарды жеңу үшін оларға жалпы теория бағыттайтын кең әлеуметтік-педагогикалық көзқарас қажет. Оқу үдерісін дамытудың бірқатар бағыттарын ескеру қажет [7]. Біріншісі, тәрбие мен білім беру мазмұнының (міндеттерінің, мақсаттарының, құрамының), қоғамдық өмірдің негізгі: 1) қоғамдағы қызмет түрлері (материалдық-практикалық, әлеуметтік және рухани); 2) қоғамдық қатынастар жүйесі (материалдық және идеологиялық); 3) қоғамдық сананың нысандары (саясат, құқық, мораль, өнер, философия, ғылым, имандылық); 4) пәндік әлеуметтік және табиғи әлем («екінші табиғат» және т.б., жас ұрпаққа берілетін табиғи орта және оны игеру) аспектілерімен арақатынасын көрсетеді. Шындықтың бұл жақтары білім мен тәрбие мазмұнының жалпы құрамының негізі ретінде қабылдануы мүмкін, бұл, білім мен тәрбиенің бірлігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді (атап айтқанда, оқыту мен білім берудің бірыңғай бағдарламасын құру). Жалпы құрамның дамуымен, оны ашудың әдістемелік деңгейіне дейін, оқу-тәрбие үдерісінің дамуының екінші бағыты, оның материалдық және рухани аспектілерінің бірлігімен байланысты. Үшіншісі – білім мен тәрбиенің тарихи-генетикалық мазмұнын ашуға және меңгеруге бағытталған. Атап айтқанда, онтогенез (жеке даму) және филогенез (тарихи даму) кезеңдеріндегі, білімнің жалпы және түгелдей сәйкес келетіні туралы ережені толығырақ ескеру қажет [8]. Төртіншісі де осы бағыттармен байланысты: әлеуметтік-педагогикалық кешендер жүйесінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру (өндірістік-педагогикалық, мәдени-спорттық және т.б.).

Соңғы мәселе, біршама қолға алынды да, әлеуметтік институттардың (жұмысқа тапсырыс берушілер) білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын түзуде өз үлестерін қосып келеді.

Осылайша, аталған бағыттар оқу үдерісінің негізгі аспектілеріндегі өзгерістерді қамтиды және жалпы білім беру жүйесінде педагогикалық құбылыстардың даму тенденцияларын білдіреді.

Қазіргі педагогиканың тәрбие туралы интегративті ғылым ретіндегі даму кезеңіндегі теория – педагогикалық білімнің жеке салаларын интеграциялау мен дамытудың жалпы теориялық және әдіснамалық негізі болуға арналған [6]. Ол, жаңа кезеңнің маңызды ерекшелігін – педагогикалық құбылыстарды дамыту идеясын, теорияда дәйекті жүзеге асыруды, оқу үдерісін тұрақты жетілдірудің жетекші бағыттарына (ұлттық мәдениетті, ұлттық тәжірибені, отбасылық тәрбие мен өнер және т.с.с) бағдарлауды білдіреді [9].

Бұл, болжаудың тиімділігіне негізделген, өйткені болжам педагогика мен мектептің даму заңдылықтары мен тенденцияларына негізделуі керек.

Жаңа кезеңнің тағы бір ерекшелігі, осыған байланысты, - ғылымның алдыңғы және болжамды функциясының күрт өсуі. Сондықтан педагогикалық болжам ғылыми білімнің перспективалы бағыттарының бірі болып табылады.

Ұлттық педагогиканың дамуындағы жаңа кезең ұлттық мәдениеттер теориясын дамытумен байланысты. Мәдениеттерді қарқынды байыту, жаңа педагогикалық ойлауды қалыптастыру жағдайында мұндай интегративті пәнді (мысалы, «Көркем еңбек») дамыту әсіресе өзекті болып табылады.

4) Зерттеу кезеңдерін жақындастыру және оның нәтижелерін игеру, тіпті ғалым мен практиктің бір тұлға кейпінде қосылу мүмкіндігі – қазіргі танымның басты тенденцияларының бірі (Бүгінгі күні «Педагог-ғалым» мамандығы күн тәртібіндегі басты мәселе болып отырғанын ескеру қажет-ақ). Педагогикалық ғылым мен практиканың интеграциясы, олардың бір-біріне қарама-қарсы қозғалысын, мектептің ғылыммен байланысының жаңа формаларын ұйымдастыруды қамтиды [10]. Жоғары оқу орындары мен колледждер жүйесінде бұл оқу-ғылыми-өндірістік кешендер, мектептегі білімі беруде - мектеп ұжымдарының, ғалымдардың, әдістемелік қызметтердің ғылыми-педагогикалық (мектептік) бірлестіктері болып табылады.

5) Ғылыми зерттеулерді тиімді ұйымдастыру үшін еңбек ұжымдары мен кәсіпорындар туралы Заңның, ғылыми ұйымдардағы демократияны, жариялылықты және өзін-өзі басқару нысандарын жүзеге асырудағы еңбек ұжымдары кеңестерінің рөлі негізінде (экономикалық реформа негізінде) педагогикалық ғылымды басқару, жоспарлау және ұйымдастыру нысандарын қайта құру қажет.

### Қорытынды

Сонымен жанашылдықты, фундаментальдылықты, педагогикалық ғылымның дамуының әлемдік деңгейінен озуды, зерттеу нәтижелерінің, жеке ғалымдардың да, жалпы ғылыми-педагогикалық ұжымдардың қызметін бағалауды олардың негізгі критерийлері ретінде қабылдау керек. Мүмкіндігінше, зерттеу жоспарларына шарттық тақырыптарды қосу, шаруашылық есеп нысандары бойынша уақытша топтар мен бүкіл ғылыми бөлімдердің жұмысын ұйымдастырудың, олардың қызметін түпкілікті нәтиже бойынша бағалауға ынталандыру қажет. Зерттеулердің тәжірибелік-эксперименттік базасын, педагогикалық ғылымның инфрақұрылымын (мысалы, қазіргі заманғы полиграфиялық базасын құру сияқты және т.с.с.) едәуір күшейту керек. Осы бағытта педагогикалық зерттеулерді үйлестіруді қамтамасыз ету, Республикалық енгізу қызметін ұйымдастыру (РОӘЖ және т.б.), педагогикадағы инновациялық үдерістерді жан-жақты қолдау және дамытуды қолға алу қажет.

Педагогикалық ғылымның алдында тұрған міндеттерді шешудің аталған бағыттары, біздің ойымызша, көп жағдайда оның дамуының қарқынды жолына көшуді анықтай және тұтастай алғанда педагогика ғылымының дамуының жаңа кезеңін сипаттай алады.

Білім мен ілімнің күшіне деген сенім, ерекше еңбекқорлық, кез-келген істе керемет қабілеттердің пайда болуына мүмкіндік беретінін ұмытпаған жөн.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Жетібаев, К. М., Ортаев, Б. Т., Абдуллин, Г. Т.** Болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдірудің әдіс-тәсілдері : Оқу-әдістемелік құрал. – Түркістан : Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ. – 2012. – 117 б.

2 **Пошаев, Д. Қ.** Болашақ мұғалімдердің ақпараттық мәдениеті: қалыптастыру теориясы, әдіснамасы және практикасы : Монография. / – Шымкент, 2014. – 186 б.

3 **Саипов, А., Пошаев, Д. Қ., Глемисова, А.** Ғылыми және әдіснамалық іс-әрекет мазмұны. // ЕАГИ хабаршысы. – 2019. – № 2. – Б. 62–68.

4 **Пошаев, Д. Қ.** Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. 2- толықтырылған басылым : Оқу құралы. – Шымкент : «Нұрлы бейне», 2011. – 184 б.

5 7M01404 – Көркем еңбек және сызу педагогін даярлау білім беру бағдарламасы. – Шымкент, 2020. – 21 б.

6 **Рысқұлов, А. Қ., Пошаев, Д. Қ., Қалтаева, Г. К.** Оқыту үдерісінде интергративтік тәсілді пайдаланудың мәні. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. – № 5/2. – 2019. – Б. 159–163.

7 **Пошаев, Д. Қ.** Педагогика, педагог және заман талабы : Оқу құралы. – Шымкент : «Нұрлы Әлем» баспаханасы, 2016. – 132 б.

8 «Көркем еңбек» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. – Астана, 2017. – 110 б.

9 **Пошаев, Д. Қ., Узахова, А.С., Байбатшаева, А.Е., Рысқұлов, А., Саипов, А.** Білім беру саласындағы дағдарыс және онан шығу жолдары. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. – № 12/3. – 2019. – Б. 172–173.

10 **Рысқұлов, А.** Жаңартылған білім беру бағдарламасында жаратылыстану-ғылыми және көркем еңбек пәндерін дидактикалық интеграциялаудың мәні. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. – № 15/5. – 2020. – Б. 230–235.

## REFERENCES

1 **Jetibaev, K. M., Ortaev, B. T., Abdýllin, G. T.** Bolashaq muǵalimderdi daıarlaıdy jetildirýdiń ádis –tásilderi : Oqý-ádistemelik qural [Methods and methods of improving the training of future teachers]. – Túrkıstan : Q. A. Iasaıy atyndaǵy HQTU, 2012. – 117 p.

2 **Poshaev, D. Q.** Bolashaq muǵalimderdiń aqparattyq mádenieti: qalyptastyry teoriyası, ádisnamasy jáne praktikasy : Monographia [Information culture of future teachers: theory, methodology and practice of formation]. – Shymkent, 20147 – 186 p.

3 **Saipov, A., Poshayev, D.Q., Tlemisova, A.** Gylymi jáne ádisnamalyq is-áreket mazmuny [Content of scientific and methodological activities]. In EAGI habarshysy. – 2019. – № 2. – P 62–68.

4 **Poshaev, D. Q.** Gylymi- pedagogikalyq zertteı negizderi. 2-tolyqtyrylgan basylym : Oqý quraly [Fundamentals of scientific and pedagogical research. 2nd supplemented edition : Textbook]. – Shymkent : «Nurly beıne», 2011. – 184 p.

5 7M01404-Kórkem eńbek jáne syzy pedagogin daıarlaı bilim berý baǵdarlamasy [7M01404-educational program of training of a teacher of artistic work and drawing]. – Shymkent, 2020. – 21 p.

6 **Rysqulov, A.Q., Poshayev, D.Q., Qaltaeva, G. K.** Oqytý úderisinde interrativtik tásildi pıdalanıdyń máni [The importance of using an interactive approach in the learning process]. In Qazaqstannyń gylymy men ómiri. Halyqaralyq gylymi jýrnal. – № 5/2. – 2019. – P. 159–163.

7 **Poshaev, D. Q.** Pedagogika, pedagog jáne zaman talaby : Oqý quraly.[Pedagogy, teacher and modern requirements : Textbook].– Shymkent : «Nurly Álem» baspahanasy, 2016. –132 p.

8 «Kórkem eńbek» páni boıynsha pedagog kadrlardyń biliktiligini arttırı kýrsynyń bilim berý baǵdarlamasy»Nazarbaev Zıatkerlik mektepteri» DBBU Pedagogikalyq sheberlik ortalyǵy [ Educational program of advanced training courses of teachers on the discipline» Artistic work»]. – Astana, 2017. – 110 p.

9 **Poshaev, D. Q., Ýzahova, A.S., Baibatshaeva, A.E., Rysqulov, A., Saipov, A.** Bilim berý salasındaǵy daǵdarys jáne onan shyǵy joldary [Education crisis and ways out of it]. In Qazaqstannyń gylymy men ómiri. Halyqaralyq gylymi jýrnal. – № 12/3. – 2019. – P. 172–173.

10 **Rysqulov, A.** Jańartylgan bilim berý baǵdarlamasynda jaratylystaný-gylymi jáne kórkem eńbek pänderin didaktikalyq integrasıalaıdyń máni [The essence of didactic integration of Natural Science and art disciplines in the updated educational program]. In Qazaqstannyń gylymy men ómiri. Halyqaralyq gylymi jýrnal. – № 15/5. – 2020. – P. 230–235.

Материал 10.12.21 баспаға түсті.

\**Д. К. Пошаев<sup>1</sup>, А. К. Рыскулов<sup>2</sup>, А. Е. Байбатишаева<sup>3</sup>*

<sup>1,2,3</sup>Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Республика Казахстан, г. Шымкент.

Материал поступил в редакцию 10.12.21.

## КОНЦЕПЦИЯ РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В ПЕРИОД ИНТЕГРАЦИИ И ГЛОБАЛИЗАЦИИ

*В данной статье рассматриваются возможности для обогащения средств и методов всестороннего и гармонического развития личности, изучение и учет интеграции социальных и педагогических факторов обучения, воспитания, взаимопроникновения гуманитарного, естественнонаучного и технологического образования, педагогического осмысления глобальных проблем современности, для разработки и всесторонне обосновать концепцию нового этапа.*

*Одной из основных причин отставания педагогической науки от запросов общественной жизни является то, что практика обучения и воспитания укореняется в педагогике (педагогическом сознании), организации и управлении педагогической наукой, педагогической теории и эволюционных путях развития школы (системы образования). Кроме того, у многих из нас не было подготовки к революционной деятельности, которая привела бы к большим, масштабным и прогностическим «прорывам» развития педагогической науки и практики. Это наглядно продемонстрировало, что мы не готовы к необходимости революционных преобразований во всех сферах общественной жизни, в том числе в сфере образования. Исходя из этого, в настоящее время усиливается социальная необходимость коренного повышения воспитательного и образовательного уровня молодого поколения, давние противоречия между педагогической наукой и современным уровнем развития системы образования. Это противоречие вытекает из двух основных «болевых точек», возникших в педагогике: эффективности механизмов связи педагогической теории с практикой и необходимости новых педагогических идей, их нехватки, проявления «застойных» тенденций, происходящих в педагогической науке.*

*Ключевые слова: интеграция, развитие педагогической науки, концепция воспитания, развития, перестройка методологии педагогики.*

\*D. K. Poshayev<sup>1</sup>, A. K. Ryskulov<sup>2</sup>, A. E. Baibatshayeva<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>South Kazakhstan State Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Shymkent.

Material received on 10.12.21.

## THE CONCEPT OF DEVELOPMENT OF PEDAGOGICAL SCIENCE AT THE STAGE OF INTEGRATION AND GLOBALIZATION

*Annotation: opportunities for enrichment tools and techniques in a comprehensive and harmonious development of the personality opens the consideration of the integration of social and pedagogical factors in training, education, interpenetration humanitarian, scientific and technological education, pedagogical understanding global problems. And to do this, it is necessary to develop and comprehensively justify the concept of a new stage. One of the main reasons for the lag of pedagogical science from the demands of public life is that the practice of teaching and upbringing is rooted in pedagogy (pedagogical consciousness), the organization and management of pedagogical science, pedagogical theory and the evolutionary ways of school development (education system). In addition, many of us had no preparation for revolutionary activities that would lead to large, large-scale and predictive «breakthroughs» in the development of pedagogical science and practice. This has clearly demonstrated that we are not ready for the need for revolutionary transformations in all spheres of public life, including education. Based on this, the social need for a radical increase in the educational and educational level of the younger generation, the long-standing contradictions between pedagogical science and the modern level of development of the education system is currently increasing. This contradiction arises from two main «pain points» that have arisen in pedagogy: the effectiveness of the mechanisms of communication of pedagogical theory with practice and the need for new pedagogical ideas, their shortage, manifestations of «stagnant» trends occurring in pedagogical science.*

*Keywords: integration, integration, development of pedagogical science, the concept of education, development, restructuring of the methodology of pedagogy.*

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/MTRH2790>

### \*Ж. 3. Торыбаева

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН АЛДЫН-АЛУҒА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Соңғы жылдары суицид мәселесі әлемдік ауқымда жетекші орын алатыны анық. Осыған байланысты ҚР-да бірқатар жобалар мен бағдарламалар іске асырылуда. Десекте, ҚР Бас прокуратурасының деректері бойынша жасөспірімдердің суицидін оң серпіні байқалады. Жетекші мамандардың пайымдауында жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау педагог-психологтардың баланың мінез-құлқының психологиялық профилін құру дағдыларының жеткіліксіз болуында, оқушылардың көзқарастарын, құндылықтарын, уәждерін, жасөспірімдердің өмір салтын өзгерту дағдыларының жеткіліксіз болуы.*

*Зерттеу мақсаты: психологиялық диагностика мен түзетудің әдістемелерін қолдану негізінде жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқын алдын алуда болашақ педагог-психологтар даярлығын қалыптастыру жүйесін әзірлеу. Мәселенің өзектілігі, жоғары әлеуметтік маңыздылығы авторға болашақ педагог-психологты психологиялық денсаулықты дамыту және оқушылардың суицидтік мінез-құлқының алдын алу тұрғысынан даярлауды жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді. Жүргізілген жұмыстың табыстылығы әзірленген материалдардың өңірлік айырмашылықтарды ескерумен; профайлинг құралдарын тәжірибеде пайдалану дағдыларын дамытуға бағытталуымен; әлеуметтік тәрбие институттарының өзара іс-әрекетін ұйымдастыруға, қоғамдық қолдауға бағдарлануымен; бағдарламаның іске асырылуын мониторингтеу және бағалау жүйесінің әзірленуімен негізделген.*

*Зерттеу нәтижелері мен тұжырымдар және жасалған ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды педагог-психологтардың, сынып жетекшілерінің, әлеуметтік педагогтардың жұмыс тәжірибесінде,*

*болашақ мамандарды даярлау процесінде, сондай-ақ, олардың біліктілігін арттыру жүйесінде қолдануға болады.*

*Кілтті сөздер: алдын-алу, суицид, жасөспірімдер, педагог-психолог, даярлық, қалыптастыру.*

### **Кіріспе**

Қазіргі әлемде қарқын дамып келе жатқан әлеуметтік өзгерістер психологиялық-педагогикалық проблемалардың барлық шеңберін де өзекті етеді, олар шешуді талап ететіні анық. Әлемдік қоғамдастықтың осындай өзекті мәселелерінің бірі, әсіресе балалар мен жасөспірім жастағы оқушыларға қатысты – суицид мәселесі болып табылады [1].

Жасөспірімдердің суицидтік көріністерін талдай келе, бұл жастағы суицидтік мінез-құлық ересектердегі мінез-құлықпен ұқсастық болғанмен, десекте өзіндік айырмашылығы бар екенін көрсетеді [2; 3]. Яғни, өсіп келе жатқан ағзаға және оның қалыптасу кезеңіндегі жеке тұлғаға тән физиологиялық және психологиялық механизмдердің ерекшелігіне байланысты [4].

Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлық ең бастысы олардың суицидтік белсенділіктің көрінісі болып табылады. Оған суицидтік ойлар, ниеттер, мәлімдемелер, қауіптер, суицидтік әрекеттер мен әрекеттер кіреді. Шынайы суицидалды мінез-құлықпен өз-өзіне қол жұмсау ниеті бірден пайда болмайды, кейде ұзақ уақытты қажет етеді, яғни адам бұл әрекетті ойланп, арнайы «жоспарлайды» [5;6].

Демек, көмелетке толмағандардың өзіне-өзі қол жұмсауға бейімділігінің өсу көрсеткіштері суицидтік мінез-құлықты жасөспірімдердің психологиялық бейіндеу мен түзетудің теориялық-әдіснамалық негіздерін әзірлеу қажеттілігін айқын дәлелдейді.

Осыған байланысты болашақ педагог-психологты оқушылардың суицидтік мінез-құлық алдын-алу жұмыстарына дайындау міндеттерін алдыңғы қатарға шығарады, өйткені превентивтік жұмыстар - қазіргі жағдайда ерекше орынға иеленген және ең тиімді жұмыс формасы ретінде қарастырылады.

### **Материалдар мен әдістер**

Бастапқы (алғашқы) ақпаратты жинақтау әдістер қатарында Қазақстандағы жасөспірімдер арасындағы суицид проблемасына арналған мақалалар болып табылады [7; 8]. Соңғы 8–10 жылда осы мәселе бойынша жарияланымдар саны едәуір өсті, өйткені бұл мақалалардың авторлары біздің мемлекетіміздің түрлі аймақтарындағы мамандар болып табылады және аталмыш мәселені әртүрлі «позициядан» қарастырып, сондықтан мұндай

дереккөздерді зерделеу барысында белгілі дәрежеде аталмыш мәселенің ауқымын анықтауға мүмкіндік береді [9-11].

Тәжірибелік-зерттеу жұмыстарының мақсаты мен қойылған міндеттеріне сәйкес мәселені шешуде мынадай зерттеу әдістерді пайдалану жоспарланған:

1) сауалнама (болашақ педагог-психологтардың аталмыш мәселе тұрғысынан дайындығының нақты жай-күйін айқындау үшін); 2) тестілеу (кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейлерін айқындау үшін «бастапқы қимасын» алу, сондай-ақ жүргізілген эксперименттік жұмыстың қорытындылары бойынша кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейлерін анықтау); 3) педагогикалық модельдеу; 4) эксперимент; 5) студенттердің жазбаша және ауызша жауаптарын, орындалған СӨЖ тапсырмаларын және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс қорытындылары бойынша сараптама жасау, болашақ мамандардың жасақтаған портфолиосын талдау.

### **Нәтижелер және оларды талқылау**

Болашақ педагог-психологты біздің зерттеп жатқан қызметке дайындау процесі, біздің пайымымызда, яғни олардың өз-өзіне қол жұмсауға бейім оқушылармен жұмыс жасауға кәсіби даярлығын сапасын жақсарту кезеңдік сипатта қол жеткізуге болады.

Десекте болашақ педагог-психолог оқушылар арасындағы суицидтің алдын алу мәселелері бойынша кәсіби даярлығын жоғары деңгейде қалыптасуының басты құралы болатын, жоғарыдағы міндеттерді шешуге бағытталған элективті курстарды енгізуді талап етеді.

Осыған байланысты біз тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткен «Психологиялық денсаулықты сақтау және суицидті алдын алу» тақырыбында арнайы курстың бағдарламасын әзірледік (1-кесте). Бұл курс студенттерде туындайтын көптеген мәселелерді ашады, өйткені курстың мазмұны балалардағы жеке қасиеттердің даму ерекшеліктерін, психологиялық денсаулықтың көрсеткіші болып табылатын жан саулығын қамтамасыз ету жолдары мен диагностикалық құралдарымен таныстырады. Сонымен бірге болашақ маман иелерін оқушылар мен ересектер және басқа балалармен қарым-қатынасын реттеуге; баланың мектепке психологиялық дайындығының қалыптасуын, өз ойларын ұжымда нақты жеткізу арқылы депрессиядан шығару арқылы суицидтің алдын алу, сонымен қатар студенттердің топта жұмыс істеу қабілетін жетілдіруге, өз пікірін ұжымның пікірімен үйлестіруді, дау-дамай жағдайларды шешу білігі мен дағдыларын дамытады.

Ұсынылып отырған элективті курстың мақсаты – педагог-психологтың негізгі қызметін жүзеге асыруға ғылыми көзқарасты қалыптастыру,

оқушылардың психологиялық саулығын дамыту мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының көрінісі мен ерекшеліктерін түсіну, болашақ мамандардың практикалық дағдыларын дамыту.

Бағдарлама бойынша лекцияға – 15 сағат, практикалық сабақтарға 30 сағат, оқытушының басшылығымен орындалатын студенттің өздік жұмыстарына – 45 сағат және СӨЖ-ге – 45 сағат бөлінген болатын.

Кесте 1 – «Психологиялық денсаулықты сақтау және суицидті алдын алу» арнайы курсының мазмұны»

№	Тақырыптар мен модульдердің атауы	Практикалық сабақтардың тақырыптары				
			Лекция	Практика	СӨЖ	СӨЖ
1	Психологиялық денсаулықты сақтау, суицидті алдын-алудың мақсаты мен міндеттері	Мектептегі тұлғааралық қарым-қатынастар суицидтің түртікісі ретінде	1 1	2 2	3 3	3 3
2	Психологиялық саулық ұғымы және суицидті алдын-алу	Суицидті алдын алу мақсаты мен міндеттері	1 1	2 2	3 3	3 3
3	Оқушылардың психологиялық саулығын қалыптастырудың жаңа технологиялары	Суицидті алдын алуға жаттығулар мен тренингтер	1 1	2 2	3 3	3 3
4	Жасөспірімдердің суицидалды мінез-құлқын алдын алу мен мазасызданудың пайда болуы	Жасөспірімдер арасындағы суицидті алдын алу жолдары	1 1	2 2	3 3	3 3
5	Жасөспірімдік кезеңіндегі дау-дамайлар	Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтары: түрлері, ерекшеліктері, сипаттамасы	1 1	2 2	3 3	3 3
6	Психологиялық саулық пен суицидтік мінез-құлыққа әсер ететін факторлар	Ата-аналар тарапынан балалардың суицидтік мінез-құлқының алдын-алу	1 1	2 2	3 3	3 3
7	Психологиялық саулық пен суицидтік мінез-құлықты алдын-алу бойынша ғалымдардың зерттеулері	Суицидке әкелетін көрсеткіштер	1 1	2 2	3 3	3 3
8	Психологиялық саулық диагностикасы мен суицидтің алдын алуды зерттеу	Оқушылардың психологиялық саулығын диагностикалау	1 1	2 2	3 3	3 3
9	Оқушыларға емдеу-профилактикалық көмек берудің негізгі қағидалары	Суицид-девиантты мінез-құлықтың көрінісі ретінде	1 1	2 2	3 3	3 3
10	Оқушылардың суицидтік мінез-құлқының алдын-алу бағдарламасы	Суицидтік көріністердің жіктелуі	1 1	2 2	3 3	3 3

11	Психологиялық саулықты арттыру бойынша жұмыс бағыттары мен түрлері (Тренингтер, гимнастика, жаттығулар т.б.)	Постсуицидтік мінез-құлықтың типологиясы	1 1	2 2	3 3	3 3
12	Суицидалды әрекеттер және оларды алдын-алу	Суицидтің алдын-алу бойынша профилактикалық жұмыстар	1 1	2 2	3 3	3 3
13	Суицид және суицидалды синдром жайлы түсінік	Суицидті зерттеу және деректер жинақтау	1 1	2 2	3 3	3 3
14	Инклюзивті балалардың ерекшеліктері	Сенсорлық бұзылуы бар балалардың жалпы білім беру процесіне қосу	1 1	2 2	3 3	3 3
15	Инклюзивті балалардың психологиялық саулығы және оны сақтау мәселелері	Ақыл-ой кемістігі бар балаларды жалпы оқу-тәрбие үдерісіне қосу ерекшеліктері	1	2	3	3
Барлығы			115	330	445	445

Аталмыш курс 2020–2021 оқу жылы барысында БВ011-Педагогика және психология мамандығының 2 курс студенттеріне жүргізілді.

Болашақ педагог-психологты даярлауды онтайландыру үшін біз дәрістер барысында оқу ақпаратының әртүрлі құралдары мен көздерін, атап айтқанда: оқу кітаптары (оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар, хрестоматиялар, анықтамалық басылымдар, электрондық тасығыштардағы ақпарат көздері), көрнекі құралдар (кестелер, плакаттар, модельдер және т.б.), оқытудың аудиовизуалды құралдарын кеңінен пайдаландық.

Лекциялар барысында жасөспірім оқушылардың психологиялық саулығы мен суицидтік мінез-құлықты алдын-алу бойынша теориялық мәселерге байланысты көптеген сұрақтар туындап отырды.

Сондықтан дәрістер барысында ақпараттық-дамытушылық (дәрістер, оқу фильмдерін көрсету, мультимедиа құралдарын пайдалану, өзіндік жұмыс); проблемалық-іздістіру (оқу дискуссиясы, зерттеу жұмысы, шағын топтармен жұмыс істеудегі ұжымдық танымдық іс-әрекет); шығармашылық-өнімді (вариативті жаттығулар, жағдайларды талдау, іскерлік ойындар) оқыту әдістері пайдаланылды.

Ал практикалық сабақтардың барысында белсенді мен интербелсенді оқыту әдістері (рөлдік ойын, проблемалық семинарлар, ми шабуылы, ойын жобалау әдісі) ең тиімді болып табылды, өйткені студенттер оқытушымен диалогқа түседі, танымдық процеске белсенді қатысып, суицидтік мінез-құлық оқушылармен диагностика және түзету жұмыстар бойынша шығармашылық, ізденіс, проблемалық тапсырмаларды орындайды.

Осыған байланысты проблемалық тапсырмалардың келесі түрлері ерекше маңызға ие болды: 1) іздестіру-ойын (әр түрлі ойлауды, шығармашылық қиялды және т. б. дамытуға бағытталған), мысалы, «Суицидті алдын-алудың мақсаты мен міндеттері» тақырыбы аясында студенттерге бірқатар шығармашылық тапсырмалар ұсынылды: бейнероликтерді талқылау (мектептегі буллинг жайлы «Тесто Kids», «Мен осылай өмір сүре алмаймын» бейнебаяндар) және алынған ақпарат негізінде оқушылардың суицидтік ойларын жеңуге арналған ұсыныстарды құрастыру; жасөспірім-оқушылардың суицидтік мінез-құлқының ерекшеліктері, қауіп факторлары және осы жағдайдан шығу жолдарын моделдеуге, яғни кәсіби құзыреттерін арттыру бойынша жұмыс жоспарын әзірлеу. Ал, «Жасөспірімдер арасында суицидті алдын алу жолдары» тақырыбы бойынша ізденіс бағыттағы тапсырма берілген болатын: жасөспірімдер арасында суицидтік мінез-құлқының алдын-алу бойынша тренингтік сабақ жоспарын құру.

«Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқы: түрлері, ерекшеліктері, сипаттамалары» тақырыбы шеңберінде бірқатар ізденіс-зерттеу бағытындағы тапсырмалар көзделген болатын: а) «қауіп-қатер тобындағы» балаларды анықтау; ә) қиын жағдайға тап болған немесе дағдарыс жағдайындағы білім алушының отбасымен жұмыс жоспарын құру; б) шұғыл көмек көрсету, баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күйзеліс жағдайын алдын-алу бойынша жұмыс.

2) коммуникативтік-ізденіс бағыты бойынша (мұғалімдермен, достармен және оқушының ата-аналарымен тікелей және жанама қарым-қатынас жағдайында онтайлы шешім, қажетті стратегияны табуға арналған), мысал ретінде «Психологиялық денсаулық пен суицидтік мінез-құлққа әсер ететін факторлар» тақырыбы бойынша ұсынылған тапсырма мектеп ұстаздары, мектеп психологы, ата-аналардың көрсетілген тақырып аясында бірлескен жұмыс формаларының жобалау (сынып сағаттар, дөңгелек үстелдер, ток шоу және т.б.)

3) «Психологиялық денсаулықты диагностикалау және суицидтің алдын алуды зерттеу» тақырыбы бойынша студенттерге коммуникативтік-бағыттағы (әлеуметтік, оқу міндеттерін шешуге дайындығын қалыптастыруды көздейтін) оқушының мінез-құлқын реттеу қабілетін қалыптастыру бойынша жеке және топтық жұмыс жоспарын әзірлеуге тапсырмалар ұсынылған; өзін-өзі қорғау сезімін тәрбиелеу, бақытты болу қабілетін дамыту; әлеуметтік қолдау іздестіру, өзін-өзі бағалау мен жеке тұлғалық өз-өзін қабылдауын арттыру және эмпатиясын дамыту жіне т.б.

4) танымдық-іздестіру (пәнаралық білімді біріктіруге, кешенді білім мен іскерлікті қалыптастыруға бағытталған). Мысал ретінде, «Мектептегі

тұлғаралық қарым-қатынастардағы суицид себептері» тақырыбындағы практикалық сабақ барысында студенттер бірқатар ғылымдар тұрғысынан (Философия, физиология, психология, әлеуметтану, педагогика) отандық және шетелдік әдебиеттегі жинақталған мәселенің тарихи аспектілерін зерделеу, оқушылардағы суицидтік мінез-құлқының себеп-салдарын анықтау; суицидтік мінез-құлқының көптеген тұжырымдамаларына сипаттама беру тапсырмалары қарастырылған; сонымен қатар мектеп мұғалімдерімен, ата-аналар және қоғамдық тәрбиешілермен бірлескен жұмысында алынған ақпаратты қолдану жолдарын модельдеу.

5) арнайы ізденіс тапсырмалары (оқушылардың психологиялық денсаулығын диагностикалау, оқушыларға емдік-профилактикалық көмек көрсету қағидаларын қолдану, суицидті зерттеу және деректер жинау және т.б. мәселелер бойынша дағдыларын қалыптастыруға бағытталған) педагог-психологтың іс-әрекет алгоритмін әзірлеуге бағытталған, тәуекел тобына жататын оқушыларды анықтау бойынша жұмыстар т.б. Бұл тапсырмалар оқушылардың психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін олардың жас және дербес ерекшеліктерін ескере отырып жалпы іс-әрекет жоспарын әзірлеуді (оқушылардың суицидтік мінез-құлқының алдын-алу үшін жасалған бағдарлама немесе жұмыс жоспары) көздейтін. Көмелетке толмаған оқушылардың бейімделуін анықтаудағы негізгі диагностикалық әдістемелерді қолдану дағдылары; суицидті анықтау әдістемесін, түрлі кілттерді қолдану әдістемесін, суицидтік тәуекел карталарын әзірлеу, Д. Рассел мен М. Фергусонның субъективті оқшаулану сезімін диагностикалау, САН әдістемесін, ПДТ деңгейін (психодиагностикалық тест) және т. б.

ЖОО білімгерлердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу бойынша жұмысқа даярлығын қалыптастыру процесінің маңызды шарты ретінде болашақ маман иелерінің балалар және олардың ата-аналарымен зерттелетін аспектіде педагогикалық қарым-қатынасы болып табылады, бұл студенттерді білім беру мекемелерінде белсенді практикалық іс-әрекетте болуды және оқытудың белсенді түрлерін (қарым-қатынас тренингтері, іскерлік және рөлдік ойындар, педагогикалық жағдайларды талдау және т.б.) іске асыру кезінде ғана болатыны дәлелденді.

Бұл мақала AP09259839 «Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқын түзету және психологиялық бейімдеу жүйесін ұйымдастыру» атты ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыру бойынша орындалған жұмыстар негізінде дайындалды.



**Қорытынды**

Заманауи мектеп жағдайында оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу педагог-психологтар тарапынан ұйымдастырылып және жүзеге асырылатынын ескере отырып, біз мектеп оқушылармен суицидтік мінез-құлықты алдын-алудағы болашақ мамандарды даярлығын қамтамасыз ететін арнайы курс әзірледік.

Бұл технологияны қолдану нәтижесі болашақ психологтың мектеп оқушыларымен суицидті алдын-алу бойынша жұмысқа даярлығын қалыптастыру болып табылады. Осыған орай, аталмыш даярлықты оқушылардың суицидтік мінез-құлқының алдын-алу аясында мұғалімдер, ата-аналар мен басқа мамандармен бірлесе отырып тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін интегративті жеке тұлғалық сапа ретінде және тығыз байланысқан мотивациялық-тұлғалық, когнитивті-танымдық және тиімді-практикалық компоненттер жиынтығы ретінде қарастырамыз.

Оқушылардың суицидтік мінез-құлқының алдын-алу жұмысына болашақ педагог-психологтың даярлығын қалыптастыру процесі оны ұйымдастырудың формалары мен әдіс-тәсілдері бірлігінде басты педагогикалық шарттарын есепке алу негізінде жүйелік сипатта ұйымдастыруды қажет етеді: ЖОО-ның оқу-тәрбие процесінің барлық мүмкіндіктерін пайдалану; ЖОО-ның оқыту бағдарламасына алдын алу-түзету жұмыстарының практикалық қолданбалы бағытындағы білімдер мен технологияларын интеграциялауға ықпал ететін арнайы курстарды енгізу; студенттердің кәсіби дайындық процесінде зерттеу даярлығын қалыптастыруға бағытталған іс-әрекетке тәжірибеде бейімделуі болашақ маман иелерін педагог-психологтың талапқа сай іс-әрекетін игеруге мүмкіндік береді.

Қорытындылар мен алынған нәтижелер негізінде суицидтік мінез-құлықты жасөспірімдермен болашақ педагог-психологтың даярлық деңгейін жетілдіру шарттары айқындалды, педагог мамандардың (сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, әлеуметтік педагогтар) ішкі істер және денсаулық сақтау органдарының қызметкерлерімен өзара әрекеттесуінің моделі ұсынылады; психологтар, жалпы білім беретін мектептердің педагогтары үшін біліктілікті арттыру курстарының бағдарламалары әзірленеді.

**ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ**

1 **Бовина, И. Б.** Профилактика суицида в подростковой и молодежной среде: размышляя над опытом западных моделей // Электронный журнал «Психологическая наука и образование». – 2013. – № 2. – С. 214–227. – URL: [www.psyedu.ru/](http://www.psyedu.ru/).

2 Психологические аспекты детского суицида : технологии профилактики : Сборник материалов международной научно-практической конференции / Сост. И науч. ред. Н. Ю. Синягина, Н. В. Зайцева, Е. Г. Артамонова. – М. : АНО ШНПРОЦ, 2013. – 99 с.

3 **Веселкова Е. А., Века, Л. М.** Психологические аспекты подросткового суицида : методическое пособие. – Барнаул, 2006. – 73 с.

4 **Зотов, М. В.** Суицидальное поведение : механизмы развития, диагностика, коррекция. – СПб., 2006. – 144 с.

5 Суицидальное поведение подростков. Методические рекомендации. / Авторы-составители: Л. К. Стадухина, Н. В. Петрова, Е. Л. Норкина, О. А. Маркова, М. Ю. Бондаренко. – Йошкар-Ола, 2013. – 50 с.

6 **Тормосина, Н. Г.** Психологическая профилактика аутодеструктивного поведения в подростковом возрасте : автореф. дисс. канд пс. н. – Пятигорск, 2013. – 23 с.

7 <https://inbusiness.kz/ru/news/3805-chelovek-v-kazahstane-sovershili-suicid-v-2019-godu>. [Электронный ресурс].

8 Исследование распространенности, глубинных причин и факторов риска и защиты в области суицида и суицидальных попыток в Республике Казахстан. – Астана, Детский фонд ООН (ЮНИСЕФ) в Республике Казахстан, 2014. – 108 с.

9 [http://workingminds.org/images/SPRC\\_Gatekeeper\\_Matrix.pdf](http://workingminds.org/images/SPRC_Gatekeeper_Matrix.pdf). [Электронный ресурс].

10 **Morese R., Longobardi, C.** Suicidal ideation in adolescence : a perspective view on the role of the ventromedial prefrontal cortex // *Frontiers in psychology*. – 2020. – Т. 11. – P. 713.

**REFERENCES**

1 **Bovina, I. B.** Jasóspirimder men jastar arasynda sýysidtiń aldyn alý: batystyq modelderdiń tájiribesi týraly oılay [Bovina I.B. Suicide prevention in the adolescent and youth environment: reflecting on the experience of Western models]. In «Psihologialyq ғылым jáne bilim» elektronny jýrnaly. – 2013. – № 2. – P. 214–227. [Electronic resource]. – Access mode: [www.psyedu.ru/](http://www.psyedu.ru/)

